



КИСИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



1/2012

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ
ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ



Астана



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН	
Нұрлан Сейдін Елдің ертеңгі жетістігі – білім мен ғылымда	5
СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК	
Геннадий Чуфрин КСРО-дан кейін: ТМД-дан Еуразиялық одаққа	12
ІШКІ САЯСАТ	
Әбіләзиз Исаев Француздық мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметшілерді дайындаудың француздық үлгісі	22
Жазира Қуанышбаева Тіптік құндылықтарына байланысты Қазақстан халқының өзін-өзі сөйкестендіруі	37
ЭКОНОМИКА	
Нұржан Әлжанова Жоба үшін несие алу жолдары	47
Сәкен Әбдібеков, Айгерім Тұрысбекова Қазақстан Республикасының қазіргі тандағы коммерциялық банктер арқылы ұсынылған несие саясатын жетілдіру жолдары	53
ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ	
Әлия Исаева, Гүлбану Мәжитова Қазақ халқының баспанасы – киіз үй	58
Ордалы Қоңыратбаев Тұрар Рысқұлов және Мәскеу шығыстану институты	67



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
А. Арысқұлов

Дизайн және беттеу
А. Жұмағалиев, А. Садуақасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-Б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz


Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
кезқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖҚ «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.



МАЗМҰНЫ

Бибігүл Шынтаева
Ресейдегі құжаттамамен қамтамасыз ету ұйымдарының қызметі 74

Әлия Анипина
Таң дәуірі поэзиясының даму тарихы 79

Перизат Шадыбекова
Шөкерім Құдайбердіұлының саяси қайраткерлігінің кезеңдері 87

Жандос Құмғанбаев
Әлихан Бөкейханов және «Қазақ» газеті 97

РЕЦЕНЗИЯ

Жұмабек Кенжалин
Қоғам өмірінің өлшемін айқындаған 104

Түйіндеме 109

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы

Нұрлан СЕЙДІН – жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

Нұржамал АЛДАБЕК – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Рахман АЛШАНОВ – «Туран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Мәулен ӨШІМБАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты

Камал БҰРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор

Қуанышбек ҚАРАЖАН – әл-Фараби атын. Қаз ҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Бағлан МАЙЛЫБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы

Ләйлә МҰЗАПАРОВА – ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты

Марағ ТӘЖИН – ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Зарема ШӘУКЕНОВА – ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
- Нурлан СЕЙДИН – ответственный редактор, заведующий отделом социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Нуржамал АЛДАБЕК – первый проректор Казахского государственного женского педагогического университета, доктор исторических наук, профессор
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажлиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажлиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Қуанышбек КАРАЖАН – профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук
- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ТАЖИН – помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии и политологии КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор

Елдің ертеңгі жетістігі – білім мен ғылымда

Нұрлан СЕЙДИН,

ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

Е

лбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауы биыл «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» тақырыбымен жария болды. Мемлекетіміз алдында тұрған айқын міндеттерді айшықталп, жаңа бастамаларға тың серпін беретін Жолдауға халық ықыласы да ерекше. Жоспары биік, мақсаты мығым Жолдауды насихаттаудың үлкен шарасы еліміз бойынша қарқынды жүруде.

Елбасының биылғы Жолдауының әр тарауы қоғамдағы өзекті мәселелердің шешіміне бағытталған. Әсіресе, маған Президенттің білім және ғылым саласы жөнінде көтерген мәселесі ой салды. Өткен жыл ғылым, білім беру саласы үшін ерекше білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік жаңа бағдарламасын жүзеге асыра бастаған алғашқы жылы болды. 5-ші шақырылымдағы Парламенттің алғашқы сессиясының ашылуында сөз алған Елбасы білім беру саласын «барынша тез модернизациялаушы» деп мінездеме беріп, оның дамуына жоғары баға берді. Бұл жерде қол жеткізген жетістіктеріміз де аз емес. Бюджеттен білім беру саласын қаржыландыру тек осы жылдың өзінде 25 пайызға өсіп, 1 триллион теңгеден асып жығылды. Мектепке дейінгі мекемелер 25 пайызға өсті, ал 1–6 жастағы мектепке дейінгі тәрбие беру жұмысын қамту 47,5 пайызға жетті. Яғни, реформаға дейінгі 1991 жылғы көрсеткіш қайта қалпына келіп қана қойған жоқ, одан асып кеттік (46,6 пайыз). 3–6 жастағы балаларды қамту 64,5 пайызға жетіп отыр, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 55 пайызды көрсетеді. Бұл – өте тез әрі сенімді өсім көрсеткіші.

Елбасының тапсырмасымен мектепке дейінгіден жоғары оқу орындарына дейінгі және одан кейінгі білім беру саласының барлық деңгейінің сапасын тексеру тізбегі құрылды. Бұл орталық және

жергілікті басқару органдарымен тығыз қарым-қатынас орнатуға, оқытудың сапасын түзетуге және арттыруға жасалған салиқалы қадам. Сондай-ақ, қамқоршылар кеңесін құру арқылы білім беру жүйесінің қоғаммен өзара байланысының жаңа механизмді қалыптасуда.

2011 жылы білім және ғылым жүйесінің құқықтық базасы түгелімен дерлік жаңартылды. Ғылым туралы, Назарбаев Университеті, Назарбаев зияткерлік мектебі және Назарбаев Қоры мәртебесі туралы жаңа заңдар қабылданды. «Білім туралы» Заңға өте елеулі өзгертулер енгізілді. Өткен жылы барлығы 7 заң қабылданып, қабылданғаны, әлі қарап жатқаны бар. Үкіметтің 70-тен астам қаулысы қарастырылды.

Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағы республикалары аумағындағы барлық елдерді артта қалдырып, білім беруді дамыту индексінің (БДИ ЮНЕСКО) ең жоғары төртінші қатарында болып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының адам дамыту индексі бойынша біз бүгінгі таңда әлем елдері арасында 68-ші орындамыз. Біздің оқушыларымыз халықаралық деңгейдегі олимпиадалық жарыстарда қолжеткізген жетістіктері жыл санап артып келеді. Өткен жылы олар 912 медальді иемденді. Ал бұл көрсеткіш 2007 жылы бар-жоғы 181 ғана болған.

Бүгінгі таңдағы ең басты мәселе қолжеткен жетістікке тоқмейілеу емес, Жолдауда көрсетілген басымдықтарды толығымен іс жүзінде асырып, болашаққа қадам жасау. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Экономикалық көрсеткішіміздің өсуіне орай біздің қоғамымыздағы мәдени және білім деңгейінің артуына, жаңа қазақстандық зияткер ұлт қалыптасуына ерекше назар аудару қажет» деп ағап өткен. Міне, осы жерден келіп білім берудің еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына қатысу икемі бар жаңа мамандарды дайындаудың арқаулық міндеті шығады. Бұл міндеттің стратегиялық маңызы мен мазмұны Елбасымыздың жылсайынғы Жолдауларында да айрықша айтылған. Басты мақсат – барлық деңгейіндегі білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру және жаңа сапаға көшуге дайындау, ғылыми зерттеулерді әлемдік деңгейге шығару және оны инновациялық үрдістерге қатыстыру.

Бұл ретте, қазіргі уақытта әлемде жүріп жатқан қаржылық-экономикалық дағдарыстың келеңсіз әсерінен көптеген елдерде әлеуметтік бағдарламалар, оның ішінде білімді дамытуға қатысты шаралар елеулі жағдайда қысқартылуда және азаюда. Тіпті мұндай көріністер қуатты Еуро Одақ елдері сияқты алпауыт мемлекеттердің өздерінде де жүріп жатыр. Соған қарамастан, Қазақстан

Республикасының Президенті, Елбасы Н. Назарбаев өзінің биылғы Жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайын одан әрі дамыту мен арттыруға қаржыны одан әрі көбейтуге, оның ішінде отандық білім мен ғылымды қолдауға бағытталған әлеуетті де маңызды бағдарлама ұсынып отыр. Бұл адам капиталын ұдайы дамытуға бағытталған Елбасының тұрақты да сындарлы саясатының жарқын көрінісі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауында оқыту үдерістеріне қазіргі замаңғы әдістемелер мен технологияларды енгізу мәселелері кеңінен баяндалған. Осы бағытта мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылууда. Арнайы министрліктер мен оқу орындары әдістемелер мен технологияларды жіті меңгеріп, халықаралық тәжірибені толық зерделеуде. Аталған бағыттағы ауқымды жұмысты еліміздің білім беру жүйесінің көшбасшылары – Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері атқарып келеді. Мұнда өте білікті оқытушы және ғылыми құрам шоғырланған. Аталған мекемелер тарапынан оқыту, зерттеу және инновация мен оны іс жүзінде игеру салаларында ең алдыңғы қатарлы жетістіктер мен тәжірибелерді үнемі іздеу жүргізілуде. Қазақстанның жинақталған тәжірибесіне ыңғайлы, әлемдік ең жоғарғы үлгіге сәйкес келетін ұжымдық басқару жүйесі құрылууда.

Бүгінгі таңда Елбасымыздың ерекше назар аударғанын ескере отырып, Білім және ғылым министрлігі Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін бүкіл Қазақстанның білім беру жүйесіне тарату үшін олардың жетістіктерін жалпыға білім беру үдерісіне енгізуде. Назарбаев Университетінің жұмыстарын жаңа құрылып жатқан зерттеу және инновациялық университеттер арқылы да көпшілікке паш етпекші. Назарбаев Университетінің басқарудағы өзіндік үлгісі бүгінгі күннің өзінде Бақылаушылар кеңесін құру арқылы еліміздің іргелі жоғары оқу орындарының ұжымдық басқаруларында қолданылууда.

Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында назар аударған тағы бір маңызды мәселе, ол педагогтардың сапасы мен біліктілігін арттыру. Бұл білім беру нәтижесінің негізгісінің негізгісі. Осымақсатта министрлік қазіргі мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесіне түбегейлі басқа қырынан келіп отыр. Бұған дейін бұл сала тиімсіз болды, әрі бұған салғырт қарап келген еді. Енді, дүниежүзілік тәжірибе негізінде қайта дайындаудың ешкімге ұқсамайтын жаңа бағдарламалары мен әдістемелері дайындалды. Қазірдің өзінде Назарбаев Зияткерлік мектебі жанындағы Педагогикалық шеберлік орталығымен, аймақтардағы орталықтармен бірлескен Біліктілікті

арттырудың ұлттық орталығы құрылды. Осындай жаңа жүйе арқылы еліміздегі мұғалімдер жасағының жартысын 5 жыл ішінде жаңа деңгейде қайта дайындықтан өткізіп шығару қарастырылуда. Білім және ғылым министрлігі үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен бастап педагогикалық жоғары оқу орындары мен кафедралардың оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттырудың жаңа деңгейіне көшуді жоспарлауда. Бұл үшін бюджеттен мақсатты да ауқымды қаражат бөлінуде.

Жоғары және ішінара кәсіптік-техникалық білім беруде әлі күнге дейін білім беру қызметін көрсетуші мекеме ретінде өз түлектерінің білім сапасын өздері бағалайтын жүйе жұмыс істейді. Әлем бұл тәжірибеден әлдеқашан бас тартқан. Ол жерде түлектерге жан-жақты әділ бағаны осы салада жұмыс істейтін өз ісінің шеберлері мен жұмыс берушілер ғана бере алады деп санайды. Ал бұл бізде әлі қалыптаспағандықтан да қазақстандық жұмыс берушілер тарапынан жас мамандарды даярлау сапасының төмендігіне, жұмыс орнында оларды «қосымша оқыту», нарықтық және өндірістік шындыққа бейімделу қажеттіліктеріне орай сындар көп айтылады. Сондықтан Президент тапсырмасына орай қанатқақты ережеге сәйкес салалық ассоциация арқауында жұмыс берушілердің қатысуымен біліктілікті растайтын бірнеше тәуелсіз орталықтар құрылады. Бұндай ресімдемелерден өткен оқу орындарының түлектеріне жеке біліктілігіне кәсіби растама берумен қатар өз істерінің шеберлерімен мойындалады. Бұл – жұмысқа орналасуға жоғары мүмкіндік береді деген сөз. Сондай-ақ, бұл еңбек нарығындағы суранысқа жас мамандар деңгейін біртабан жақындатады. Бірақ бұл жүйенің жалпыға бірдей енгізу туралы шешімі қанатқақты жобаның қорытындыларын жан-жақты талдау мен көпшілік талқысынан кейін барып қолға алынады.

Еңбек ресурстары сапасынан Қазақстанның инновациялық болашағы тікелей байланыста болғандықтан да түбегейлі жаңа әдіс және технология қажеттігі туралы мәселеге Елбасы өз Жолдауында баса назар аударды. Бұл қазіргі дүниежүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның аса жарқын мысалдарының бірі – Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуальдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Қазіргі таңда қазақстандық техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде басқарудың су жаңа құрылымы – жұмыс берушілердің

қатысуыменен салалық және аймақтық кеңестер, ұлттық кеңес құрылуда. Олар Германия, Норвегия, Сингапур және т.б. елдердің ең озық тәжірибелерін енгізу мәселелерін толық пысықтайды. Бұл жүйе әр аймақта дуальдық жүйені қоса отырып 2–3 колледжді сол аймаққа бейімдейді, кейін олардың тәжірибесін басқа кәсіптік білім беру ұйымдарына тарағайды.

Өндірістен қол үзбей оқытудың тағы бір әдісі – қазіргі заманғы ақпараттық, мультимедиялық, интерактивтік технологияларды қолдана отырып алыстан оқыту, бұл жоғары және кәсіптік білім беруде біршама жоғары сапаға ие болуға мүмкіндік береді. Министрлік бүгінгі өзінде елімізде алыстан оқытудың заманауи әдістерін меңгеру жолдарын қарастыруда.

Біздің мектептерімізде теориялық негізде беріліп жатқан білім деңгейі өте жоғары, мұны халықаралық олипиадalarda жеткен жетістіктеріміз айғақтайды. Бірақ, ақылды оқушының алған білімін өмірлік жағдайда, әлеуметтік бейімделу мен қайраткерлік үдерісте қолдануы әлі жеткіліксіз. Сондықтан да Президент тапсырмасына сәйкес Оқушылардың функциялық сауаттылығын дамыту жөніндегі 5 жылдық ұлттық іс-қимыл жоспары талқыланып, қабылданады. Жоспар шеңберінде әдістемеге концептуалды келуді елеулі түрде қайта қарау, соған сәйкес, білім беру мазмұны мен стандарттары бейімдеу, «білімдарлықтан» өмір бейімділігіне ауысу сияқты міндеттер тұр. Бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүруде.

Елбасымыздың биылғы жолдауы Тәуелсіз Қазақ елі үшін айшықты мәселелерді ашып берді. Жастар үшін, жастар саясаты турасында маңызды мәселелерді қадап айтқан болатын. Соның ішінде жастарды жатақханамен қамтамасыз ету мәселесінде шегеленіп айтылған болатын. Осыған байланысты үкімет тарапынан жатақханалар желісін кеңейту туралы мәселе де өз шешімін табуда. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындары мен колледждердегі студенттердің 211 мыңы ауылдық жерден қалаға келіп оқитындар, олардың көпшілігі жатақханамен қамтамасыз етілмеген. Сол себепті 2015 жылға дейін Елбасының тапсырмасына сәйкес 93 жатақхана тұрғызу жоспарлануда, оның ішінде Алматы және Астана қалаларында 2 студенттік қалашық салынады. Бұл өз кезегінде түйінді мәселенің үшкір тұстарын жоюға мүмкіндік береді.

Жолдауды іске асырудағы Президент тапсырмаларының ішіндегі ең маңыздысы әрі басты бағыт – бұл оқыту үрдісінде тәрбиелеу компоненттерін күшейту. Патриоттық, азаматтық тәрбиені, оның ішінде экстремизмге қарсы тұру және оқытудың басқа да құрамдас

бөлігін үнемі одан әрі дамыту айтылған. Жоғарғы оқу орындары мен мектептер бір жағынан міндетті түрде тәрбие компоненттері қосылған білім беру үлгі-қалыптары мен бағдарламаларының негізінде оқытудың мазмұны мен мақсаттарын жетілдірсе, екінші жағынан жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес сектор Білім министрлігімен күш біріктіре отырып, жастармен тәрбие жұмысын одан әрі жақсартуға түсуді көздеуде.

Ғылыми-зерттеу институттары мен әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы кафедралар алдына тәрбие жұмысы, экстремизмге қарсы әрекет, дінтанудың маңызды мәселелері туралы ғылыми зерттеулерді дамыту туралы міндеттер қойылуда. Мұндай зерттеулер заманауи теориялық базамен қатар, іс жүзінде әрекет етуге мүмкіндік беретін ғылыми негізделген ұсыныстар береді.

Оң көзқарастағы жастар бастамасын қолдауда тәжірибе жинақталуда. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 2011 жылы бірнеше жастар жобасына қолдау көрсетілді және 19 ресурстық, оның ішінде 16 аймақтық, 3 республикалық орталықтар құрылды. Аталған орталықтардың міндеті – жергілікті жастардың бастамаларына талдау жасау, олардың ең үздіктеріне республикалық және жергілікті деңгейде қолдау көрсету. «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жастар кадрлық резерві» сияқты жобалар жүзеге асырады. Жаңа сайланған Парламентке «Мемлекеттік жастар саясатына қатысты кейбір Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы ұсынылды.

Елбасының тікелей қамқорлығының арқасында ғылымды қаржыландыру соңғы жылдары айтарлықтай, тіпті ішкі жалпы өнімнің өсу жылдамдығымен жарыса көбейіп келеді. 2011 жылғы ғылыми зерттеулерге жалпы бюджеттен бөлінген қаржы 28,8 миллиард теңгені құраса, 2012 жылы 41,8 миллиард теңгеге жетіп отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 45 пайызға өскендігін көрсетеді. 2015 жылы ғылымға бөлінетін шығын көлемін ішкі өзіндік өнімнің 1 пайызына жеткізу міндеті қойылған. Бұл шетелдік мемлекеттердің зерттеу көздерін қаржыландыру деңгейіне жақындап қаламыз деген сөз. Өткен жылдан бері базалық, гранттық және бағдарламалық-мақсаттық қаржыландырулардан тұратын жаңа жүйе енгізілді. Ол заманауи дүниежүзілік әдіснаманың тетіктерін игеру мен қаржы көздерін бөлуде жұмсақтықты қамтамасыз етеді. Осылайша, ел ғалымдарына жаңа мүмкіндіктер ашатын және оң өзгерістерді қамтамасыз ететін шын мәніндегі база құрылды. Отандық ғалымдардың өте жоғары деңгейде зерттеулер жүргізуіне,

дүниежүзілік ғылыми кеңістікке тез жақындасуына мүмкіндік беретін бұл база одан әрі ұлғайтылады.

Бір жылдан аз уақыт ішінде «Ғылым туралы» жаңа Заң қабылданды. Сол жылы заңмен белгіленген нормалар мен тетіктерді талдайтын бірнеше ондаған нормативтік-құқықтық актілерді қалыпқа келтіру мен бекіту кезеңі басталды. Осылайша Қазақстан ғылымда ғана емес, ғылыми кадрларды дайындау жүйесінде ескі ғылыми дәрежелер мен атақтардан бас тартып, жалпы әлемдік тәжірибеге ұқсас философия докторларын, қауымдастырылған профессорлар мен жаңа формациядағы профессорларды дайындауға көшті. Бұл да үлкен маңызы бар өзгеріс.

Елбасының Жолдауында ғылымды мемлекеттік қолдау мен инновациялық жүйенің мықтап қалыптасуына жүйелі тапсырма қойылған. Оның ішінде экономикаға ғылыми нәтижелерді тиімді енгізу үшін мүмкіндік туғызатын инновациялық гранттардың шығын мөлшерін ұлғайту. Бұл дегеніміз, қазақстандық ғалымдардың қоғамға қажеттілік деңгейін көтереді, олардың шын мәніндегі беделін арттырады және еліміздің инновациялық дамуындағы үлесін көрсетеді.

Жалпы, Президенттің биылғы Жолдауы елімізді әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың нақтылы бағыт-бағдарын айқындаумен бірге білім берудің көкжиегін кеңейтудің байыпты бағдарламасына айналып отыр. Сондықтан университет басшылығының, барлық профессор-оқытушыларының, құрылымдық бөлімдердің, ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттардың барлық ұйымдастырушылық, ғылыми-педагогикалық қызметі Жолдаудан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруға бағытталуда.

КСРО-дан кейін: ТМД-дан Еуразиялық одаққа

Геннадий ЧУФРИН,

РҒА Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының бас ғылыми қызметкері,
РҒА мүше-корреспонденті,
экономика ғылымдарының докторы,
профессор

Кеңестік қоғамдағы 1980–1990 жылдардағы ұзақ уақыт жинақталып шешімін таппаған салмақты экономикалық, әлеуметтік, ұлттық және саяси қайшылықтар мен түйінді мәселелердің нәтижесінде «XX ғасырдың ірі геосаяси апаты» – Кеңестер Одағының ыдырауы орын алды.

Бұрынғы біртұтас державаның территориясында ондаған жаңа мемлекеттер пайда болып, өз саяси тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңіне-ақ олардың алдына бұрынғы болмаған экономикалық даму, қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қамсыздандыру мен саяси аласапыранға жол бермеу секілді аса өзекті мәселелер тұрды.

Жаңа өмірге аяқ басар алдындағы бұрынғы кеңестік республикалардың бастапқы экономикалық жағдайлары барлық жағынан: шикізаттық ресурстармен қамсыздану, оның ішінде жанармай-энергетикалық, азық-түліктік база, ұлттық өндіруші өнеркәсіптің даму және сыртқы әлеммен шаруашылық байланыстардың деңгейіне қарай әр түрлі болды. Сондықтан да, жаңа тәуелсіз елдердің өзара тиімді және өзара қолайлы мемлекеттік байланыстың үлгісінде болу тиімді еді, өйткені посткеңестік кеңістіктегі мүлдем жаңа саяси жағдайды мойындаумен қатар, КСРО-ның біртұтас халықшаруашылық кешені негізінде ұзақ мерзімдік экономикалық өзара ықпалдастық пен өзара толықтырулар арқылы қол жеткізілген тиімді нәтижелерді сақтауға (кейіндері дамытуға) мүмкіндік беретін еді.

Өздерінің посткеңестік дамуының алғашқы кезеңінде осы аталынған қатерлерге жауап ретінде қандай да бір сай келетін жау-

ап табу мақсатында бұрынғы кеңестік республикалардың көпшілігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына бірікті. Жаңа жағдайда өзара біртұтастықты сақтауға бағытталған бұл жүйе өзінің заңдық қатынастардағы енjarлығына байланысты мақсатына жете алмады. Академик Е.М. Примаковтың пікірінше, ТМД құрылғандығы туралы келісімге КСРО-ны жою туралы Беловежскі келісімімен бір күнде (1991 жылдың 8 желтоқсаны) қол қойған – Б. Ельцин, Л. Кравчук және С. Шушкевич секілді тұлғалар мүлдем басқа мақсаттарды көздеді, олар «бір жағынан таратудың өркениеттік формасын қалыптастыру, ал екінші жағынан – 1922 жылғы КСРО-ны құру туралы Келісімді жоюға қарсылықты алдаңқыратуға, яғни біз КСРО-ны жәй ғана жойып отырғанымыз жоқ, оның орнына алмастыратын ТМД құрдық деген желеу іздеді» [1]. Сонымен қатар одақтық мемлекеттің ыдырауынан соң посткеңестік кеңістікте сепаратизм мен өзара территориялық таластар мәселесі шиеленісіп, бұл өз кезегінде кейбір кеңестік мемлекеттерге, оның ішінде Ресейдің өзінде де шиеленістер мен ашық қарулы қақтығыстарға және соғыстарға алып келді.

Міне, сондықтан да 1990-шы жылдарда посткеңестік аймақта кез-келген саяси және экономикалық тығыз мемлекетаралық байланыстарға деген талпыныстар нәтижесіз болды. Мысалы, біртіндеп еркін сауда аймағы, кедендік, төлемдік және валюталық одағын құру мен тауар, қызмет және капиталдың ортақ нарығын қалыптастыруға бағытталған 1993 жылғы қол қойылған Экономикалық одақ құру туралы келісім жүзеге асқан жоқ.

Экономикалық ынтымақтастықтың орталық кеңесін құру мәселесінде келісімге келе алмады, біртұтас валюта ретінде рубльдің сақталуы мен ортақ Центробанк құру принциптері туралы Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдовия, Ресей және Өзбекстан басшылары қол қойған келісім де орындалмады. Әскери салада ортақ қарулы күштер құру жоспары бойынша келісім жасалмады және қарулы күштердің бас қолбасшысы лауазымы жойылды [2].

ТМД-ның нәтижелілігі оның құрылған уақытының өзінде-ақ аз мөлшерде еді, ал жылдар өткен сайын ол одан да азайып кетті. Бастапқы кезден-ақ ұлттық деңгейден жоғары өкілеттілігі болмағандықтан, бұл ұйым қазіргі таңда тек өзара келісім алаңы қызметін ғана атқарып отыр, оның үстіне жыл өткен сайын оның мүшелер саны да азайып келеді. Мысалы, Өзбекстан соңғы кездерде өзінің ТМД қызметіне және де оның бұрындары қызығушылық танытқан жобаларына деген (мысалы, Еуразиялық экономикалық

одақ) қызығушылығының төмендегенін танытып отыр. Түркмения өзінің ТМД жұмысына қатысуын қауымдастырылған мүше деңгейінде шектеуін сақтап отырса, Грузия 2008 жылдың тамыз айындағы Кавказда орын алған жағдайдан соң оның құрамынан мүлдем шығып кетті. Ал ТМД басқа мүшелеріне келер болсақ, олардың қабылдаған шешімдері орындалуға міндетті емес шартты мағынадағы ұсыныстар түрінде болып, ал олардың орындалуын бақылайтын ешбір тетіктері нақтыланбаған.

Тек жаңа жүзжылдықтың бірінші онжылдығының басына қарай ғана посткеңестік кеңістіктегі сыртқа тепкіш күштер үдерістері ішке беттелген немесе ортаға тартқыш бағытына ойысты. Бұрынғы кеңестік елдер арасындағы экономика, саясат, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік салалары бойынша екіжақты байланыстар қалпына келтіріліп, орныға бастады.

Алғашында бұл үрдіс олардың арасындағы көпжақты формат түріндегі байланыстардың дамуына қатысты болды, бұл жердегі маңызды оқиғалар ретінде 2000 жылы құрамына Ресей, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан (ал 2006–2008 жылдары Өзбекстан кірген) Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың не-месе 2003 жылы осы мемлекеттер мен Арменияның қосылуымен құрылған Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісім ұйымын атауға болады. Бұл аталынған ұйымдардың пайда болуы бұрынғы кеңестік елдер арасындағы екіжақты байланыстардың дамуымен қатар, нақты көпшақты іскерлік ынтымақтастықтың қалыптасуы мен нығаюы мәселесінің өзектілігі арта түскенін танытты.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің көпжақты негізде мемлекетаралық экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға деген объективті қажеттілігі бірінші кезекте 2008–2010 жылдардағы жаһандық дағдарыстың бүлдіршілік салдарларынан арыла алмаған әлемдік экономикадағы тұрақсыздықтың сақталуымен және де әлемдік дағдарыстың жаңа толқынының, оның ішінде халықаралық қаржы саласын қамту мүмкіндігі нәтижесі жағдайындағы ішкі өндіріс пен экспорттық кірістердің төмендеуі қатеріне ұжымдық күш-жігерді қарсы қою қажеттілігінен туындап отыр.

Бұл мұқтаждық сонымен қатар еңбекке жарамды тұрғындардың қоныс аударуы мәселесіне қатысты келісілген саясат ұстану, кейбір бұрынғы кеңестік елдерде өзінің көршілеріндегі шегіне жеткен әлеуметтік шиеленістікті төмендетуге көмек көрсету мен оның салдарларын жоюға қатысты қажеттіліктен туындады. Су ресурстарына бақылау және оларды пайдалану немесе қоршаған

ортаның жағдайының нашарлауымен күрес секілді трансшекаралық мәселелерді шешу барысындағы мемлекетаралық деңгейдегі ынтымақтастықты нығайту мен қажетті әрекеттерді үйлестіру қажеттілігі барған сайын өзекті болып келеді.

Сондықтан да, XXI ғасырдың бірінші онжылдығының соңына қарай бұрынғы кеңестік территориядағы ортаға тартылу әрекеттері ІКӨ көрсеткіші барынша жоғары елдер – Ресей, Қазақстан және Белорусь (Украинаны қосқанда) мемлекеттерінің бірігуіне алып келді, бұл өз кезегінде интеграциялық мазмұндағы өзара тиімді көпжақты экономикалық ынтымақтастықтың нығаюы мен дамуына ықпал етті. Өз елдерінің экономикалық жағдайына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларға талдау жасаған соң және оны түбегейлі жақсарту мәселесін басшылыққа ала келіп, Ресей, Қазақстан және Белорусь елдерінің басшылары бастапқы кезеңде Кедендік одақ (КО), артынан – Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК), ал ең соңында түпкілікті мақсат – Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құру туралы шешімге келді.

РФ үкіметінің төрағасы В. Путин және Қазақстан мен Белоруссия президенттері Н. Назарбаев пен А. Лукашенко 2011 жылдың қазан айында «Известия» газетіне осы үрдістердің барысын талдаулық пікір үлгісінде сұхбаттар берді. Бағдарламалық мазмұндағы бұл мақалаларда посткеңестік кеңістіктегі көпдеңгейлі және түрлі бағыттық интеграция бойынша жүріп өткен жолға баға беру ғана емес, сонымен қатар негізгі мақсаты Еуразиялық одақ құру болып табылатын бұдан кейінгі интеграциялық мақсаттардың негізгі стратегиялық принциптері де қарастырылған. Мақала авторларының кейбір мәселелеге қатысты көзқарастарының айырмашылықтарына қарамастан, олардың КСРО ыдырауынан кейінгі екіонжылдық бойы бұрынғы кеңестік кеңістікте жүргізіп келген саясат пен желеу әрекеті арасындағы суайрықтың пайда болуы, және де мүдделі мемлекеттер арасындағы көпдеңгейлік ынтымақтастықты белсендендіруге аяқ басуға деген талпыныс біріктіреді.

Тиісінше, В. Путин «замамнауи элемнің полностерінің бірі болуға лайықты қауқарлы ұлтаралық құрылым» – Еуразиялық одақты 2015 жылға қарай құру – оған қатысушыларға экономикалық және валюталық саясатты үйлестіруге, толық қанды экономикалық одақ құруға мүмкіндік береді деген пікір білдірді [3]. Ал Н. Назарбаев болса, өзінің ТМД мемлекеттері негізінде Еуразиялық одақ құру туралы пікірін 1994 жылдың наурызында білдіргенін еске сала отырып, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық мұраттарға адалдығын та-

нытып қана қоймай, сонымен қатар бұл жобаның түрлі аспектілерін дамыту мен нақтылауды жалғастыруға дайын екендігін білдірді [4]. А. Лукашенко Беларусь үшін «нағыз табиғи даму жолы ретінде өзіне жақын көршілермен терең де жемісті» интеграцияға бару қажеттілігінің мойындалған мәселе екендігі туралы айта келіп, бұндай интеграцияға қосылу 1990 жылдардың бірінші жартысындағы өткізілген екі референдум барысында халықтың басым көпшілігінің қолдауына ие болғандығын атап өтті [5].

Ресей, Қазақстан және Беларусь арасындағы тығыз экономикалық байланыстың қалыптасуының бастамасы 2010 жылы Келендік одақ құру арқылы жасалған болатын. Өз кезегінде осы мақсаттарға қатысты жасалынған мемлекетаралық келісімдердің жүзеге асырылуы оның мүшелері тарапынан әртүрлі қарқындық деңгейде жүргізілгендігіне қарамастан, біртіндеп орындала бастады. Бір айта кетерлігі – әрекет ету бағыты белгіленіп және нақты анықталғандығына қарамастан, тәжірибе жүзінде КО кіретін елдердің мүдделерін барынша қамсыздандыру мен үйлестіру үшін реттеуші шаралар мен тәртіптерге ұдайы түрде түзетулер енгізіліп отыру қажет болды.

Белгілі-бір интеграциялық шаралар жүргізу барысында Келендік одақтың әрбір мүше-мемлекетіндегі ұлттық кәсіпкерлер мен тауарөндірушілердің өзіндік ерекшеліктерін зерделі түрде есепке алу қажет болды. Сонымен қатар ұлттық экономикадағы өзгерістер де өз кезегінде тұтынушы тауарлар мен қызметтердің құнына ықпал ететіндігін де зерделенген түрде есепке алынуы керек еді. Өйткені, бұлай істемеген жағдайда КО елдеріндегі ұлттық өнеркәсіптің дамуы тежеліп, инфляцияның дамуына ықпал етумен қатар, таза экономикалық салағы қатысты басқа да апагтық салдарлардың пайда болуы мен әлеуметтік-саяси шиеленістікке де алып келуі мүмкін еді.

Басқаша айтқанда, посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үрдістің жүріп жатқанына қарамастан, интеграция өзгерістер алдында тұрған қиындықтарды және де Келендік одақтың мүше-мемлекеттері жолығатын қатерлерді есепке алып, бағаламау үлкен қателік болар еді. Сонымен қатар Келендік одаққа деген қатынас құрылтайшы-елдерде түрлі көзқарасқа ие. Келендік одақтың жетістіктері мен кемшіліктері туралы талас оның ресми түрде жұмыс істей бастағанына қарамастан тоқтамай келеді. Оның мақсаттылығы мен өміршеңдігі туралы түрлі саяси күштер мен ағымдардың академиялық орта мен іскерлік топтардың өкілдері өз пікірлерін білдірді және де білдіріп келеді. Келендік одақтың құрылуы тура-

лы сын пікірлер шетелдер тарапынан, оның ішінде АҚШ пен ЕО елдерінен де айтылды. Бұл жердегі ең қисынсыз мәселе ретінде сыншылар бұл одақтың құрылуы оның мүшелерінің мүддесіне жауап берудің орнына, олардың өзіндік қызығушылықтары арасындағы қайшылықтарды туындатады деген пікірді келтіруге болады.

Келендік одақты сынаушылардың мысалдарына зерделі және аламамай назар аударатын болсақ, олардың пікірлері арасында баса назар салуды және шешімін табуды талап ететін маңызды мәселелердің орын алып отырғандығын мойындауымыз қажет. Бірақ та, КО қатысты барлық қарсы пікірлермен келісуге болмайды.

Келендік одаққа қатысты айтылған қарсылықтар мен наразылықтарды талдай отырып, оларды келесідей негізгі категорияларға топтауға болады.

Айтылған ескертпелердің ішіндегі барынша салмақтыларының қатарына біріншіден, посткеңестік елдердің өзара іскерлік байланыстарын қолдауға (әрине, кеңейтуге де) ешқандай экономикалық қызығушылықтың жоқтығы туралы пікірді жатқызамыз. Бұл пікірді ұстанушылар өз ойларын посткеңестік кезеңдегі ТМД елдерінің өзара сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстары көлемінің айтарлықтай төмендегені байқалғандығы мен олардың сыртқы сауда айналымындағы үлес салмағының кемуімен негіздейді.

Бірақ та, олар бұрынғы кеңестік республикалардың (қазіргі тәуелсіз елдер) шаруашылық байланыстарының біршама ұзақ тарихы бар екендігін, яғни олардың бірнеше ондаған жылдар бойы біртұтас халықшаруашылық кешен аясында жемісті жұмыс істегендігі фактісін елемей отыр. Еуропалық одаққа кіретін елдерден бір айырмашылығы посткеңестік мемлекеттерге өзара шаруашылық байланыстарды қалыптастырудың қажеті жоқ, тек оны қайта қалпына келтіру керек еді. Өйткені олардың 1990 жылдардағы қиратылуға ұшырауына Кеңестер Одағының ыдырауына ұлттық республикалардың қарқынды саяси егеменділігі ықпал етті, ал бұл өзара шаруашылықтық мүдделердің жоқтығын немесе жойылғандығын білдірмейді.

Тіпті де, соңғы жиырма жылдық тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өзара шаруашылықтық байланыстардың айтарлықтай қиратылуы нәтижесінде ұлттық экономикаға барынша зиян келтірілген, яғни, барлық посткеңестік елдердегі ұлттық өнеркәсіптің алдыңғы қатарлы салаларының жойылуына алып келген үрдіс болған. Нәтижесінде олар, оның ішінде Ресей де бар, әлемдік экономиканың перифериясына айналуының қайтарымсыз келешегіне аяқ басқан еді. Ал ұлттық эконо-

номиканы дағдарыстан шығару, оны құрылымдық жағынан қайта құру мен жаңғырту, экономикалық және технологиялық прогрестің траекториясына өз күшімен шығу немесе бұл мақсаттар үшін шетелдік инвестицияларды тарту арқылы жүзеге асыру көп жағдайда тек бұлдыр үміт күйінде қалды. Осындай жағдайда бұрынғы болған өзара өнеркәсіптік, технологиялық, сауда және басқа да шарушылықтық байланыстарды жаһандық қатерлерге қарсы қолданудың тиімді формасы ретінде белгі-бір үлгіде қайта қалпына келтіруге деген қызығушылықтың қайта туындауы заңды мәселе болып саналады.

Бұл құбылыс бұрынғы кеңестік республикалардың (оның ішінде Ресей де бар) барлығына да тән. Олардың барлығы посткеңестік елдердің нарығына деген қолжетімділікті және оны кеңейтуді, олармен өнеркәсіптік кооперацияны жүргізу, және де басқа елдердің аумағында өндірілетін энергошикізаттық және ауылшаруашылықтық ресурстар есебінен өзінің өсу үстіндегі қажеттіліктерін қамсыздандыруға деген қажеттілікті сезіне бастады.

Өзара экономикалық қызығушылықтың үдерісін 2000–2008 жылдардағы Ресейдің ТМД елдерімен арадағы өзара тауар айналымы құндылық көрсеткіші бойынша 4,2 есе артып, 25 327-ден 106 263 млн долларға жеткен. Ал жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалына байланысты 2009 жылы бұл көрсеткіш біршама (36%) төмендесе, 2010 жылы Ресейдің ТМД елдерімен арадағы сауда көлемі бұрынғы деңгейіне қайта көтерілді.

Федералды кеден қызметінің мәліметтеріне сәйкес 2011 жылдың бірінші жартысындағы Ресейдің ЕурАзЭҚ-қа кіретін елдермен сыртқы сауда айналымы 38,6%, ал Кеден одағына кіретін елдермен айналымы — 41,3%, яғни РФ басқа шетелдік елдермен сауда айналымының өсіміне сай 2,7 және 5,2 пайызға басып озған [6].

Ресей Өнеркәсіп және сауда министрілігінің басшысы В. Христенконың пікірінше, Кедендік одақтың құрылуы оның мүшелері арасындағы тауар айналымының өсіміне айтарлықтай ықпал етті. Ол 2011 жылдың 19 қазанында Петербор қаласында өткен Кеден одағының үкімет басшылары деңгейіндегі жоғары орғаны мен ЕурАзЭҚ-тың Мемаркенец отырысында: «2011 жылдың қорытындысы бойынша үш мемлекет өзара тауар айналымының 100, тіпті 110 млрд доллар көлеміне еркін шығады. Бұл ауқымды көрсеткіш» — деп атап өтті [7].

Айтылған ойды жинақтай келе, ТМД елдерінің өзара тауар айналымының көлемінің айтарлықтай өсім көрсетуі негізінен бұрынғы болған сауда, өнеркәсіптік, технологиялық және басқа

да іскерлік байланыстарды қалпына келтіру нәтижесінде орын алғандығын атап өту қажет. Бұл әсіресе көршілес орналасқан облыстар мен аймақтардағы тауар өндірушілердің шекаралық және аймақаралық саудасы негізінде жүргендігін, ал Кеден одағы мәселесінде бұған ұйымға мүше елдердің өзара жасасқан келісімдері барынша қолайлы жағдай жасағандығы белгілі.

Екіншіден, КО қарсыластары оның мүшелерінің мүдделеріндегі жеке және жалпы мәселелер бойынша, белгілі-бір тауарлар немесе тауар топтары бойынша саудаға байланысты, және де шаруашылық жүргізудің нақты бір саласындағы, мысалы жанармай-энергетикалық саладағы ынтымақтастық мәселелері бойынша айтарлықтай айырмашылықтардың болуына назар аудартады.

Өкінішке орай, шындығында да бұрындары айтылып және жазылып жүргеніндей Кедендік одақ өзінің әрекет ете бастаған кезінен бастап-ақ әртүрлі ұлттық және топтық мүдделерге қатысты көтерілген айтарлықтай салмақты мәселелерге келіп тірелді. Бұл мәселелер негізінен Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі жиырма жыл ішінде оған кірген ұлттық республикалардың егемендік жылдарында бір-бірінен барынша алшақтап кеткендігінен туындап отыр. Оларда өзіндік мүдделері бар шаруашылықтық топтар қалыптасып үлгерді, ал олардың мүдделері кейбір жағдайларда ұлттық мүддемен сәйкес келмейтін еді. Мысалы, олар көп жағдайларда бұрынғы кеңестік республикалармен интеграциялық байланыстарды дамытуды өздері үшін басымдық деп санамайтын (санамайды да), өйткені олардың назары көп жағдайда басқа мемлекеттерге, мысалы, Еуропаалық одаққа бағытталған.

Жоғарыда аталынған ұлттық қайшылықтарды және осы уақытқа дейін қалыптасып қойған топтық шаруашылықтық мүдделердегі қайшылықтарды жою — өте күрделі мәселе, бұл сұрақтың шешімін шығаруда асығыстық жасауға болмайды және де оны өз бетінше де жіберу де дұрыс емес.

Сондықтан да оның мүшелері арасындағы ұстанымдардың өзара тиімді түрде үйлестілуіне және барынша тиімді шешімдер табуға қол жеткізу маңызды, бірақ та, асығыстық жасап, бірнеше кезендерден атап өтуге немесе насихаттық нәтижелерге жету үшін нақты қортындыларға зиян келтіруге болмайды.

Кедендік одақтың әрекет етуінің алғашқы кезеңі көрсетіп отырғанындай, шаруашылықтық өзара әрекеттестіктің тиімді түрлерін іздестіру мен өзара қолайлы ымыраға келуге мүше-мемлекеттер дайын.

Үшіншіден, Кедендік одаққа қатысты келесі наразылықтардың бірі – оның құрылуы одақ мүшелерінің ДСҰ кіру жолындағы айтарлықтай күрделі кедергілердің біріне айналады деген мәселемен қорытындыланады.

Бірақ, Ресей ДСҰ-ға кіру туралы өз өтінішін 1993 жылы бергендігі белгілі, ол кезде Ресей, Қазақстан және Белоруссия арасындағы қазіргі Кедендік одақ туралы сөз жоқ еді. Соған қарамастан Ресейдің ДСҰ-ға кіруі сол кезде де, одан кейінгі 18 жыл ішінде де жүзеге аспайды. Тіпті де, АҚШ пен басқа да батыстық мемлекеттердің Мәскеудің ДСҰ-ға кіруіне қатысты ізгі мәлімдемелеріне қарамастан, олардың тарапынан экономикалық жеңілдіктер сұраған түрлі жаңа талаптар түсіп отырды. Ал Грузия болса Ресейдің ДСҰ-ға кіруі мәселесіне мүлдем шектеу қойып, бұл мәселе Грузияның Абхазия мен Оңтүстік Осетия шекарасының кедендік дәрегейі қайта қаралған жағдайда ғана шешімін табатындығын жариялады. Бірақ, жаһандық дағдарыстың екінші толқынының жақындай түсуі батыс елдерінің ресей нарығына деген қызығушылықтарын арттырып, Ресейдің ДСҰ-ға кіруі мәселесіндегі қысымдарының бәсеңдеуіне алып келді. Сонымен бірге олар 2011 жылдың қарашасында Грузияның Абхазия мен Оңтүстік Осетия шекарасындағы кедендік бақылау мен мониторинг мәселесінде де ымыраға келуге қол жеткізіп, Тблисидің Мәскеуді ДСҰ-ның мүшесі ретінде көргісі келмеген негізгі себептердің бірін жойды. Нәтижесінде Ресей Федерациясы жақын уақыттарда ДСҰ мүшелігіне қабылдануы мүмкін. Жалпы, бұл мәселе Ресей, Белоруссия және Қазақстан арасындағы Кедендік одаққа ешқандай қатысы жоқ.

Сонымен бірге Кедендік одақтың қарсыластырының аргументтерінде біршама мекерлік те бар, өйткені Ресей де, Қазақстан да, Белоруссия да бастапқы кезден-ақ ДСҰ мүше болуға талпыныстарын ашық түрде жариялаған болатын. Осыған қатысты В. Путин, «Кедендік одақтың ішкі кедергілерін алу арқылы біз КО сыртқы шекарасында еңсерілмейтін кедергілердің пайда болуына ешбір жағдайда жол бермейміз. Керісінше, негізгі мақсат ретінде біздің елдердің мүмкіндіктерін біріктіру арқылы олардың жаһандық экономикаға барынша тиімді және үйлесімді кірігуін қарастырамыз, қайталап айтамын, негізгі мақсат – жаһандық экономикадан тасалану емес, экономикаға кірігу» болып табылады деп мәлімдеді [8]. Сондықтан да, КО мүше-мемлекеттері бастапқы кезден-ақ Кедендік одақ (кейін Біртұтас экономикалық кеңістік) ДСҰ қағидалары мен ұстанымдары негізінде құрылатындығы туралы келісімге келді.

Алдағы жылдарда Кедендік одақтың жұмыс істеуі, ал артынан БЭК әрекет етуі барысында туындайтын және қазірдің өзінде бар қиындықтар мен көптеген мәселелерді жоққа шығару немесе оны кемітіп көрсету аңғалдық, тіпті өзімізге өзіміз зиян келтірушілік болып саналады. Осыны мойындай отырып, негізгі мәселе ретінде мынаны түсіну қажет – одақтық мемлекеттің ыдырауынан кейінгі 20 жылдан соң посткеңестік кеңістікте тығыз мемлекетаралық ынтымақтастық қатынастарды қалыптастырудың қолайлы алғышарттарының пайда болғандығын, ал оның негізінде экономикалық интеграциялық үрдістер мен сонымен байланысты жобалардың тұрғандығын, соның бірі – Еуразиялық одақ болуы мүмкіндігін атап өтуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Евгений Примаков. Мысли вслух. – М., 2011. – С. 75.
2. Евгений Примаков. Ук. соч. – С. 76–77.
3. В. Путин. «Новый интеграционный проект для Евразии — будущее, которое рождается сегодня» // Известия. – 03.10.2011.
4. Н. Назарбаев. «Евразийский Союз: от идеи к истории будущего» // Известия. – 25.10.2011.
5. А. Лукашенко. «О судьбах нашей интеграции» // Известия. – 17.10.2011.
6. <http://www.customs.ru>.
7. <http://www.newskaz.ru>.
8. <http://government.ru>.

Француздық мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметшілерді дайындаудың француздық үлгісі

Әбіләзиз ИСАЕВ,

Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының доценті,
саяси ғылымдарының кандидаты

Ф

ранцуздық қайнар көздерді зерделеп қарасаныз, мемлекеттік қызметтің анықтамасын – жергілікті ұжымдар мен олардың әкімшілік мекемелерінде мемлекеттік қызметте жүрген азаматтардың жиынтығы ретінде қарастырады. Осыған орай, «мемлекеттік қызметші» – биліктің орталық және жергілікті органдарындағы барлық қызмет етушілер жиынтығынан тұрады. Сәйкесінше басқа елдерде (және басқа тілде) мемлекеттік қызметті ресми түрде «қоғамдық қызмет» деп те атайды.

Мемлекеттік қызметші – кең мағынада, түрлі кәсіп бойынша және әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік мекемелердегі қызмет атқаратын тұлға анықтамасын береді. Франциядағы мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны 4 млн адамның айналасында. Оның үштен екісі – мемлекеттік қызметте, ал үштен бірі – жергілікті ұжымдық қызметте. Мысалы, мемлекеттік қызметшілердің жартысына жуығы білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс жасайды. Олардың 50% – әйелдер. Жергілікті әкімшілік мекемелерде әсіресе, әлеуметтік қорғау мен білім беру жүйесінде еркектерге қарағанда әйелдер сан жағынан басымдыққа ие.

Мемлекеттік қызметшілердің (сот және парламент қызметкерлері, әскери қызметшілерден басқа, себебі олар үшін Ерекше ереже жұмыс істейді) құқықтық жағдайы мемлекет және жергілікті

ұжым қызметкерлері туралы 1983–1986 жж. қабылданған Жалпы жарғымен реттеледі.

Жоғарыда айтып өткеніміздей француздық мемлекеттік қызмет орталық және жергілікті болып 2-ге бөлінеді.

Орталық мемлекеттік қызмет.

Орталық мемлекеттік қызмет жүйесін қызметшілердің жұмысын реттейтін өкімдерді шығара, Үкіметтің мүшелеріне (министрге немесе мемлекеттік қызмет жөніндегі мемлекеттік хатшыға) өз күзін беретін бере отырып формалды түрде елдің Премьер-министрі басқарады. Бүгінгі күні Францияда бұл сала бойынша, құрамында мемлекеттік қызмет және әкімшіліктің Бас дирекциясы бар орталықсыздандыру және мемлекеттік реформа, мемлекеттік қызмет Министрлігі арнайы жұмыс істейді. Министрліктің негізгі міндеті мынадай: мемлекеттік қызметтің Жалпы жарғысының сақталуын қадағалау, статистикалық мәліметтер жинақтау, тиісті мүлкті басқару, әкімшілік мекемелердің қайта құрылуы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Бас дирекцияның күзін барлық мемлекеттік қызметшілерге тарайды. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметке кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі оқу орындарына жетекшілік етеді.

Сондай-ақ, орталық мемлекеттік қызмет жүйесінде төмендегідей консультативтік органдар жұмыс істейді:

1) әкімшілік пен персонал өкілдерінің тең санынан тұратын әрбір қызмет корпусына арналған *теңестірілген әкімшілік комиссия*. Олар қызмет мансабының өсуі мен тәртіптік мәселелермен айналысады;

2) мемлекеттік қызметтің жарғылық және ұйымдастырушылық мәселелерімен айналысатын *теңестірілген техникалық комитет*;

3) барлық мекемелерде құрылған қауіпсіздік пен гигиена комитеті. Францияның мемлекеттік қызметін ұйымдастыруда жалдамалы жүйе (ашық мемлекеттік қызмет) мен мансаптық жүйе (жабық мемлекеттік қызмет) ескеріледі. Осыған сәйкес мемлекеттік қызметшілер де 2 үлкен топқа бөлінеді:

1) мемлекеттік мекемелерде жалданып жұмыс атқаратын, шенеунік емес қызметшілер. Бұған тәжірибе жинақтаушылар, шарт бойынша және сағаттық төлемақы жағдайында жұмыс істейтіндер жатады.

2) Мемлекеттік қызмет жүйесінде жұмыс атқаратын және жүйенің негізгі өзегі болып табылатын шенеунік-қызметшілер.

Жергілікті ұжымда немесе мемлекеттік мекемеде, қызметте, әкімшілік орган иерархиясында белгілі бір рангқа (разряд, санат) ие және мемлекеттік қызметшінің белгілі бір корпусына (штат) жа-

татын, тұрақты лауазымға тағайындалған тұлғаны – шенеунік санайды.

Корпус – бірыңғай қызметті (азаматтық әкімшілер, қазынашылықтың инспекторлары, канцелярия қызметшілері, мұғалімдер және т.б.) атқаратын шенеуніктерді біріктіреді. Мемлекеттік қызметтің орталық жүйесінде мұндай 1 000-ға тарта корпус бар.

Корпус ішінде қызметкерлер 4 санатқа бөлінеді: А, В, С, D.

Жоғары білімге ие, тұжырымдама жасап және жетекшілік қызметін атқаратын шенеуніктер «А» санатына бірігеді.

«В» санатына басқару тұжырымдамаларын орындайтын, орта білімді қызметкерлер кіреді.

«С» және «D» санаттарындағы қызметкерлер таза техникалық және қосалқы жұмыстарды атқарады.

Әрбір шенеунікке ранг беріледі. Ранг – белгілі бір лауазым құқығын иеленуге берілетін атақ. Әрбір корпус көптеген рангтерден құралып, өз кезегінде сатыларға бөлінеді. Ранг пен лауазым бірбірімен тығыз байланыста болғанмен, толық сәйкестікте келе бермеуі де мүмкін. Біліктілікті арттырудан өту және байқау емтихандарының нәтижесіне сай ранг беріледі. Мемлекеттік қызметшінің рангты жоғарылауы оның еңбек өтілі мен аттестациядан өтуімен тікелей байланысты. Сондай-ақ, аттестация – лауазымды жоғарылаудың да шарты болып табылады.

Жоғары санаттағы қызметке ауысу үшін не басшылықтың шешімі, не байқаудан өтуі тиіс. Мемлекеттік қызметші әдетте, басқа корпусқа ауысар кезде ғана байқауға қатысады.

Француз Конституциясына сәйкес, елдің барлық азаматтары жынысына, нәсіліне, діни немесе партиялық ұстанымына қарамастан мемлекеттік қызметке кіруге құқылы. Алайда, бұл тең құқылық қағидаты ерекше жағдайларда ескерілмеуі мүмкін. Мысалы, үміткердің бірқатар қызметтерге азаматтықтан айырылуы, жас ерекшелігінің сай болмауы, білім деңгейінің талапқа сәйкестігі, сондай-ақ нақты жұмыс орнының ер немесе әйел азаматты талап етуі, әскери қызметтің өтелмеуі, мемлекет алдындағы тиісті борыштардың орындалмауы сияқты бірқатар өлшемдер келергі болуы мүмкін. Ал, шетелдіктердің жағдайына келер болсақ, олар тек қана шаттан тыс қызметтерге ғана қабылданады.

Мемлекеттік қызметке түсудің барысында байқаудың 2 нұсқасының бірін қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- а) тесттен өту және емтихан тапсыру;
- ә) лауазымды орынға үміткерлердің қызметтік тізімге сай келуі.

Жаңа корпусы жасақтауда, жоғары лауазымды (префект, елші және т.б.) тағайындауға және сәл төмендеу бірқатар лауазымдарға байқау жарияланбайды. «Сыртқы байқау» (жоғары білімі бар, сырттан үміткерлер) мен «ішкі байқауға» (басқа лауазымды орынға үміткер, бірақ мемлекеттік қызметте жүргендер) қатысудың арасында айтарлықтай ерекшеліктер бар. Байқау емтихандарын жүргізу барысында байқау жарияланған лауазымдық орын жөнінде, емтихандардың саны, қазылар алқасының құрамы, байқауға жіберілген үміткерлердің саны (тізім министрмен немесе іріктеуге жауапты тұлғамен бекітіледі) туралы дер кезінде және толық ақпараттармен қамтамасыз етіледі. Қазылар алқасының шешімі ақырғы болып есептеледі және де олардың шешім қабылдауда бұрмалаушылығы дәлелденген жағдайда сотпен ғана күшін жояды. Ережеге сай, байқаудан өткен тұлға 1 жыл бойы сынақ мерзімінен өтеді. Лауазымды орынға тағайындауды Премьер-министр, министрлер, префектілер, министрлік қызметтің жергілікті басшылары жүргізеді.

Әрбір қызметші тарифтік сеткаға сай жалақы алады. Ең төменгі және ең жоғарғы еңбекақы мөлшерінің арақатынасы 1:5-ке тең. Еңбекақыдан тыс үстемақы да (тұрғын үйге, отбасы мүшелеріне және т.б.) қосымша төленеді. Мемлекеттік қызметші жыл сайынғы ақы төленетін 5 апталық еңбек демалысына, ауруы бойынша ем алуға, әйелдер үшін босану және бала күтімі бойынша еңбек демалысына шыға алады. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік мансабы зейнет жасына жетуімен автоматты түрде тоқтатылады. Сондай-ақ шенеунік мемлекеттік қызметтен өз еркімен арыз беру бойынша да кете алады. Мемлекет қызметтік тексерудің қорытындысы бойынша да қызметтен шеттетуге мүмкіндігі бар. Егер тексеру барысында шенеуніктің қызметінен айтарлықтай қателіктер табылса, онда зейнетақыдан да қағылуы ғажап емес.

Зейнетақы қызметкердің аударған еңбекақы мөлшерінің 7%-ынан және қалғаны мемлекеттің есебінен төленеді. Зейнетақы ең жоғарғы еңбекақы көлемінің 75%-ынан аспауы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің Жалпы Жарғысы шенеуніктердің құқықтары мен міндеттерін нақты көрсетеді.

Құқықтарына:

- ар-намыс және сенім бостандығы;
- еркін білдіру бостандығы (тек қана өкілдік функцияларды атқаруда немесе сайланбалы лауазымға үміткер кезеңінде);
- саяси емес ереуілге шығуға;

- кәсіподақ қызметіне құжылы;
- мемлекеттік қызметшілерге қатысты шешімдерді талқылауға қатысуға;
- еңбек демалысына;
- тұрақты кәсіби қайта даярлауға;
- еңбек қауіпсіздігі мен гигиена жатады.

Міндеттеріне келер болсақ, олар 2-ге бөлінеді:

- 1) шенеуніктің қызметтік міндеттерді мінсіз атқаруы;
- 2) мәртебесіне байланысты міндеттерді орындауы: ұстамдылық таныту, лайықтылықты сақтау, бұрмалаушылыққа жол бермеу, сабырлылық.

Жергілікті мемлекеттік қызмет. Жергілікті мемлекеттік қызмет 1983–1984 жж. мемлекеттік қызмет туралы Заң қабылданғаннан кейін барып қалыптасты деуге болады. Аталған Заң қабылданғанға дейін жергілікті ұжымдар жалдамалы жүйе жағдайында жұмыс жаса, кейіннен лауазымдық қозғалыс жүйесі кеңінен тарай бастады.

Жергілікті мемлекеттік қызмет жүйесінің ең басты және орталық жүйеден айырмашылығы жергілікті үкіметтік ұйымдардың биліктік атқарушы органдарының лауазымды орындарға тағайындаудағы, лауазымды орындарды құру мен таратудағы, қызметшілердің кәсіби даярлығын ұйымдастырудағы, қызметтік жоғарылаудағы мәселелерді шешудегі, рангты тағайындау, қызметшіні тексеру және жұмыстан шығарудағы айтарлықтай құқықтарымен ерекшеленеді.

Орталық мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сияқты жергілікті мемлекеттік қызмет жүйесін де бірқатар *консультативтік және әкімшілік органдар* реттеп отырады.

Консультативтік орган жүйесін жергілікті мемлекеттік қызметтің *Жоғарғы кеңесі* басқарады. 41 адамнан құралған Кеңестің 20 орнын – аумақтар мен департаменттердің, коммуналардың өкілдері, қалған 20 орынды – жергілікті мемлекеттік қызметшілердің кәсіподақ ұйымдарының өкілдері алады. 1 орын – Премьер-министрдің немерсе министрдің жергілікті ұжым жөніндегі өкіліне тиесілі. Кеңестің Төрағалығына жергілікті ұжымның өкілі сайланады. Кеңестің өкілеттілігі 6 жылға созылады.

Жергілікті мемлекеттік қызметтің Жоғарғы кеңесі жергілікті мемлекеттік қызметке қатысты барлық мәселелер бойынша не өзінің бастамасымен, не болмаса жергілікті ұжым жөніндегі министрдің өтініші бойынша өздерінің ойларын ортаға салады. Ол нормативтік құжаттарды (заң жобалары немесе үкіметтік декреттің жобаларына қатысты) дайындау бойынша ұсыныстар енгізеді.

Жергілікті мемлекеттік қызмет жүйесінде Жоғарғы кеңестен басқа *Паритетті әкімшілік комиссия* жұмыс жасайды. *Паритетті техникалық комитет пен қауіпсіздік және гигиена жөніндегі комитеттер* 6 жыл мерзімге құрылып, атқаратын қызметі де орталық мемлекеттік қызмет жүйесіндегі баламалы орган сияқты.

Жергілікті мемлекеттік қызмет жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуде *Мемлекеттік аумақтық қызметтің ұлттық орталығы* жетекші рөлге ие. Ұлттық орталықты әкімшілік кеңес басқарады. Ол жергілікті қызметшілердің кәсіподақ ұйымдарының өкілдерінен және мемлекеттік қызметтің жергілікті персоналдарының сандық құрамына сай таңдалған жергілікті ұжымның (аймақ, департамент және коммуна) өкілдерінен паритетті негізде жасақталады. Кеңес өз құрамынан президент пен оның 2 вице-президентін сайлап алып, жылына 3 реттен кем емес отырысын өткізеді.

Мемлекеттік аумақтық қызметтің Ұлттық орталығы жергілікті мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білімінің негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекеттік қызмет жүйесінде лауазымды игеруді қамтамасыз ету үшін берілетін білімнің оқу бағдарламаларын бекітеді, жаңа ранг немесе жаңа лауазымды алуға қызмет бойынша қозғалу үшін емтихандар мен кәсіби оқуларды, лауазымды орындарға байқауды ұйымдастырады, жаңа құрылған қызмет пен бос орындар туралы ақпарат тарағады, білім мәселесіне байланысты барлық зерттеулерге қатысады.

Ұлттық орталықты қаржыландырудың негізгі көзін жергілікті мекемелер мен ұжымдардың міндетті (қызметшілердің айлық жалақысының 1%-на дейін) төлейтін жарнасы құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік оқуына байланысты мәселеде Ұлттық орталықтың Әкімшілік кеңесіне бағдар жөніндегі Кеңес көмектеседі. Әкімшілік кеңестің нұсқауына сәйкес бағдар жөніндегі Кеңес жыл сайын нақты білім беру жоспарымен қоса, оқу бағдарламаларының жобасын да жасайды.

Францияның мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесі ойластыру мен құрылымдық жағынан ерекшеленеді. Бірқатар мамандандырылған оқу орындарының ішінде ерекше маңыздысы – атақты Ұлттық Әкімшілік Мектеп (ЭНА).

Француздың Ұлттық әкімшілік мектебі (фр. *École nationale d'Administration*, ENA) – 1945 жылғы генерал Де Голльдың мемлекеттік аппараттағы жоғары лауазымға қолжетімділікті «демократияландыру» мақсатында ұйымдастырған, бүгінде Францияның Премьер-министрінің тікелей бағынысындағы, жоғары оқу ор-

нынан кейінгі және біліктілікті арттыратын француздық элиталық мемлекеттік мекемесі. ЭНА-ның түлектері Бесінші Республика тарихында және Францияның саяси қызметінде үлкен орын алады, рөл ойнайды. Бүгінгі күнге дейін ЭНА, Францияға – 2 Президент, 7 Премьер-министр және ондаған министрлер, Ұлттық жиналыстың сенаторлары мен депутаттарын дайындап шығарды.

ЭНА Франциядағы біліктілікті арттыру және білім беру мекемелерінің арасында ерекше маңызға ие. Ол тыңдаушыларының өмірдегі табыстылығы мен болашақтағы мансаптық өсуі жөнінен *Grandes Ecoles* деп аталатын жоғары мектептің құрамындағы алғашқы орындардың санатына кіреді. Мектептің түлектері мен тыңдаушылары өздерін «энаркалықтар» деп мақтан тұтады.

Бүгінгі күні ЭНА-ның француздық түлектерінің басым көпшілігі мемлекеттің жетекші саясаткерлері, парламентарийлері, жоғары шенді тұлғалары, дипломаттар, халықаралық ұйымдардың мүшелері, жоғары инстанциядағы соттар және Мемлекеттік кеңестің адвокаттары, жоғары рангадағы әкімшілік және қаржылық бақылаушылар, сондай-ақ байланыс және бұқаралық ақпарат құралдары, ірі халықаралық және мемлекеттік банктер мен фирмалардың жетекшілері мен топ-менеджерлері қызметтерін атқарады.

Кеңестік кезеңдегі ЭНА-ның баламасы ретінде КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясын, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы халық шаруашылығы Академиясын немесе КСРО Сыртқы Істер министрлігі Дипломатиялық Академиясын қоса алғанда қарастыруға болады.

Қазіргі жағдайда Ресей Федерациясында ЭНА-ның эквиваленті ретінде РФ Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет және халық шаруашылығы Ресей академиясы мен РФ СІМ Дипломатиялық Академиясын бірге алғанда теңестіруге болады. Егер Беларусь Республикасы Президенті жанындағы басқару Академиясын өздерінде ЭНА-ның баламасы ретінде қарастыратын болса, онда елімізде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясын ЭНА-мен теңестіру әлі ертерек сияқты.

Іріктеу ережесі және конкурстық іріктеудің түрлері.

ЭНА-ға оқуға түсу үшін міндетті түрде емтихан тапсырылады. Жыл сайын француздық кандидаттар үшін конкурста түсудің 3 түрін және шетелдіктер үшін арнайы 4-ші түрі ұйымдастырылады.

«Сыртқы байқау» – барлық француздық кандидаттар үшін қолжетімді. Ол үшін орта мектепті (лицей) тәмамдағаннан кейінгі

университеттегі 3-жылны аяқтаған және ересектік аттестатын алған соң (француздық бакалавриат), «Лисанс» деңгейіне теңестірілген толық емес жоғары білімге ие университеттік дипломы бар болуы тиіс. Францияның білім жүйесіндегі «Лисанстық» диплом – негізінен әкімшілік қызмет немесе параметрица, сондай-ақ индустриалдық сектордың мамандықтары бойынша жоғары білім алудың 2-3 жылдық қысқартылған түрі.

«Ішкі байқау» – тек қана мемлекеттік қызметте 4 жылдан кем емес қызмет өтілі бар кадрлық шенеуніктер арасында конкурстық негізде жүргізіледі.

«Үшінші байқау» – мемлекеттік қызмет саласынан тыс, бірақ қызмет өтілі 8 жылдан кем емес кандидаттар арасында өткізіледі. Оған биліктің жергілікті заңшығару органдарына сайланған депутаттар немесе жеке сектордың жадаамалы жұмысшылары қатыса алады. Бұл байқауға сонымен қатар Еуро Одаққа мүше-мемлекеттердің азаматтары да кандидат бола алады.

Жыл сайын аталған 3 байқау бойынша шамамен 80 орын («сыртқы байқау» үшін – 40, «ішкі байқау» үшін – 32, үшінші байқау үшін – 8 орын) бөлінеді.

Шетелдіктер үшін байқау – шетелдік мемлекеттік қызмет саласының кадрлары және өз елінің мемлекеттік қызмет саласы бойынша дайындалып жатқан шетелдік студент кандидаттардың арасында жүреді.

ЭНА-ға іріктегендердің сандық көрсеткіші.

ЭНА-ға іріктеліп алынатындардың сандық көрсеткіші жылдан-жылға азайып келе жатыр. Мұның себебі, мемлекет басшысы Николай Сарказидің болашақтағы Францияның мемлекеттік қызметіне қатысты жасаған мәлімдемесіне тікелей байланысты.

ЭНА-ны бітіруші әр жылғы түлектер өздеріне айдар тағып ат беруді дәстүрге айналдырған. Егер, төмендегі кестеге назар аударсаңыз, 4 түрлі байқау бойынша қабылданған сол мектептің түлектері жайлы қысқаша мәліметті алуға болады.

2004–2012 жж. ЭНА-ның түлектері

Жылдар	Сыртқы байқау	Ішкі байқау	Үшінші байқау	Жалпы саны	Шетелдіктер үшін байқау	Барлығы
Леопольд Седар Сенгор (2004) атындағы түлектер	80	43	13	136	51	187

Ромен Гари (2005) атындағы тұлелер	61	46	11	118	47	165
Симон Вейль (2006) атындағы тұлелер	50	42	9	101	39	140
Республика (2007) атындағы тұлелер	44	37	9	90	18	108
Аристид Бриан (2008) атындағы тұлелер	43	32	8	83	18	101
Вилли Брандт (2009) атындағы тұлелер	45	40	8	93	34	127
Эмиль Золя (2010) атындағы тұлелер	40	32	8	80	40	120
Робер Бадентэр (2011) атындағы тұлелер	40	33	8	81	25	106
Жан-Жак Руссо (2012) атындағы тұлелер	40	32	8	80	31	111

Тыңдаушыларды қабылдау мен оқытудың ерекшеліктері.

Тыңдаушылардың мәртебесі.

Францияның мемлекеттік қызмет саласында жоқ француздық кандидаттар байқау емтиханынан табысты өткеннен кейін, автоматты түрде кадрлық шенеунік құрамына тіркеуге алынады. Дәл осы сәттен бастап, оны аяқтап бітіргеннен соң емес, ЭНА-ға қабылданған француздардың 90%-ы үшін жоғары мемлекеттік шенеунік мансабы басталады. ЭНА-ның француздық тыңдаушылары үшін жалпы қабылданған түсінік бойынша олар студент болып есептелмейді. Керісінше, сол мектеп қабырғасында жүріп-ақ, шенеуніктің міндетін атқарып және оқыған жылдары еңбек өтіліне есептеледі.

ЭНА-ның тыңдаушылары үшін оқу тегін және ол қаражаттың барлығы Францияның мемлекеттік бюджетінен төленеді. Мысалы, тек 2011 жылғы есеп бойынша бір тыңдаушы үшін 27 айға € 60 000 (еуро) немесе 1 жылға жобамен € 25 000-ға (еуро) бағаланады екен. Салыстырмалы түрде алсақ, француздық жоғары оқу жүйесінде 1 студент үшін жылдық оқу ақысы орташа есеппен € 10 000-ға (еуро) тең болып шығады.

ЭНА-ның тыңдаушыларына мемлекеттік шенеунік ретінде шәкіртақы емес, ақшалай қанағаттандыру төленеді. «Сыртқы байқау» бойынша қабылданған тыңдаушыны ақшалай қанағаттандырудың көлемі таза € 1370 (еуро) құраса, ал «ішкі байқау» бойынша іріктелгендер үшін – € 2100 (еуро). Алайда, осынша қаражатты

алып отырған тыңдаушы мемлекеттік қызметке кем дегенде 10 жыл қызмет атқаруға міндеттенеді. Басқалай жағдайда, «ақшалай қанағаттандыруға» жұмсалған қаражатты қазынаға қайтаруға тиіс.

Жұмыс орнына бөлу.

ЭНА – бір мезгілде сарапшылар мен менеджерлерді, мемлекеттік қызметшілерді дайындайтын қолданбалы мектеп. Міне, сондықтан да оқу үрдісі барысында болашақтағы лауазымдық қызметке байланысты ұзақ мерзімдік тәжірибеден өтуге көп көңіл бөлінеді. Оқытушылардың өзін де кәсібилік тәжірибесіне қарай іріктеп алып, тәжірибеден өтегін топтарды басқаруға береді. Оқу үрдісі аяқталған соң француздық тұлелермен түрлі ведомства мен корпустардағы жұмыс берушілер әңгімелесу арқылы қызметке тағайындайды.

Тыңдаушыларды жұмыс орнына бөлу ЭНА-дағы оқу үлгеріміне тікелей байланысты. Емтихан мен оқу үлгерімінің нәтижесі бойынша жыл соңында тыңдаушылардың болашақта қызмет атқаратын орны анықталады. Жоғары көрсеткішке ие болған алғашқы 15-20 тыңдаушы мемлекеттік қызметтегі француз шенеуніктерінің өмір бойғы «Ұлы корпусын» таңдау құқығына ие болады.

Жоғары мемлекеттік шенеуніктің корпусына мыналар жатады:

- Францияның Есеп палатасының бақылаушылары мен инспекторлар Корпусы (2009 жылы – 5 адам таңдаған);
- Бас қаржылық инспекцияның бақылаушылары мен инспекторлар Корпусы (2009 жылы – 5 адам таңдаған);
- Мемлекеттік Кеңестің кеңесшілері, баяндамашылары және адвокаттар Корпусы (2009 жылы – 5 адам таңдаған);
- Әлеуметтік мәселелер бойынша Бас инспекцияның бақылаушылары мен инспекторлар Корпусы (2009 жылы – 4 адам таңдаған);
- Әкімшіліктің Бас инспекциясы бақылаушылары мен инспекторлар Корпусы (2009 жылы – 2 адам таңдаған);

- Франция СІМ шетел істері жөніндегі кеңесшілер Корпусы.
- Тұлелердің шамамен жартысына жуығы Азаматтық әкімші Корпусына қабылданады. Олардың көпшілігі бірден «іс басындағы резервке» қойылады да, Префекторальдық корпусқа қайта тағайындалады (*Префектор – Президенттің Жарлығымен тағайындалатын Үкіметтің департаменттердегі, аймақтардағы өкілі. Оның негізгі міндеті – департаменттегі іс барысынан Үкіметті хабардар етіп отыру, сондай-ақ Үкіметтің саясатын жергілікті сайланбалы органдарға жеткізу және сол саясатты іске асыру барысында бірлесе қимылдау, көмек көрсету, заңдардың,*

Жарлықтардың және Үкіметтің Қаулыларының орындалуын бақылаушы). Қалғандары түрлі министрліктер мен ведомстваларға тағайындауға жіберіледі.

- Қалған түлектер түрлі деңгейдегі немесе аймақтық Есеп палатасының Әкімшілік трибуналына тағайындалады.
- Түлектердің енді бір бөлігі Париж қаласының Азаматтық әкімші Корпусына жіберіледі.

ЭНА түлектерінің жұмыспен қамтылуы жайлы статистика.

2012 жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет бойынша ЭНА-ның түлектері – 6232 құраған. Оның – 4985,6-ы (80%) белсенді түрде өз кәсібі бойынша қызмет атқарып келе жатса, қалған 1246,4-і (20%) – зейнет демалысында.

Өз кәсібін белсенді жалғастырып келе жатқан түлектердің 68%-ы келесідей мемлекеттік қызмет салаларында еңбек етуде: министрліктер, түрлі инстанциядағы қаржылық және әкімшілік соттар, орталық басқарма және аймақтық мемлекеттік басқару органдары, инспекциялар.

Ұлттық деңгейдегі сайланбалы органдарда лауазымды орындарды иеленіп отырғандардың көрсеткіші – 1%-ды құраған.

Кәсіби белсенді түлектердің 31%-ы мемлекеттік аппараттан тыс жерлерде қызмет атқарады. Олардың 22%-ы – мемлекеттік және жеке кәсіпорындарда жұмыс істесе, 9%-ы – халықаралық ұйымдарда, кәсіби федерациялар мен ассоциацияларда, жергілікті өзін-өзі басқару аппаратында және қоғамдық ұйымдардан өз орындарын тапқан [1].

Сонымен қатар, ЭНА-ның қабырғасында «үй сүйретпесін кингедер» деген лақап ат түсінігі де мықтап орын алған. Бұл термин негізінен кадрлық әскери қызметтен жалтарғандарға бағытталған. Себебі, ЖОО аяқтағаннан кейін кім кадрлық әскери қызметін өтсе, олар – аяқтарына «етік кигендер» санатына қосылады. Ендеше, баламалы негізде ЭНА-ның түлектері саналы түрде мемлекеттік қызметті атқарудан жалтарса немесе 10 жылдық міндетті мерзімді толық аяқтамаса, онда осы лақап атқа ие болады. Алайда, бұл атаққа ие бола отырып, олардың қомақты қаражатты қайтаратындығын да жоғарыда әңгімелеген болатынбыз. Қазіргі күні ЭНА-дағы «үй сүйретпесінің» (фр. *rapitouffes*) бағасы 50 000–60 000 суроның айналасында. Егер, бұрындары аталған соманы негізінен ЭНА-ға келген тыңдаушылардың мекемелері (банк, фирма, кәсіпорын) төлеп келсе, бүгіндері сол қаражатты тыңдаушы өз қалтасынан төлеуге тура келеді.

ЭНА-ның оқу бағдарламасы.

2006 жылдың 1-қаңтарынан енгізілген өзгеріс бойынша, бұрынғы 27 айлық оқу курсы енді 24 айлық оқу бағдарламасымен алмастырылды. Себебі, «мектептік» білім беру кезеңі министрлікаралық тәжірибеден өтумен алмастырылды.

Сонымен, оқу модулі 3-ке бөлінеді:

1) «Еуропа» модулі – халықаралық ұйымдар мен еуропалық институттардан 17 апта бойы тәжірибеден өтуді қоса алғанда 7 ай оқу мерзімі;

2) «Аймақтық басқару» модулі – орталық аппараттағы аймақты басқарудың француздық жүйесі немесе француздық префектураларда (аймақтағы орталықсыздандырылған мекемелердің мемлекеттік басқармаларында) 22 апта бойы тәжірибе жинақтай отырып, 8 ай аймақты зерттеу Ұлттық институтының тыңдаушыларымен бірге оқу;

3) «Көпшіліктік басқару (мемлекеттік-қоғамдық) және менеджмент» модулі – мемлекеттік өнеркәсіптік өндірісте 10 апта және орталықтандырылған басқарманың француздық жүйенің орталық аппаратында 4 апта тәжірибеден өтуді қоса алғанда 6 ай;

4) «Таңдау бойынша» модуль – шынайы әкімшілік іс-әрекетке барынша жақындатылған, тыңдаушыларды 5–6 адамнан топтастыра, олардың автономды жағдайда бірлесе жұмыс жасайтын, оқудың «ойын» түріндегі білімді тереңдету мақсатындағы 3 айлық оқу курсы. ЭНА-ның халықаралық ынтымақтастығы.

ЭНА – 1949 жылдан бастап, яғни өзінің құрылу кезеңінің 5-жылынан әлемнің көптеген елдерінің мемлекеттік қызметі үшін кадрлар даярлауда белсенді халықаралық ынтымақтастық орнатқан бірден-бір оқу орны.

Бүгінгі күнге дейін әлемнің 127 елінен 3 000-нан астам тыңдаушы ЭНА-ның түрлі бағдарламалары бойынша даярлықтан өткен.

Шетелдік тыңдаушылар үшін ЭНА-ның 3 негізгі оқу курсы ұйымдастырылады:

Толық француздық курс. Оқудың бұл түрі бойынша француздық тыңдаушылармен қатар, тек қана француздық азаматтыққа ие шетелдік қос азаматтығы барлар ғана 24 ай толық курстан өте алады. Бұл бағдарлама бойынша бұрынғы КСРО және социалистік мемлекеттердің тыңдаушылары ешқашан оқымаған.

Шетелдіктер үшін ұзартылған курс. Аталған бағдарлама «Cycle international long (CIL)» бойынша дайындықтан өту мерзімі – 17–18 ай және ол бұрынғы КСРО және Варшава шартына қатысушы

мемлекеттердің өкілдері үшін 1991 жылдан бастап жұмыс істеп келеді.

Оның 24 айлық толық француздық курстан басты айырмашылығы оқу үрдісі алдындағы тәжірибеден өту мерзімінің қысқартылған түрінде ғана. Француздық тыңдаушылар 6 айлық алдын ала 2 тәжірибеден өтсе, шетелдіктер – Францияның түрлі аймақтарындағы префектураларда 1 мәрте 3 айлық аймақтық тәжірибеден өтеді. Ары қарай ЭНА-дағы біріккен оқу бағдарламасы бірдей болып келеді.

Оқудың ұзартылған курсынан өткен, емтихандарды ойдағыдай тапсырып және талапқа сай балл жинаған шетелдік тыңдаушылар мемлекеттік басқару бойынша халықаралық диплом алады.

Соңғы жылдары оқуға түсу мен білім туралы құжаттарда бірқатар өзгерістер орын алды. Себебі, тыңдаушылардың халықаралық дипломын танудың балама үлгісінің әлемде болмауы біршама қиындықтар туындаған. Сондықтан да бүгіндері, шетелдік тыңдаушылардың ұзартылған курсына аяқтағандығы туралы магистр дипломы (жалпыға танылған классификация бойынша MBA) табысталады.

Ендігі жерде, шетелдік кандидаттар оқуға түсу үшін өз елдеріндегі Франция елшілігінде ауызша және жазбаша түрде тесттен өтеді. Кандидатқа қойылатын негізгі талаптардың қатарында жоғары білімі туралы дипломның бар болуымен қатар француз тілін жетік меңгеруі тиіс. Сондай-ақ, Францияның саяси және әкімшілік-аумақтық құрлымынан, Франция мен Еуропа елдерінің негізгі экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштерінен жақсы хабардар болуы тиіс.

Шетелдіктер үшін қысқартылған курс. Шетелдіктер үшін қысқартылған бағдарлама бойынша кәсіби қайта даярлаудан өту курсы – Cycle international court (CIC) 6 айлық оқу мен 9 апталық тәжірибеден өтуді қоса есептегенде – 9 айға созылады. Курс соңында тыңдаушылар диплом орнына біліктілікті арттыру жөніндегі сертификат алады. Курсқа 30 жастан асқан, мемлекеттік қызметте қызмет өтті барлар ғана қатысады.

Шетелдіктер үшін ЭНА-дағы басқа да курстар.

- Ұзақтығы 6 айға созылатын мемлекеттік басқару бойынша халықаралық цикл (CIAP). Бұл бағдарламаның аясында 25 жас-тан жоғары, мемлекеттік басқару саласында біліктілігін арттыратын мемлекеттік қызметшілер 3 мамандық – мемлекеттік институттар және әкімшілендіру, мемлекеттік қаржы және экономика, халықаралық қатынастар бойынша білімдерін жетілдіреді.

- Ұзақтығы 2-6 апта аралығындағы мемлекеттік басқару бойынша арнайы халықаралық цикл (CISAP).

1949–2011 жж. аралығындағы ЭНА-да халықаралық цикл бойынша оқыған тыңдаушылардың саны [2].

Еуропа – 1 326	Африка – 446	Солтүстік Африка/ Таяу Шығыс – 488	Америка – 476	Азия – 437
Австрия – 30	Ангола – 1	Алжир – 93	Аргентина – 30	Австралия – 34
Азербайжан – 2	Бенин – 14	Египет – 37	Боливия – 3	Ауғанстан – 2
Албания – 6	Піл сүйегі жағалауы – 20	Израиль – 8	Бразилия – 34	Бангладеш – 9
Андорра – 3	Буркина-Фасо – 5	Иордания – 2	Венесуэла – 12	Бутан – 3
Армения – 9	Бруней – 3	Иран – 3	Гаити – 12	Вьетнам – 46
Бельгия – 16	Габон – 28	Йемен – 1	Гватемала – 2	Гонконг – 1
Болгария – 23	Гана – 2	Ливан – 33	Гондурас – 1	Индия – 27
Босния және Герцеговина – 4	Гвинея – 22	Ливия – 2	Канада – 75	Индонезия – 1
Ұлыбритания – 105	Гвинея-Бисау – 1	Марокко – 213	Квебек – 93	Камбоджа – 38
Венгрия – 36	Конго Демократиялық Республикасы – 11	Палестина автономиясы – 5	Колумбия – 61	Қытай – 81
Германия – 406	Джибути – 4	Сауд Аравиясы – 1	Коста-Рика – 1	Лаос – 13
Голландия – 44	Камерун – 67	Сирия – 14	Куба – 1	Монголия – 2
Греция – 88	Кения – 2	Тунис – 76	Мексика – 45	Жаңа Зеландия – 6
Грузия – 8	Комор аралдары – 7		Парагвай – 6	Пәкістан – 3
Дания – 31	Конго – 22		Перу – 10	Сингапур – 4
Ирландия – 22	Маврикий – 16		Сальвадор – 1	Таиланд – 14
Испания – 38	Мавритания – 36		Сент-Люсия – 1	Шри-Ланка – 1
Италия – 85	Мадагаскар – 41		АҚШ – 57	Оңт. Корея – 22
Қазақстан – 6	Мали – 19		Уругвай – 5	Жапония – 130
Кипр – 2	Нигер – 22		Чили – 14	
Қырғызстан – 1	Руанда – 1		Эквадор – 12	
Косово – 1	Сан Том және Принсипи – 2			
Латвия – 7	Сенегал – 42			
Литва – 5	Того – 15			
Люксембург – 7	Орт. Африка Респуб. – 16			
Македония – 3	Чад – 22			
Молдавия – 4	Экваторлық Гвинея – 1			
Монако – 7	Эфиопия – 3			

Тілдік құндылықтарына байланысты Қазақстан халқының өзін-өзі сәйкестендіруі

Жазира ҚУАНЫШБАЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
PhD докторанты

К

азіргі уақытта Қазақстан аумағын мекендеуші ұлттар мәселесін зерттеу шынымен де өзекті. Себебі тәуелсіздік алған жылдардан бастап, ұлттық мемлекет құру, ұлттық құндылықтарды жандандыру, ұлттық экономиканы қалыптастыру және ұлт ретінде әлем кеңістігінен белгілі бір орыналу біз үшін маңызды. Бүгінгі күнгі күн тәртібіндегі мәселе, ұлттық құндылықтарды қайтадан жандандырып, ортақ жалпықазақстандық патриотизмді қалыптастыру, тілімізді өз тұғырына қондырып, елімізде тұратын барлық ұлттар сөйлейтін тілге айналдыру. Алай-да Қазақстанда тек қана қазақ ұлтын зерттейтін арнайы институт бар деп айта алмаймыз. Зерттеу институттары еліміздегі өзге ұлт өкілдерін соның ішінде басымдыққа ие болып отырған қазақ ұлтын солармен бірге зерттейді. Заманауи талдау орталықтарының жұмысы да мардымды, көңіл көншітерілік емес. Олардың жұмысында, өкінішке қарай, уақытша, конъюнктуралық зерттеулер басым. Еліміздің, мемлекетіміздің, ұлтымыздың болашағы үшін өте маңызды кейбір тақырыптар мүлдем зерттелмей жатыр. Өкініштісі, құрдымға кетіп бара жатқан кешегі кеңестік қалыптағы қоғам мен жаңадан қалыптасып келе жатқан тіл бағдарлы қазақ қоғамы туралы жөні түзу әлеуметтанушылық зерттеулер некен-саяқ. Біздің елдегі әлеуметтану ғылымы негізінен мұратты-мақсатты зерттеулерден гөрі ағымдағы саясаттың мәселелерімен, билікке қызмет етумен ғана айналысып жатыр.

Рас, қазақ ұлтын өзге халықтар контекстінен бөліп қарастырудың да өзіндік проблемалары бар. Ол ең алдымен тіл құндылығына

Норвегия – 13	Оңт. Африка – 1		
Польша – 44			
Португалия – 8			
Ресей – 52			
Румыния – 49			
Сербия – 5			
Словения – 4			
Словакия – 14			
Түркия – 38			
Украина – 6			
Финляндия – 28			
Хорватия – 9			
Чехия – 32			
Швейцария – 8			
Швеция – 10			
Эстония – 2			
Югославия – 5			
Жалпы саны – 3 173			

Қорыға айтқанда, ЭНА-ның мәртебесін оның бюджетінен және құрылтайшысынан-ақ байқауға болады.

ЭНА – Францияның Премьер-министрінің тікелей бағынысындағы, оның атынан және мемлекеттік қызмет пен Бас әкімшілік басқарманың нұсқауын жүзеге асыратын, әкімшілік сипаттағы француздың мемлекеттік мекемесі. Егер, 2006 жылы ЭНА-ның жылдық бюджеті – €41,7 млн болса, 2009 жылы – €45 млн-ға өскен. Оның үстіне мемлекеттің қаржыландыруы – €31,6 млн құраған.

Сонымен, шетелдіктерге қарағанда француздардың ЭНА-ға қабылдануы күрделірек екенін бақауға болады. Өйткені, олар тек қана тегін білім алып қоймай, кепілдендірілген мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасуға бөлінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.aaeena.fr/>
2. <http://www.ena.fr/>

байланысты. Қазақстандықтардың тілдік құндылықтары қымбат, шатасып кеткен. Міне, осы жерден сәйкестілік аспектісі бой көереді. Жалпы, сәйкестілік мәселелері посткеңестік мемлекеттерде тек қоғамдық пікірталастардың нысаны болып қана қойған жоқ, сонымен қатар ауқымды ғылыми ізденістерге де негіз болды. Оның ішінде бұл үрдіс саясаттану ғылымымен, әсіресе элеуметтану ғылымдарымен тығыз байланыста дамыды. Бұл ретте ТМД мүшесі – Қазақстан қоғамындағы ұлттардың өзін-өзі сәйкестендіруіндегі тіл құндылығының рөлі жеткілікті деңгейде қарастырыла қоймаған зерттеу мәселесі болып табылады. Бұл салада Президент жанындағы зерттеу орталығы, сонымен қатар ұлттық қарым-қатынастарды зерттеп жүрген Р. Әбсағдаров, С. Өтешов, З. Шаукенова, Н. Шаймерденова, Э. Сүлейменова сынды т.б. отандық мамандарымыздың еңбектерін атап өткен жөн.

Социоллингвистикалық терминдер сөздігіне сүйенсек, сәйкестілік ұғымы социоллингвистикада тұлғаның анықталған этноспен, ұлтпен, тілмен теңдестірілуінде түсіндіріледі [1, 46].

Әлеуметтік, мәдени және этникалық топшен сәйкестіктің, Г. Исимбаева атап көрсеткендей, жекелеген түрде күрделі процесс болып табылады, индивидте айқын және жасырын сәйкестік болуы мүмкін, ол әр түрлі негіздердің әсерімен табылады [2, 20].

«Сәйкестіліктер қақтығысы туралы маңызды дискуссиялық сұраққа жауап беруге тырысу, өзінің автохтонды мәдениетіне деген күн санап өсіп келе жатқан қызығушылықтарды түйсіну мен мойындаудың қажеттілігі және ана тілге біздің республикамызда этникалық сәйкестілікті сақтаушы құрал ретінде қарау өте маңызды» деп атап көрсетеді Н. Шаймерденова. Оның дәлелдеуінше, жаңа егеменді мемлекеттің политэтикалық құрамы ұлттық саясатта оның күші бола алса, бірақ ұлтаралық қақтығыстар кезінде әлсіздік нүктесіне де айналуы мүмкін. Ғалымның атап өткеніндей, қазіргі кезде біздің республикамызда екі жақты процесс жүріп жатыр. Бір жағынан, ұлтаралық қарым-қатынас аясын кеңейткен, ертүрлі этникалық және элеуметтік топтардың бір интеграциялық және өркениеттік процестерге жұмылған, ақпараттық байланыстардың даму процесі, екінші жағынан, жоғары дәрежеде барлық ұлт өкілдерін өздерінің ұлттық, мәдени және тілдік сәйкестіктерімен түйсіну [3, 270].

Республикамызда өмір кешіп жатқан ертүрлі ұлттардың тілдік сәйкестігі туралы статистикалық мәліметтер көптеген ғылыми әдебиеттерде көрініс тапқан, бірінші кезекте, 1999 жылы жүргізілген

санақтың нәтижелерінің арқасында біз тілдік сәйкестіктер туралы хабардар бола аламыз [4, 86].

Жалпыхалықтық санақтың қорытындысында этникалық мемлекеттік, орыс, ағылшын, неміс, француз және түрік тілдерін білуі туралы сауалнама Қазақстанның әрбір аумақтарында, қалалық және ауылдық жерлерде тұрағын ұлттық топтарға олардың этникалық гендерлік ерекшеліктеріне байланысты жүргізілді. Бұдан бұрын, ең бірінші рет мемлекеттік тілді толық меңгеруі туралы мәліметтер алынды, олар мынадай критерийлер қатары бойынша айқындалды: *білемін, аздап білемін, білмеймін, үйренемін*. Бұлардың барлығы да мемлекеттік тілге қатысты сауалнаманың сұрақтары бойынша сараланды.

Республикадағы қостілділіктің айқын сипат алып отырғандығы – қазақ-орыс қостілділігі және ұлттық – орыс қостілділігі. Көптеген түркі тілдес (азербайжан, күрді, түрік, өзбек, ұйғыр) этностарға ұлттық – қазақ-орыс көптілділігі тән. Тағарлар, башқұрттар, дұңғандар мен шешендер бұлайша топтастыруда аралық орындарға ие.

Жоғары деңгейде тілдік сәйкестілігіне ұлттық – қазақ қостілділігі тән болып келетін тәжік ұлтын айрықша атап өтуге болады.

Біртілді ұлттардың арасында жоғары дәрежеде бәрінен бұрын Кавказ халықтарын қоспағанда, славян тектес (белорус, поляк, украин) ұлттар, сонымен қатар армяндар, гректер, еврейлер, көрістер, немістер, молдавандар және мордва, удмурт, чуваш ұлтының өкілдері белсенді орын алады.

З. Ахметжанова атап өткендей, бүгінгі таңда көптілді мемлекетке айналып отырған Қазақстанда қос және полилингвизмнің көптеген түрлері жасалды, олар таралу аймақтарымен, тілдер қызметінің әр түрлі шеңберлерін қамтуымен, бірінші тілдің, екінші тілге әсер ету күшіреті байқалады. Зерттеуші Қазақстандағы қос және көптілділіктің таралуы тарихындағы төрт кезеңді бөліп алады. Бірінші кезеңнің басы қазақ этносының қалыптасуына және басқа да көршілес мемлекеттермен байланысты. Ол кезде көптеген этникалық топтармен тілдік байланысқа түсу қажеттілігі туындаған.

Екінші кезең Ресеймен арадағы әр саладағы есепсіз байланыстардың кеңеюі мен бекуімен, Қазақстан аймағында орыс тұрғындардың қоныстануымен байланысты болды, бұл қазіргі кезде республикадағы ең басты тілдік жағдайды құраушы қазақ – орыс қостілділігінің қалыптасуы мен дамуына бастау салып берді, 1999 жылы Қазақстанда тұратын тұрғындарға жүргізілген соңғы санақтың нәтижесінде 75% қазақтың орыс тілін білетіндігі белгілі болды. Екінші кезеңде де қазақ – орыс қостілділігі пайда болды,

ол әрі қарай жеткілікті түрде тарала алған жоқ. Міне, орыстар арасында жүргізілген санақ олардың 14, 9%-ның мемлекеттік тілді меңгергендігін көрсетсе, 85, 6%-ының аздап білетіндігін көрсетті.

Екінші кезеңде туындаған қостілділік типі ана тілдің психологиялық және функционалдық басымдылығымен субординативтік сипатқа ие екендігін көрсетті.

Қостілділік және көптілділіктің Қазақстандағы үшінші кезеңі кеңестік уақытта басталды, 1931–1932 жылдардағы аштыққа ұласқан коллективтендіру нәтижесінде және республика аймағына көптеген халықтарды күшпен қоныс аудару салдарынан тұрғындардың этникалық құрамында Қазақстан жерінде үстемдік құрып отырған ұлттың санының азаюына алып келген түбегейлі демографиялық өзгерістер кезеңімен қостілділіктің ендірілуі тұспа-тұс келді. 1939 бен 1979 жылғы санақ болған аралықта орыстар Қазақстандағы ең саны көп халық болып табылған, ал украин және белорустармен бірге республика тұрғындарының шексіз үлкен мөлшерін құраған.

3. Ахметжанова атап көрсеткендей, бұл жылдары негізінен орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде дамытуға баса назар аударылды. Ал қазақ тілінің витальдылығы жеткілікті бағаланған жоқ және тамырына балта шабылды. Сонымен қатар бұл кезде қазақ-орыс қостілділігі және сонымен қатар қостілділіктің басқа да түрлері, жекелей алғанда, неміс-қазақ қостілділігі дамытыла бастады [5, 301].

Саясаттанушы Б. Әбдіғалиевтің айтуына сүйенсек, қазақстандықтардың көпшілік бөлігі ана тілін негізгі ұлтты дербестеуші (этнодифференциалдық) фактор ретінде тұтынады екен, бірақ статистикалық мәліметтер респонденттердің өздерінің дербес қалауларына байланысты екендіктерін көрсетеді. Осы ретте, аталған деректерге иек арта отырып, барынша объективті және фактілік критерий болып ана тілін меңгеру және қостілділікті және көптілділікті меңгеру деп тұжырымдайды зерттеуші [5, 103].

Адамдардың және қоғамның этникалық сана-сезімінің қалыптасуында А. Орысбаев пен А. Құлжабаева тұтасымен үш бөлімді бөліп қарастырады:

- 1) Тіл этникалық сана-сезімінің маңызды индикаторына айналып отырып, этникалық сәйкестікті түйсінуде приматтық болып табылмайды;
- 2) индивидуалді және этникалық топтардың коммуникативтік функциясын атқара отырып, тіл өзін адамның ұлтқа тәуелділігінің репрезентант екендігін көрсетеді,

3) бөген тіл жергілікті автохтонды тілді ығыстырып, елдің аймағынан шығарып тастай отырып, индивидуалді және қоғамның ана тіліне айналады, тілдік қақтығыстарға, тілдік қарама-қайшылықтарға бармай-ақ, ана тіл қолданылуының кез-келген шеңберінде коммуникативтік құрал ретінде қызмет атқарады [6, 190–198].

Е. Протасованың жазғанындай, тіл сәйкес келуі де мүмкін, сәйкес келмеуі де мүмкін, мұндай оқиғалар тарихта көп орын алған, сондықтан адамдардың белгілі бір ұлтқа және тілге тәуелділігін естен шығаруға болмайды. Тілдің ықпал етуінің ерекшеліктері, ана тілге деген қарым-қатынас және осы аталған терминнің өзі көп кездерде дау тудырып жатады. Ана тілі деп, ең алғашқы үйренген және ең маңызды болып табылатын, барлығы керемет жақсы білетін, онымен өзін жеңіл сәйкестендіруге болатын тілді атайды [7, 13–14].

Қазақстандық орыстар өздерінің этникалық сәйкестіліктерін сақтай отырып, байланысып жатқан ұлттардың тілдік әсерлеріне аз ұшыраған, мұның өзі тарихи мұрагерлікке байланысты, орыс тілін білмейтін ұлттар орыс тілінің үстемдік құруына байланысты орыс тілін үйренуге тиісті болған, орыстар болса, ереже бойынша әлеуметтік, қоғамдық және мәдени тұрғыда басқа тілдердің қажеттілігін сезбеген, өйткені басқа тілдер тарапынан қажеттіліктер тумаған.

Әртүрлі жастағы респонденттерден сауалнама жүргізу барысында өзін-өзі ұлттық сәйкестендіруге байланысты, оның ана тілімен, туған тілімен қарым-қатынасына байланысты сұрақтар алынған [8, 82–96].

Этникалық өзін-өзі сәйкестендірудің тұрақты позициясының формасында сұралғандардың басым бөлігіне сауалнама жүргізу барысында жазылып алынған басқа тілдерді өз ана тіліндей құрметтейтіні жайлы да жауаптар қызықтырады. Көптеген адамдар өздерін осылайша басқа тілдермен сәйкестендіреді екен. Мәселен, ұлтты неміс бір адам қазақ тілін ана тілі ретінде санады және өзі қазақтанушы ғалым болып шықты. Оның отбасы 1941 жылы соғыс басталған кезде жер аударылып келген және қазақтың ауылына түсірілген. Сонда ол қазақ балаларымен емін-еркін араласып, олармен бірге ойнап, қазақ тілін өз ана тіліндей үйреніп алған. Бұл отбасынан шыққан үш адам қазақ тілі саласында қызметтер атқарады екен. Әрине, орыс тілін отбасы мүшелерінің меңгеру, білу деңгейі жоғары, бірақ қазақ тілін білгенге жетпейді.

Алматы қаласында туып-өскен ұлты қазақ бір азамат өзін қазақ ретінде сәйкестендіреді, алайда ана тілін орыс тілі деп атаған. Ол мұның мәнісін өзінің туғаннан орыс тілінде сөйлегенімен, қаладағы орыс тілді органың әсер етуімен және мектепке дейінгі мекемелерде (балабақшада) тәрбиенің орыс тілінде жүргізілуімен, сонымен қатар мектепте университетте де орыс тілінде жүріп-тұрғанымен байланыстырады. Профессор Э. Сүлейменованың сөзіне қарағанда, бұқаралық сауалнама жүргізу барысында мәдени басымдылық әлі орыс тілінде тұрған сияқты, сонымен бірге қазақтардың аз мөлшері 0,8% көрсеткіште орыс тілін өздерінің ана тілі ретінде есептейді екен [9, 15–25].

Тілдік сәйкестілік өз кезегінде Қазақстандағы жалпыадамзаттық құндылықтар нәтижелері ретінде қарастырылды. Онда орыс тілінің басымдылығы көрінеді. Тілдің құндылық ретіндегі қызметін толықтай қарастырып көрелік:

Қазақстандағы құндылық қарым-қатынастар макро және микро деңгейлерде көрінеді:

1. Генетикалық өзара байланыс генетикалық байланысқан ұлттар ортақ дүниетанымының, мінез-құлық стандарттарының қалыптасуының этникалық шығу тегін анықтайды.

2. Генетикалық тұрғыдан өзара қарым-қатынастағы жақын ұлттардың айрылатын әсерінен саяси және идеологиялық тырысушылықтары (сепаратизм, аймақты претензиялар) пайда болады. Құрылымдық өзара қарым-қатынас Ұлттық Меннің бірнеше компоненттерінің негізінде – тілдік топтар, конфессиялар, тарихи-мәдени дәстүрлер, дүниетанымдық-психологиялық қондырғылар, сонымен қатар демографиялық процестердің (урбанизация, миграция) біріктіретін әсерлерінде қалыптасады.

Құндылық қарым-қатынастардың барынша тұрақтылығы біртұтас конфессия аясында қалыптасады. Егер генетикалық жақтан жақын халықтардың тілдік ортақтығынан құндылықты тұтастықтың нормалары байқалатын болса, онда жақын емес ұлттарда бұл ресми және мемлекеттік тіл негізінде жүреді, ол өзара түсінушіліктің, жалпыұлттық келісімнің белгісі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бір тілде сабақ жүргізілетін мектептердің пайыздық үлесі 75,8% құрап отыр, қазақ тілді мектептер 36,6%, ал орыс тілді мектептер 38,2%, қалғандары 1,05% – ұлттық тілдерде сабақ жүргізіледі. Бір уақытта қазақ тілінде де, орыс тілінде де сабақтар жүргізілетін аралас мектептер 24,2% пайызды құрап отыр.

Біздің ойымызша, көпұлтты қоғамдағы әр түрлі ұлттардың өкілдерінің этникалық сәйкестігінің білдірілуінің индикаторы оның мектепте немесе ЖОО-да оқу тілін тандауына да қағысты болуы мүмкін.

Тұрғылықты орнына қарай миноритарлық және біртектес болып табылатын аймақтардағы мектептер бір тілде сабақ жүргізеді, көптеген ата-аналар «тілін білсін» деген ниетпен әрі ана тіліне деген құрметпен өз балаларын ана тіліндегі мектептерге сабаққа беруге ұмтылады. Мәселен, орыс пен тәжік диаспоралары көп шоғырланған Оңтүстік Қазақстан облысында 2004–2005 жылы 80 283 бала мектепті ана тілінде бітіріп шыққан, 6903 тәжік ұлтының өкілдері де ана тілдерінде білім алған.

Әртүрлі ұлттардағы жастардың ЖОО-ға түсу кезінде қазақ немесе орыс тілдерінің бірін тандауы жастардың шыққан ортасына қарай тілдік басымдылықпен де байланысты болып келуі мүмкін.

Сонымен қатар соңғы 2009–2010 жылғы мектеп бітіруші түлектерінің ЖОО-ға түсу кезінде қандай тілді тандағандары статистикалық мәліметтерден белгілі болып отыр. Бұл мәліметтерге сүйене отырып, біздің байқағанымыз, Қазақстанда тұтастай алғанда, жастар көптілікке ие, яғни олар қазақша-орысша және орысша-қазақша тілдерді басқаларына қарағанда, жетік меңгерген.

ЖОО-ға түскеннен кейін жастар студенттік микролеуметтік қоғам деп аталатын орта қалыптастырады, ол жастар ортасындағы ең жоғары білім деңгейімен, демографиялық және әлеуметтік біртектіліктің маңызды деңгейімен, коммуникативтік байланыстың ауқымдылығымен, уақыт пен кеңістік бойынша тұрақтылығымен, бұдан басқа екі тілдердің басым қолданысымен, яғни топтық көптілікпен сипатталатын, алайда индивидтердің тілдік дәрежесінің аса бірдей еместігімен ерекшеленеді [10, 403–409].

Қазақстан Республикасындағы тілдердің ерекшелігі, мұнда көптілділік тән болып келеді. Себебі Қазақстан көпұлтты мемлекет болып табылады. Әлеуметтік тіл білімі саласындағы көптілділік және көптілділік ұғымдарының өзі мемлекет аумағындағы халықтардың сөйлеу тілінің санына байланысты туындайды. Яғни нақтылап айтатын болсақ, елдегі сан түрлі ұлттық, этникалық мәдени топтар өздерінің менталитетіне, ұлттық ерекшеліктеріне қарай белгілі бір сәйкестілікке ие болады. Бұл құбылыс Қазақстанда тәуелсіздік алмай тұрып соншалықты зерттелген емес. Өйткені тәуелсіздіктен алдыңғы кезеңдерде тек орыс тілінің ғана мүддесі көзделді, орыс тілін басқа ұлттарға ана тілі етіп тағайындау көзделді. Сол кездегі

аға буын өкілдеріне мұның әсері тимей қалған жоқ. Олардың көбісі қазіргі кезде тілдік сәйкестіліктерін ауыстырып алған. Тілдік сәйкестілік динамикалық, яғни өзгермелі сипат алатындықтан, қайта қалпына келтірілу үстінде.

Мәселен, жаңа айтып өткеніміздей, Қазақстандағы қазақ тілінде сөйлей алмайтын ұлты қазақ азаматтардың бірқатары қазақ тілін ана тілі ретінде есептейді. Ал ағалымыз ұғымның төңірегінде соңғы кездері айтылып жүрген даулы пікірлер бала дүниеге келгенде қай тілде тілі шықса, сол тілді ана тілі деу керек деген мәселенің төңірегінде өрістеуде. Яғни тілдік сәйкестілікті нақты анықтауда ғылыми орта ортақ тұжырымға әлі келе қойған жоқ. Адамның тілдік сәйкестілігі жүре пайда болады десек те, оның генетикалық нышандарында ұлтынан, нәсілінен хабар беретін ақпараттардың сақталатындығы аңғарылады. Осыларды қарап отырып, тілдік сана сезімнің қалыптасуы сәби құрсақта жатқан кезде басталатын болар деген ой келеді. Аталған деректерге сүйенсек, олардың айтпағы, тілдік сәйкестілікті зерттеуді бір бағытта қалдырмай, биологиялық, анатомиялық, психологиялық ғылымдар байланысында да зерттеу керек.

Көзіміз жеткен тағы бір қызықты жайт ел арасында жүргізілген сауалнамалармен тікелей байланысты. Жұртшылық арасындағы тілдік сәйкестілік қоғамның өзгеруімен де сипатталады, сол арқылы сәйкестілік ауысып отырады. Азамат ана тілін және басқа әлеуметтік топтармен қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік беретін орыс тілін білуімен қатар ағылшын, неміс, француз сияқты беделді тілдерді меңгеруге де күш жігерін аямайды. Қарастырылып отырған бұл мәселенің тілдік саясатпен байланыстылығы, шет елдердің қайсысы даму дәрежесіне жетіп, дүниежүзілік бәсекеде геосаяси үстемдікке жететін болса, онда сол тілдің мәртебесі мемлекеттің шеңберінде ғана шектеліп қалмайды, ол басқа елдер үшін интенсификациялық фактор болып табылады. Оған мысал ретінде ағылшын тілін алуға болады. Сонымен қатар қазіргі кезде кытай тілін үйренуге деген талпыныс бел алып келеді. Кез келген елдегі студент қауымының, жастардың қосалқы тілдік сәйкестілікті қалыптастыруға ұмтылуы қоғамдық процестердің ықпалынан туады деп айтуымыздың жөні келіп тұр. Қазақстан халқының да тілдік сәйкестілігінің үш бағытта (қазақ, орыс, ағылшын) дамуы жаһандану үрдісімен де тікелей байланысты. Жаһанданудың басты критерийлерінің бірі болып тілдік сәйкестілік табылатындықтан, бұл процестерге ешкімнің де бейжай қала алмасы анық.

Қалай десе де, қазақстандықтар транслиттік орта жағдайындағы тілдік сәйкестілігі біржағынан жаһандану әсерінен, екіншіден өзін елінің – мәдени болмысымен сәйкестендірудің қажеттілігін сезінумен, үшіншіден, замандастарының тобымен сәйкестенудің әсерімен қалыптасу үстінде. Өз кезегінде жаһандану үрдісімен байланысты әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістердің әлемде тілдік жағдай да біршама өзгеріске ұшырады, өзгерістердің басым бөлігі тілдердің мәртебелік жағдайына қатысты. Қазіргі жағдайларда республика жұртшылығының жаһандану үрдісіне тартылуы қазақстандық қоғамның дәстүрлі өндірістен ақпараттық кезеңге көшуінің көрсеткіші болып табылады.

Тұтасымен алғанда, заманауи қазақстандықтардың басым бөлігі өздерін «әлемнің азаматтары», әлемдік қауымдастықтың бөлігі деп сезінеді, мәселенің маңызын жалпы ғаламдық ауқымда түсінеді, Қазақстанның жаһандану үрдісіне қосылуын мойындайды және бұл қосылуының жағымды жақтары қажет деп табады. Ал бұл Қазақстан халқы сәйкестілігінің басты мазмұнын анықтап тұр.

Қазақ халқының жеке өзіне тоқталар болсақ, біз кез келген өзгерісті қабылдауға, егер өзімізге ұнаса соны сіңіріп алуға дайын ұлтпыз. Әлеуметтанушы М. Садырғалиева айтсақ, халқымыз қонақжай, да-нышпан, кең пейіл екені екібастан белгілі. Осы мінезіміздің кейде теріс салдары болып жағатын жасырын емес. Себебі, қазақтан өзге одақ құрамында болған елдердің ешқайсысында дәл біздегідей тіл мәселесі ушығып тұрған жоқ. Ұлттық тілді білмеудің соңы, ұлт дәстүрінен мақұрым қалуға әкеліп соғады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – С. 46.
2. Исимбаева Г. И. Языковое самосознание и мотивация изучения языков / Гульмира Истайбековна Исимбаева; КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 20 с.
3. Шаймерденова Н. Ж. Языки диаспор Казахстана как средство осознания идентичности. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 270 с.
4. Национальный состав населения Республики Казахстан. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. – Т. 1. Статистический сборник / Под редакции А. Смаилова. – Алматы, 2000. – 86 с.

5. Ахметжанова З. К. Типология билингвизма и полилингвизма в Казахстане: немецкий и славянский компоненты // Жизнь языка и язык в жизни. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С. 301–303.
6. Орусбаев А., Кулжабаева А. Язык и этническая идентичность // Язык и идентичность. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – С. 190–198.
7. Протасова Е. Ю. Фенороссы: Жизнь и употребление языка. – СПб: Златоуст, 2004. – С. 13–14.
8. Алтынбекова О.Б. Русский язык в диаспорах Казахстана // Русскоязычный человек в иноязычной окружении. Под ред. Мустайоки. – Хелсинки, 2004. – С. 82–96.
9. Сулейменова Э.Д. Архетип «гадкого утенка» и языковая идентичность // Язык и идентичность. – Алматы, Қазақ университеті, 2006. – С. 15–25.
10. Алтынбекова О.Б. Студенческий билингвизм как фактор толерантности в молодежной сфере // Научное наследие С. Аманжолова и проблемы гуманитарных наук XXI века: Мат. межд. конф. – Усть-Каменогорск, 2003. – С. 403–409.

Жоба үшін несие алу жолдары

Нұржан ӘЛЖАНОВА,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,
физика-математика ғылымдарының кандидаты

Кезінде көптеген нарықтар жоғары бәсекелестік ортамен сипатталады. Бәсекелестердің маркетингтік жолдарының қарқындылығы бизнес иелеріне өз уақытында жауапты қадамдар жасауға мәжбүрлейді, бұл өз кезегінде қосымша қаржы ресурстарын талап етеді. Инвестициялы жобаларды талдау нәтижелері көп жағдайда кәсіпкерлер мен бизнес иелерінде көзделген бизнес-мақсаттарға жету үшін бір немесе бірнеше қаржылық «инъекциялардың» болмауын көрсетеді. Нені таңдау қажет – жай несиені немесе жобалық қаржыландыру? Сіздің бизнес-жобаның қарастыру үшін сауатты резюмені қалай құру керек? Несиелік офицер ретінде банкпен тілдесу тәжірибесі жетіспеген жағдайда не істеу керек? Осы және басқа да көптеген сұрақтарға жауап табуға тырысамыз.

Жобалық қаржыландыру – мәні мен артықшылықтары

Бизнесі кеңейтуді немесе, мысал үшін, өндірісті модернизациялауды жоспарлау кезінде бизнес иелері қаржыландырудың жобалық түрінің ерекшеліктері жайлы ойланғаны дұрыс. Жеке жобаны ерекшелеу және кәсіби менеджерлер тобын құру арқылы салымдардың экономикалық тиімді екендігін банктерге сендіруге болады.

Бизнес-саясаттың маңызды бөліктерінің бірі қызығушылық танытқан тұлғалардың бизнес қай жолмен қаржыландырылатынын түсінуі болып табылады. Қаржыландыруды тартудың екі негізгі түрі бар екенін еске салайық – қарыздық және акционерлік. Олардың қатынасы бизнес бағасын, сондай-ақ қаржылық қуатын (пайыздық және оған ұқсас басқа да төлемдер) анықтайды.

Акционерлік қаржыландыру анағұрлым тәуекелді капиталды айқындайды. Табысты үлестіру кезінде де, компанияның жой-

Қиын Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(33) 2012

Қиын Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(33) 2012

ылуы жағдайында да инвесторлар-акционерлер төлемдердің соңғы орнында тұрады. Акционерлік инвестициялардың кепілдігі ретінде компанияны басқаруда қатысу арқылы бақылау мүмкіндігі есептеледі. Акционерлік капитал басқа қарыз берушілер немесе инвесторлар үшін жобаға жаңа капиталды тарту арқылы негізді қалыптастырады.

Мемлекеттік немесе корпоративті кепілдіктер алу, әрине, оңай емес. Сондай-ақ көптеген компаниялар кепілді қамтамасыз ете алмайды. Бұған себеп өте көп. Біріншіден, активтердің тозуы немесе капиталды жеткізушінің көзқарасы бойынша жеткіліксіздігі. Екіншіден, компанияда активтерді легитимді ұсыну мүмкіндігінің болмауы. Мәселе мынада, кейбір активтер өзінің заңсыз болуынан кәсіпорын балансында есепте жүрмейді. Потенциалды инвесторлармен қарым-қатынастың белгілі бір деңгейінде басқарушылық есеп мәліметтері ескеріле алмайды, себебі олар тәуелсіз аудитпен растала алмайды.

Қарыздық қаржыландыру жағдайында капитал жеткізушіге пайыздар табыстық немесе шығыстық бизнеске тәуелсіз есептеледі. Қарыз кепілдігінің екі негізгі жолы белгілі. Біріншіден, бұл кепілдіктер – мемлекеттің немесе басқа компанияның, екіншіден – кепілді қамтамасыздық.

Несие – бұл ресурстардың жетіспеушілігі кезіндегі көмек, ал жобалық қаржыландыру – дамудағы қолдау деп айтуға болады. Жобаны іске асыру кезінде банк компанияның барлық істерінде еріксіз түрде қатысушысы және серіктесі болады. Банк қызметкерлерінің бірі айтқандай, жобалармен қызмет ету өте қызықты. Қаржының және кәсіптік кадрлардың жетіспеушілігі себебінен, «жоба» түсінігінің мәні жоғалуда. Банктер кепілге көп көңіл аударуда, ал қарыз берушілер не болары жайында емес, қаржылық мықтылық қоры жайында айтқысы келеді. «Жобаны» ағымдағы несие емес, жоба деп атаған дұрыс. Өзіне де, банкте кідіруге мүмкіндік бермейтін қарыз берушілер несие алушыға бизнес-жобаны қарастыруға, өз идеяларына тартылуына мәжбүр етеді, бұл кез-келген жағдайда жеңістік беріп отыр. Банк – бұл «тәжірибе банкі». Бұл мекемені жеке критик және кеңес берушіге айналдыру арқылы осындай тәжірибені ұтымды пайдалануға болады. «Жасыл» банктік аналитиктің өзі ірі компанияның қаржылық қызметінен гөрі он жобаға артық игеріп алды.

Әрине, барлық жаңалық тәуекелмен сипатталады, ал тәуекел – жақсы табыстың бірінші белгісі.

Банктердің несиелік тәжірибесінің стереотиптері

Бизнес иелерімен тілдесу кезінде банк жұмысының несиелік тап-сырыстар мен жобаларды қарастыру процесіне «кедергі» болатын кейбір ерекшеліктеріне шағынуын жиі естуге болады. Оның ішінде, кәсіпкерлер арасында банктер тек «өз адамдарына» ғана («өз адамдары» банк қызметкерлерінен бастап несиелік мекемеге ұсыныс бойынша келген клиенттерді қамтиды) несие береді, банктер тым төрешіл және шешімдерді ұзақ қабылдайды, банктер ақшалық қарыздар беруде артық сақтанушылық танытады деген сыбыстар жүріп жатады.

Бұл қате пікірлерді рет-ретімен қарастырайық. Алдымен, кішігірім түзету енгізу қажет. Бұл пікірлер, несие – қызметінің стратегиялық бағытының бірі болып табылатын банктер үшін ғана әділ емес. Қаржылық нарықта акционерлері мен менеджерлері осы банктік бизнестің дамуына мүддесіз немесе нарықтағы тәуекелге деген «тәбеті» сәйкес болмайтын несиелік мекемелер саны өте көп. Бұл, осындай банктердің артықшылықтары немесе кемшіліктері жайында айта алмайды – банктер өз даму стратегиясына жүгініп отыр. Алайда, аталған пікірлер шындыққа айналатынына дайын болу қажет. Бұндай келеңсіздікті болдырмау үшін, несие беру кезінде банкті жорамалдап емес, қаржылық нарықты маркетингтік зерттеу арқылы анағұрлым қолайлы несиелік мекемені тандап алу қажет.

Нақты несиелеуші банктерде аталған мифтердің орындалуы бәсекелестік артықшылықтарын жоғалтуына алып келеді. Осылайша, тұтынушылар нарығын «өз адамдары» шеңберіне дейін қысқартқан жағдайда, банк қарыз алуға ұмтылғандарға несие беру мүмкіндігінен айрылады, бұл табыс алу мүмкіндігін азайтады. Сондай-ақ, банкирлер «өз» клиенттерімен қызмет етуге көп көңіл аудармайды: соңғылары шет жақтағы клиенттерден гөрі көп машақатқа түсіреді. Қарыз берушілер «туыскандық несиелер» (related loans) үлкен деңгейде дефолтқа алып келетінін жақсы түсінеді. Осыған байланысты авторлар қарастырылған несиелік мекемелерге банктік ортадағы жеке байланыстармен шектеліп қоймай, «көше жақтағы есік» арқылы да несие беруді ұсынады.

Несие беруде банктердің артық сақтанушылық танытуы жайында айтар болсақ, бұл өте күрделі сұрақ. Шын мәнінде банк өзін ықтимал дефолттан барынша сақтануын көздеуі тиіс. Алайда, егер банктің клиентке деген талаптары тым жоғары болса, тиімді клиентті жіберіп алуы да мүмкін: басқа да экономикалық

процестердегідей несиелеу сұрақтары «тәуекел – табыс» қағидасы бойынша шешіледі. Сәйкесінше (және негізсіз емес), жемісті несиелік мекемелерде артық талаптарға тап болу ықтималдығы жоғары болмайды.

Резюме құрастыру немесе «несиелік офицерді» қалай қызықтыруға болады

Барлық бизнес-жобаның маңызды бөлімі резюме болып табылады. Көптеген қарыз берушілер мүмкін болатын негізділіктерімен тапсырысты құратын болса, көптеген қиындықтардан құтыла алар еді. Қарыз алушы жақсы бизнес-жоба несиелеуге алуға кепілдік бермейтін, ал нашар бизнес-жоба сәтсіздікке алып келетінін түсінуі қажет. Бұл құжатты дайындау барысында бүгінгі таңда кең тараған ұтымды бизнес-жоба құру ережелерінің кодексінің айқын ашатын жәрдемақыларға сүйенуге болады. Резюме маңыздылығын статистика дәлелдейді: барлық бизнес-жобалардың 75–85% резюме оқылған соң бірден лақтырылады.

Сөйтіп, бизнес-жоба мәтіні қысқаша резюмемені қамтуы керек. Бұл банкир үшін бизнес-жоба тиянақты қарастыруға лайықтығын анықтайтын «лакмус қағазы» болады. Қарастырылатын резюмеге өз үлгісін қоя отырып, банкир өз талаптарына сай емес бизнес-жобаларды бірден қалдықты қоржынына тастайды. Резюме банк қызметкеріне клиентті күту кезінде және банк мүмкіндіктері арасындағы жойылмайтын сәйкессіздіктерді (мысалы, несиелеу көлеміне, пайызға және мерзіміне тиісті) анықтауға көмектеседі. Банкирдің, сондай-ақ қарыз алушының қаржыланудың басқа көзін іздеуге уақыты үнемделеді. Егер де бизнес-жобаның резюме несиелеудің біріншілік көрсеткіштерін қанағаттандырса, онда несиелік менеджерлер бизнес-жоба мазмұнын мұқият талдауға кіріседі.

Осыған байланысты аталған құжаттың резюмесі қысқа (бір-екі беттен көп емес) болуы керек және оқушыға көрнекті әрі түсінікті ақпаратты ұсынуы тиіс: сұралатын ақша көлемі, мақсаты несиелеу мерзімі және күтілмелі пайыздың мөлшері жайында. Бизнес-жоба мазмұнынан несиелік менеджер жоба қай индустрияға тиісті екенін, компания жайлы, оның негізгі қаржылық көрсеткіштер және менеджменттің жобаны соңына дейін жеткізу мүмкіндіктері туралы көріністі оңай алуы тиіс.

Резюмемені безендірілуі мен стилі де маңызды. Ол қысқаша, логикалы түрде аяқталған ұсыныстарды, жақсы құрастырылған мәтінді

қамтуы тиіс. Тақырыптар мен тақырыпшаларды қолданудан шектелмеуге болады – олар резюме мазмұнына көрнектілік береді, сондай-ақ бизнес-жобаның маңызды сәттерін ерекшелейді. Әрине, мәтін қарапайым және көркем графиктермен және түсінікті кесінділермен безендірілуі тиіс. Бизнес-жоба резюмесінің маңыздылығына көңіл аудару үшін вакантты қызметке кандидаттың *Curriculum vitae*-мен (ағылшынша – резюме) үйлестігін жүргізуге болады. Құжатты оқу кандидатты қызметке қабылдау жөнінде шешім қабылдауға жеткілікті болады деу, әрине, дұрыс емес. Резюмеменің мақсаты мүлдем басқа: ұқсас қағаздарда ол жұмыс берушіні қызықтыруы тиіс және кандидатты тілдесуге (мүмкін жалғыз емес) шақыруға мәжбүр етуі тиіс, бұның нәтижесі кадрлық шешім қабылдауға шешуші болып табылады. Бизнес-жобаның резюмесі жұмыс үстелінде ұқсас құжаттардың бір тобы бар банктің несиелік менеджерінің көңілін аударуы тиіс. Керісінше жағдайда қарыз алушының арызы оның перспективалылығына қарамастан қарастырылатын кандидатура жағдайын талдау сатысына жетпеуі де әбден мүмкін.

Бантердің несиелік бөлімдеріне келіп түсетін бизнес-жобаларға тиісті тағы бір кемшілікті көрсетейік, – кәсіпкерлердің өз ісіне тым қызығуы. Шынында да, көптеген бизнесмендер энтузиазмын банкке беруге дейін де бара отырып, бұл несиелеу алушы тездетеді деген сеніммен өз жұмысына соншалықты қызығады.

Олармен берілетін тапсырыстар жобаның қаржылық бөлшектерін аз қамтитын қажетсіз ақпараттан тұрады. Сондықтан бұндай құжат тиісті деңгейде қарастырымай-ақ ақыр соңында қоржынға кететіндігіне таңқалмауға да болады.

Әрине, бизнес-жобада жобаның күтілмелі қаржылық ағымдары туралы қысқа әрі толық ақпарат көрінуі тиіс. Жобаны іске асыру нәтижесінде қайда және қанша қаржы жұмсалатыны туралы нақты және дәйекті көріністер жасалуы тиіс. Табиғи бірліктердегі мәліметтер, мысалы, өндірілген болттар мен гайкалар саны туралы, өте пайдалы болуы мүмкін, бірақ жобаның қаржылық мәніне кедергі болмауы тиіс. Сондықтан, қарыз алушыға өз жобасын белгілеу тристиканы жанрында сипаттау үшін емес, кәсіби қаржыгермен бір деңгейде соның тілінде тілдесу үшін NPV, ROI, ROE* және т. б. жобалық қаржыландырудың мамандандырылған түсініктерін игеру қажет.

Қорыта айтқанда, бизнес-жоба жазуда барлық егжей-тегжейіне мән беру тіпті қажет емес. Кейде ұқсас сұрақтар шешуде үлкен тәжірибесі бар консалтингтік компаниялардың қызметін пай-

далану тиімді болады. Олардың ішіндегі ұқсас қызметтерде маманданғандары және сондай ерекшеліктерді білетіндері сауатсыз безендірілген бизнес-жоба себебінен несиелену жол бермейді. Осы тұрғыда қымбат бағалы ірі халықаралық корпорацияларды тарту қажеттілігі жоқ, шеттегі тапсырыс берушілерге бизнес-жоба жасап үйреніп алған отандық кеңес берушілердің қызметін пайдаланған жеткілікті-ақ.

Көптеген перспективті бизнес-идеялар өз дамуында коммерциялы банктерде несиелену кезінде сәтсіздікке ұшырағандықтан жоспарлау сатысында тоқтап қалды. Әрине, объективті себепшен қолдау таппағаны ұнамсыз болады, банк жоба көрсеткіштерін және компания жағдайын қарастырып және барлық «он» және «теріс» жақтарын өлшеп, соңғы несиелену беруде тәуекелге бет бұрмайды. Алайда, көптеген жобалар алдын-ала сәтсіздікке душар болады, себебі олардың жетекшілері банктен несиелену ісі өте қиын немесе кейде тіпті мүмкін емес деп есептеп ерте шегінеді. Расында да, көп жағдайда сәтсіздіктер біздің мемлекетте банктік несиелену тәжірибесі жөніндегі қате пікірлердің тұрақты болуына байланысты болжанады.

* NPV (Net Present Value) – таза белгіленген баға. NPV капитал салуды қажет ететін жобаларды бағалау үшін қолданылады.

ROI (Return On Investment) – инвестициялардың орнының толуы. Табыстың орташа есеуінің инвестициялар көлеміне қатынасы. Инвестициялардың орнының толу мерзімі – инвестициялық жобаларды бағалау әдісі. Бұнда тиімділіктің маңызды критерий ретінде біріншілік шығындардың орны толартын мерзім ұзақтығы болады. Кезектегі барлық табыстар таза табысты айқындайды деп болжамданады.

ROE (Return On Equity) – өзіндік капиталдың рентабельділігі. Бұл компанияның таза табысы, ол өзіндік капиталға пайызда көрсетіледі, мына формуламен анықталады: өзіндік капиталдың рентабельділігі = таза табыс / өзіндік капитал. Аталған критерий өзінше инвестициялық жоба тиімділіктерінің кең тараған қаржылық критерий болып отыр.

Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы коммерциялық банктер арқылы ұсынылған несиелену саясатын жетілдіру жолдары

Сәкен ӘБДІБЕКОВ,

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың доценті, экономика ғылымдарының кандидаты;

Айгерім ТҰРЫСБЕКОВА,

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың магистранты

Банктің несиелену қызметі банктік емес ұйымдардан айыратын басты критерийдің бірі болып табылады. Әлем тәжірибесінде банк пайдасының көп бөлігі несиеленумен байланысты. Қазіргі уақытта несиеленудің негізінен қысқа мерзімді түрі орын алып отыр. Оның себебі, республикадағы экономикалық тұрақсыздық салдарынан коммерциялық банктер қысқа мерзім ішінде қорларды орналастыру және пайданы қамтамасыз етуге көнуде. Қарыз алушыға қысқа мерзімді несиелену уақытша қорлардың жетіспеушілігін жабуға және несиелену пайдаланғаны үшін аз пайыз сомасын төлеу мүмкіндігіне ие болады. Бұдан басқа қысқа мерзімді несиелену пайдалану барысында пайыз мөлшерлемесі белгіленеді де, қарыз алушы несиелену бойынша жалпы шығындар бюджетін алдын-ала құра алады. Берілген көрсеткіштер республика бойынша өткізілген барлық несиеленудің 50% көбі қысқа мерзімді несиелену үлесіне тиіп отыр. Соның ішінде аз бөлігі, несиелену салымының үштен бірі экономиканың сауда секторына, ал төрттен бірі – өнеркәсіп секторына жұмсалған. Берілген жағдайда сауда операцияларының айналымдылығы және

табыстылығы өндіріс ортасына қарағанда жоғары екендігін көріп отырмыз. Тауар өндірушіге банктік несиені пайдаланудағы пайыз мөлшерінің жоғарлығы өнімнің өзіндік құнына қосуға да келмейді, өндірістегі тиімділіктің төмендігіне сәйкес пайладан төлеуге де келмейді. Сондықтан несиеге бұндай пайызды негізінен сауда және деддал фирмалар төлей алады. Әрине, нарықтың тұрақтануы және теңгенің күнсыздану қарқынының төмендеуіне сәйкес несие қорларын өндіріс ортасына салған нәтижелі болар еді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президентінің Н.Ә. Назарбаевтің дәстүрлі халыққа жолдауында айтқандай «Біздің міндетіміз – экономиканы осы сынаққа дайындау, оны әртарапандыруды жалғастыру болып табылады» [1].

Қысқа мерзімді несиелерді несиелеу объектілеріне байланысты бөліп қарасақ келесідей қорытынды жасауға болады. Өткен жылдағыдай осы жылы да несиенің негізгі бағыттары болып: айналым қорларын толтыру және тұрғындардың тұтыну көздері болып отыр. Айналым және негізгі қорларды толтыруға несиелер негізінен банктік емес заңды тұлғаларға арналған. Олардың негізгі бөлігін бұрын сауда-делдал операцияларымен айналысқан, қазір өнеркәсіп және қызмет көрсету ортасындағы кәсіпорын иесі болып табылатын жеке кәсіпкерлер құрайды. Бірақ өзінің табыстылығымен қысқа мерзімді несиелер экономикалық тұрақсыздық және өндірістің құлдырау жағдайында тәуекелді мәміле болып табылады. Қазіргі жағдайда клиенттердің банктерден алған қарыздарының қайтаруын кідірту немесе тіптен несиені қайтармау жиі болып тұрады. Осындай жағдайларды болдырмау үшін, банк, бірінші кезекте несие беруге арызды қарау және клиенттің несие қабілетін анықтаудағы аналитикалық жұмысты жетілдіруі тиіс. Арызды, ұсынылған бизнес-жоспарды тереңдеп зерттеу мүмкін тәуекелдердің болуын алдын-ала көруге жағдай жасайды. Келесі авантюристігі уақытында тану үшін, клиенттің құқтық статусына талдау, оның ұсынған құжаттарының заңдылығын тексеру үшін құқық қорғау органдарымен ынтымақ қатынасында болу керек.

Қазір клиенттің менеджментіне талдау үлкен мәнгеріе болып отыр. Себебі көбіне несиені қайтармау – клиенттің банкрот болуына байланысты, ал ол өз кезегінде нашар менеджменттің нәтижесі болып табылады. Американың кәсіпорындарының қаржылық денсаулығы туралы мәліметтер жинауда ғасырлық тәжірибесі бар «Дан энд Брэдстрит» фирмасы кәсіпорындардың жылдан-жылға сәтсіздікке ұшырауының мына себептерін анықтаған: ақпаратсыздық, басқару

тәжірибесінің жоқтығы, маркетингте, қаржыда, жабдықтауда және өндірісте тәжірибенің жетіспеушілігі, ұқыпсыздық. Көп жағдайда кәсіпорындар сәтсіздікке басқарушылық талаптардың өсуіне байланысты ұшырайды. Он қызметкері бар кәсіпорынды басқару бір басқа, ал жүздеген қызметкері бар кәсіпорынды басқару бір басқа. Егер бізде клиенттердің несие қабілеттілігін анықтайтын және олардың алған несиелері мен жабылмаған несиелер туралы мәліметтер жүйесі болса, онда қарыз алушының несие қабілеттілігіне талдау жасау оңай болар еді, себебі бұл мәліметтерді анықтау өте қиын. Мысалы, Францияда аталған қызметпен айналысатын Орталық тәуекел қызметі құрылған. Қандай банк болмасын несие алушы туралы мәліметтер алғысы келсе, осы қызметке жолыға алады. Біздің елде несие жүйесін жетілдіру және несие тәуекелін төмендету үшін осы жүйені жедел енгізу керек. Бұл жағдайда өздерінің клиенттері туралы ақпарат алғысы келген коммерциялық банктер тиісті телекоммуникациялық желі арқылы белгілі секундтар ішінде мәліметтер базасына кіріп, өздеріне қажетті несие алушының қаржылық жағдайы туралы ақпарат ала алады. Негізінен несие алушылар туралы ақпарат жинау жүйесін құру жұмысы болжанды. Американдық корпорациялар, соның ішінде «Дан энд Брэдстрит» қазақстандық нарыққа шығып, коммерциялық банктерге келесідей қызмет түрлерін ұсынуға сенім артқан: бөлек компанияларға рейтингтік қаржы жағдайы туралы баға беру базасы және оның бизнес-анықтамалары, шоттарды төлеу тәжірибесі, бизнестің басқа да этикалық нормаларын сақтау, оның қатысуымен арбитраж жұмысына талдау және т.б.; аймақ және салалардағы маркетингтік зерттеулер; елдердегі экономикалық жағдай, келендік, валюталық реттеу туралы толық анықтамалар, төлем жағдайы және арбитраж, салалық, аймақтық және арнайы анықтамалар.

Сонында осының бәрі үлкен проблемаға тірелді: коммерциялық банктің клиенттері болып табылатын – кәсіпорындар мен ұйымдар, өздері туралы мәліметтерді ұсынудан бас тартып, қажетті ақпараттар жинау қиындады. Батыста осындай ақпараттарды ұсынудан бас тарту – берілген компанияны теріс жағынан мінездейтін маңызды көрсеткіш болып табылады. Қазақстанда кәсіпорындар туралы жалпы ақпараттық желінің жоқтығынан – қарыз алушылар және кәсіпорындар өздері туралы ақпарат ұсынуға үрейленеді. Сондықтан несие тәуекелдері әлі жоғары болмақ. Берілген жағдайда Қазақстанда өркениетті нарық қалыптастыру мақсатында заң шығарушы органдарды тарту арқылы комплексті

жақындау керек. Және де банктің жауапты тәжірибесіндегі несие келісім-шарттарының экономикалық жетілдірілмеу кемшілігін атамай кетуге болмайды. Бұл жоспарда несие келісім-шарттарының мазмұны мерзімі асырылған қарыздың негізгі және пайыздық төлемі бойынша қайталанбауына шара қолданылмайды, кейде тіпті құқықтық қатынаста берілген қарыздың қайтарылуын қамтамасыз етпейді. Сотқа жолыққанның өзінде келісім-шартты орындау қиынға соғады. Мысалы, келісім-шартқа отырған қарыз алушыны табу мүмкін емес немесе негізгі қарызды және оған тиісті пайызды жабатын нақты көздің жоқтығы. Көп жағдайда несие келісім-шарттары заңды дұрыс құрылмайды және оларға тиісті тұлғалар қол қоймайды. Батыста несие келісім-шарттары екі жақтың құқықтары мен міндеттемелерін реттейтін маңызды құжат болып табылады. Осыған байланысты несие келісім-шартын құрарда, тек несиелеу мәмілесін және клиентті терең зерттемей, сонымен қатар мүмкін тәуекелдерді есепке алып, келісім-шартта сауатты көрсету керек [2].

Келесі – республикада қолданылып жүрген кепіл механизмінің жетілдірілмеуі. Мысалы, жылжымайтын мүлкі кепіл ретінде қолдану жерге жеке меншік заңының жоқтығы кедергі болып тұр. Кепіл келісім-шартына сәйкес, несие берушінің талабы кепілге салынған мүлктің құнымен қанағаттандырылуға. Егер, кепілді өткізгеннен түскен сома банк қарызын, сол уақытқа жиналған негізгі қарыз, оған тиісті пайыздар, өсім және сөгіс шығындарын шабуға жетпесе, онда банк жетпеген соманы қарыз алушының басқа мүліктер құнынан алуға құқылы. Бірақ Қазақстан Республикасының азаматтық-процессуалды заңы сөгістің (взыскание) келесідей кезегін белгілеген. Бірінші кезекте, банкроттың мүлігіне банкрот процесін енгізген өз шығындарын жабуға арбитражды сот «кіріседі», екінші кезекте «өлеуметтік орта»: алименттер төлеу, жұмысшыларға жалақы қалдығы және т.б. Осыдан кейін сөгіске бюджет құқылы: республикалық және жергілікті салықтар және салықтық төлемдер. Содан кейін барып несие берушілерге кезек келеді. Басында кепіл ала отырып қарыз бергендер, сонан соң – қалғандары. Көбінесе осы уақытқа дейін банкроттың мүлігі қалмайды. Басқаша айтқанда банкрот ештеңесіз қалады. Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы кепіл құқығының негізгі принциптерінің бірі – басқа кредиторлар талаптары алдында кепілді талаптарды қанағаттандыру артықшылығы кедергі болып отыр. Бұдан, несие тәуекелдерін төмендету үшін кепіл механизмін жетілдіру керек.

Банктік операциялар қазіргі экономикалық өмірдің динамикалық және сезімтал ортасы болып келеді. Соның ішінде банктік операциялар ортасы экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда жекелеген әдістерді, жақындауды талап етеді. Көптеген көтерілген проблемалардың шешімі тек заңды, нормативті-құқықтық базаларда емес, сонымен қатар мамандардың, банк қызметкерлерінің білімі және тәжірибесіне тікелей байланысты. Көбі нақты жағдайда дұрыс шешім қабылдау және әр сұраққа жеке жақындауды талап етеді. Заңды және жеке тұлғаларды несиелеуде несиелеудің негізгі принциптерін қатаң сақтаумен жүзеге асырылуы тиіс. Бұл қатынаста несиенің қайтарылу тәуекелін төмендету мақсатында несиелеу тактикасын қатайту керек. Европалық Қайта Құру және Даму Банкі өзінің несиелеу бағдарламасында: «Қатал, бірақ адал» ұранын басшылыққа алады. Біздің банктер жағдайында бұл ұран орынды, себебі сенімді клиенттер әруақытта банктің оларға қолдау көрсететіне сенім артуына болады. Ал несиені төлеу немесе қайтаратын ойлары жоқ клиенттер, банк жағынан жеңілдіктердің болмайтынын түсінулері тиіс. Қорыта келе, менің осы ұсыныстарым біздің банктік тәжірибеде өркениетті нарықтық қатынастардың дамуына, қаржылық-несиелік тұтқаларды реттеудің дамуына және бүтіндей экономиканың дамуына септігін тигізеді деген үміттемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Өлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012.
2. Программа либерализации валютного режима в РК на 2005–2007 гг. утвержденный постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 июня 2005 года №705 // Казахстанская правда. – 9 июля, 2005.

Қазақ халқының баспанасы – киіз үй

Әлия ИСАЕВА,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты;
Гүлбану МӘЖИТОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 2-курс студенті



Әнер тарихы адамзаттың өткенімен біте қайнасып, өзара қабысып келе жатқан дүние. Тіпті оның тарихы адамзаттың жүріп өткен сара жолы болып табылады. Сонау ілкі замандардан бері адам баласы қоныстар мен қалаларда, сайын далаларда сан алуан ескерткіштерін, күмбезді ғимараттарды салды, күнделікті өмір мен тұрмыс-тіршілікке қажетті мыңдаған бұйымдарды, еңбек құралдары мен қару-жарақтарды ойлап тапты. Бұдан қазақ халқы да кенде қалған жоқ, ол да әлем өркениетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Сондай бірегей туындылардың бірі, ұлттық сәулеткерліктің ең үздік шыңы болып табылатын жылжымалы тұрғын үйі немерсе киіз үй саналады. Сан ғасырлар бойғы практика нәтижесінде қалыптасып, өмір сынынан өткен көшіп қонуға ыңғайлы, жиналмалы күмбезді сәулет үйінің қазіргі жетілген түрі қазақ киіз үйі десек, артық айтпаған болар едік. Киіз үй көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан көшпелілер баспанасы. Еуразия далаларындағы жартылай көшпелі және отырықшы халықтардың арасында кең тараған. Көшіп-қонуға лайықталып жасалады, түйе мен атқа тиеу арқылы жеңіл көшіріледі. Кезінде ата-бабаларымыз (ғұндар, сақтар, скифтер) осы үймен күнелтіп, дүниенің түкпір-түкпіріне саяхат жасаған. Осындай сәулет ағымын өмірге әкелген көшпенді халық VI–VIII ғасырларда ғажайып сәулет өнерін жасай өркендетті. Кезінде шартарапқа әйгілі болған қалалар: Сауран, Отырар, Тараз, Баласағұн және т.б. Жібек жолының бойында бой көтеріп

өркендеген мәдениетімен, ерекше сән салтанатымен талай елдің саяхатшыларын аузына қаратқан [1].

Сайын дала төскейінде ғұмыр кешкен көшпенділерге ең алдымен қажет нәрсе көшіп-қонуға ыңғайлы баспана болғандығы белгілі. Тұрмыстық қажеттіліктерден туындаған осындай әмбебап дүние киіз үй болған еді. Тарихи зерттеулерге қарағанда, киіз үйден бұрын түрлі баспаналарды мекендеген көшпелілер, табиғи жағдайлар мен тұрмыс қаракеттеріне сай ең алдымен «күрке» секілді қоста тұра бастаған. Қабырғасы ағаш қадалармен бекітіліп жасалған күркелер қамыс, шөп сияқты жеңіл өсімдіктермен бүркелген. Сырдария бойының елі «киіз үй» деудің орнына, қазірге дейін «қара үй» дейді. Мұны бір орыннан жылжымайтын қойы аз егіншілер шығарған болуы керек [2]. Киіз үй – көшпелі халықтардың негізгі баспанасы. Киіз үйдің тарихы тереңде жатыр. Үш мың жылдық тарихы бар, түркі тектес халықтардың «Қара шаңырақ» иесі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, өмір сүретін ортасын киіз үйден тысқары елестетуге болмайды. Қазақ халқының ата-бабалары қадым, бағзы заманнан бері қарай, атап айтсақ скиф, сақ, ғұн, түркі, «қос ок» тайпалары дәуірінен киіз үйде өмір сүріп келгенін тарихи деректер айқындайды. Кейбір деректерде киіз үйдің пайда болғанына 7–10 мың жыл болған деп те көрсетіледі. Ертеде түрік дәуірлеріндегі үйлер бийік, шошақ, ашық шаңырақты келген. Мұның өзі «ашық от» жағуға қолайлы болған. Мамандардың айтуына қарағанда, қазақ киіз үйі көне, байырғы «түрін» сақтап қалған. Киіз үй «үй ағаштан», «үй сүйегі»: кереге, уық, есік, шаңырақ, бақандардан тұрса, жамылғағы үзік, туырлық, түндік, бау-шудан, шиден құралады. Қазақ халқының көшпелі тіршілігінде баспана болған киіз үй ерекше міндет атқарып келген. Қазақ баласының ұрпақ өсіру, тіршілік құру және де о дүниеге «соңғы сапары» да осы киіз үймен тығыз байланысты. Бір сөзбен айтқанда киіз үй қазақ халқының киелі ордасы, өткені және тарихы. Отандық және шетелдік зерттеушілердің көпшілігі киіз үйдің көшпелілер өміріне өте ерте заманнан белгілі болғанын айтады, олар киіз үйдің прототиптеріне де пайымдаулар жасаған [3]. Мұндай зерттеулердің барлығы да киіз үй қазақ халқы өмірінде көне заманнан келе жатқанын аңғартады. Қазақтың ата-бабалары біздің заманымыздан бұрынғы 7–1 ғасырларда киіз үйде өмір сүргенін баяндайтын жазбаша тарихи деректері жеткілікті. Бұдан біз киіз үйдің көне мұра екенін де сезнеміз. Қазақ халқы киіз үйді басқа көшпелі халықтарға қарағанда сәндеген, әшекейлеген, тіпті кейбіреулерін өте үлкен етіп жасаған. Ертеде қазақ халқы

көп балалы болды, ауқаттылар көп әйел алды, бөлкім бұлардың барлығы да үлкен киіз үйлерге деген сұранысты арттырған да шығар. Сондықтан, көбінесе отбасы мүшелері санына қарай киіз үлкен, әрі кең болып келді.

Қазақ киіз үйлерін қырғыз, түркімен, моңғол тектес тайпалардың киіз үйлерімен салыстыра қарағанда, бұл айырмашылық айқын көрінеді. Басқа ұлт өкілдерінің баспанасынан қазақ киіз үйі үлкен болып келеді. Киіз үйді толық жабықтап, өмірде пайдалануды қазақтар өз қолдарымен істеп келген. Қазақтар киіз үйлердің небір жақсы үлгілерін сақтап қалған. Әлем түкпірінен келген саяхатшылар, жиһангездер бұған куә болып та жатыр. Өткен ғасырларда жаз айларында қазақтар түгелдей дерлік киіз үйде отырады. Қаладағы тұрғын үйде тұрушылардың өзінде де киіз үйлері дайын болып тұрған, жазда жайлауға киіз үймен шыққан. Қазақтар үй ағашты өздері байырғы қазақи әдіспен өндеген, жөндеген, үйге қажетті жабықтықтарды, жиһаздарды жасаған, басқұр, т.б. тіккен.

Үйдің негізгі бір басты мүшесі, оның үй ағашы яғни «сүйегі» болып табылады. Үй ағашты орманды өлкеден күні бұрын белгілеп көктемде, күзде қиып алып жақсылап түзу жерде сақтап, күн жылына үй сыртында ағаштардың қабығын аршиды. Көбінде тал, қарағал, қызыл тал, және басқадай да ағаштарды пайдаланады. Қабығы аршылған ағаштарды қарыстап көреді. Үйге тапсырыс, сұраныс берген адамдар, сондай көзді шаңырақ, сонша қарыс уық, сондай басты кереге деп дәстүрлі ұсыныстар жасайды. Сол бойынша ағаштар сұрыпталып дайындалады [4]. Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өндеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп даралады. Ал, бұл шеберлердің ерқайсысы өзінің негізгі кәсібін басқа да уақ-түйек бұйымдар түрлерін жасай білді. Әсіресе, «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әр түрлі металл және сүйек өндеу ісімен де айналысты. Ағаш өндеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, шынайы талғамды керек ететін түрі – киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер ісі. Мұны халық тілінде «үй басу» деп те атайды [4, 9].

Егер ою-өрнек бейнелеу өнерінің шыны десек, киіз үй көшпелі өнерінің биік шыны деп айтуға болады. Сондықтан сәулет өнерінде

басты орын киіз үйге берілуі тиіс. Алдымен киіз үйдің абылайша түрінен бастап, қараша үй, қоңыр үй, салтанатты үй, орда түрлері, олар қанағ санына қарай ажыратылады. Екіншіден, киіз үйдің түзімділік сипатына келсек, оның сүйегі – шаңырақ, уық, кереге және жабындары – түндік, үзік, туырлық секілді басты құрылымдық бөліктері ажыратылады. Одан кейінгі, киіз үйдің есігі – киіз есік, сықырлауық, мандайша, табалдырық, таяныштары – босаға, есік жақ деген түсініктерді береді. Мұның бәрі адамның, яғни баланың дүниетанымдық түсінігін арттырып, эстетикалық көзқарасы мен талғамын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік жасайды.

Тарихи деректерге сүйенсек, XI ғасырдағы моңғолшапқыншылығы кезеңінде Қазақстан жерінде экономикалық және мәдени даму тежеліп қалды. Дегенмен киіз үй жасау одан ары жалғаса берді. Қолөнер шеберлері бар күші мен білімін негізінен киіз үй ішін сәндеуге жұмсады.

Киіз үйдің құрылысы жетіле түсіп, оның ағаш бөлігі (сүйегі) – шаңырақ, уық, керегеден құрастырылды [5]. Киіз үйдің «сүйек» аталатын ішкі қаңқасы: кереге (қабырға сүйегі), үйдің шаңырағын керегемен жалғастырып тұратын уық және шаңырақтан құралады. Бұлардың бәрі «тез» деп аталатын сайман арқылы жасалады. Тезге салып қажетті түрде келтіретін ағашты қоламтаға (шоғы ара-лас ыстық күл) сүңгітіп, балқытып алады, сонда ол июге жылдам көнеді. Халықтың: «тез қасында қисық ағаш жатпайды» деуі осыдан шыққан.

Айта кететін бір жайт, моңғол тайпаларының киіз үй ағаштарында уықтың қарымы болмайды, керегелері жазықтау келеді, ал үйдің өзі аласа болып келеді. Алайда ертедегі ауқатты адамдарда ақ күмбез үйлері көп болғанын кейбір тарихтар баяндайды. Қазақтың үйі үлкен, кең болады. Соған сай үй ағашты үлкен, кең істейді. Олардың мөлшеріне келсек шаңырақ 60, 70, 80, 90, 100 көзді, кереге де, уық та сондай басты, қаламды келеді. Ал кереге саны 4, 6, 8, 10 қанатқа дейін барады. Бұл қазіргі қазақ киіз үйлерінің үлгілері. Аз қанағ үй ертеде тек жағдайсыз кедей адамдарда ғана болған. Жүк көзді шаңырақ, сегіз, он қанағ үйлер арнаулы етіп тігілген үйлерден қазір де кезігетіні өмір шындығы. Үйдің сүйек ағашы дайын болып, оны күні бұрын киюластырып тігін, біраз күн қалыптастырып қойғаннан кейін киіз үйдің жамылтықтары өлшеніп пішіледі [6].

Киіз үй сүйегі, яғни керегесі мен уықтары, көбінесе, өзен жағасында өсетін әр түрлі талдан жасалады. Мәселен, оған Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, көк тал, кара тал, боз

тал, құба тал сияқты түрлері пайдаланылды. Сән-салтанат құрған ірі байлар, төрелер мен билер үйшілерге киіз үй сүйегін түгелдей қайыңнан жасатады. Әдетте, қайыңнан жасалатын үйлердің көлемі үлкен, сүйегі салмақты, өзі өте берік келеді. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өңдеген соң, оны боямайды. Өйткені, ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсі үй ішіне аса ұнамды рең беріп тұрады.

Киіз үй сүйегіне жарайтын ағашты, көбінесе үйшілердің өздері ерте көктемнен бастап әзірлеп, кемінде бес-алты ай, кейде, тіпті, жыл бойы көлеңкеде кептіреді. Жаңа кесілген жас тал мен қайыңның қабығы оңай сыдырылады, көп еңбекті қажет етпейді; екіншіден, қабығы алынбаған ағашты көлеңкеге жиып қойса, ол жуыр-манда кеппей, қабық астында құрт пайда болып, ағаш борсып, шірі бастауы ықтимал. Сондықтан, кесілген ағашты жылдам аршып, бастауы тегістеп отап, 20–30 ағаштан бір-бір бума жасап, көлеңкеге бірінің үстіне бірін жинай береді. Мұндай бумаларды, әдетте, сыдырылған тал қабығының өзімен-ақ буады. Үй ағашын бұлайша бумалап кептірудің де өзіндік себебі бар. Біріншіден тасымалдауға ыңғайлы, екіншіден, көлеңкеге жиналған көп бумалардың бөрі дұрыс, біркелкі кептіру үшін оларды әлсін-әлсін аударыстырып астын үстіне, ортасындағысын шетіне шығарып қозғап отырады. Ал, барлық бумаларды бір шамада жел қақтырып отыруға немесе шыжыған ыстықтарда ағаш тез қурап, жарылып кетпеу үшін оларға су бүркетіндей етіп бумалап жинау тым қолайлы болады. Осындай әдіспен өбден кепкен үй ағашын үйшілер: «Қақсал кепкен ағаш», – дейді де, ол жоғары бағаланады [4, 10].

Киіз үйді біздің халық «қасиетті киелі кара шаңырағымыз» деп дәріптейді. Шаңырақ – заттың болмысы жағынан қазақ киіз үйінің бар «сүйегін» біріктіріп тұратын ағаш төбешік. Ал екіншіден, ұлттық сана-сезім, дүниетаным, тәлім жағынан келгенде, шаңырақ – «үй», «отбасы», «әулет», одан жоғары халық ұғымын беретін қазақ жұртының өсіп-өну ұйтқысын, дәстүр тәрбиесін, біртұтас бірлік-тірлігін білдіретін рухани философиялық көркем баламалы қасиетті кең ұғым. Халқымыздың тарихы, өсіп-өнуі, шежіресі, яғни қазақ шаңырағы – қазақ елі деген мағына береді [1]. Кереге санына қарай киіз үй: төрт, алты, сегіз, он екі, он төрт қанаттардан құрастырылады. Жеке ағаштардан, талдан немесе теректен жонылған керегені бір-біріне біріктіріп, байлауды «көктеу» дейді. Тігілетін киімдердің бөлшектерін алғаш сирек паншып тігісін біріктіріп алулы «көктеу» дейтіні де, осыдан шыққан. Көктеуге ең қолайлысы түйе мойнағының

терісінен тілетін қайыс. Ол керегені жинағанда да, жайғанда да үзілмейді. Керегенің көздері «желкөз» және «торкөз» болып екіге бөлінеді. «Желкөз» кең, ал «тор көзі» тар болады. Дауылға желкөз шыдамды, жауынға торкөз шыдамды келеді [7].

Киіз үй сүйегінің ең күрделісі де, қыруар еңбекті қажет ететіні де кереге болғандықтан, үйші ең алдымен кереге сағаналарын дайындауға кіріседі. Ол үшін алдын-ала дайындалған қозға немесе мор мен обынға, керегеге арналған ағаштардың он шақтысын салып, өбден жұмсартады. Жақсы кепкен ағашты қозға салар алдында суға малып алса, ол тез жұмсарып, бабында балқиды, ағаштың сырты күймейді де. Қозда жатқан ағаштарды біртіндеп алып өңдеуге кіріседі. Ең алдымен ағаштың қисық жерлерін тезге салып, түзетіп алады. Ол үшін қоздан шыққан ыстық ағашты биылай китен сол қолымен ұстап, оның қисық жерін тездің кертпегіндегі қазықшаның тұсына апарып ұстайды да, оны сықаурын алақанымен жанши отырып түзетеді.

Сықаурынды оң қолымен ұстап тұрып, сабы жағын жамбасқа салып, бар дене салмағымен бір басып, бір босатқан уақытта түзетілетін ағашты ретіне қарай аударыстырып, қозғап отырады. Оның ұзына бойындағы олпы-солпысын түзетіп шығады да, бас-аяғын шапшотпен шауып, сағаналар ұзындықтарын біркелкі етеді. Одан соң ағаштың жуан басының екі жағын түзу жонғымен тегістейді, тісті жонғымен ыру сызықтарын жүргізеді. Кереге сағаналарының қалған ұзына бойын түгелдей қуыс не ойыс жонғымен жұмырлай жонады. Жону, түзеу жұмысы біткен соң тезге салу арқылы керегеге сағаналарына арнайы мүсін бере, әр жерінен белгілі мөлшерде иіндер жасайды. Осының нәтижесінде кереге сағанасының басы сәл шалқактау болады, мойын тұсы ішке еніп, бүйірі сыртқа теуіп шығыңқы келеді. Ал, бір жағы біртіндеп ішке тартып, төменгі ұшы тіп-тік келуі қажет. Кереге сағанасын тігінен қойғанда оның басы мен етегінің ең төменгі ұшы бір түзу бойында болуы шарт. Мұның өзі киіз үй сүйегінің орнықты және берік, әсіресе, киіз үйдің салмағына керегенің шыдамды болуының басты шарты. Кереге сағанасының осылайша мүсінделуі бүкіл қанатының әдемі болуына айтарлықтай әсерін тигізеді [4, 12].

Қазақ сахарасында киіз үйдің ең көп тараған негізгі түрі – алты қанат үй. Яғни, алты керегелі киіз үй. Сөйтіп, үйдің үлкен-кішілігі оның қанат санымен анықталады. Қанат санына қарай кереге бастарының саны, кереге басына қарай уық саны әр түрлі болып келеді. Мұнымен бірге кереге көздерінің үлкен-кішілігіне қарай

тор көз кереге (жұдырық сиярлықтай ғана) және жел көз кереге (қос жұдырық сиярлық кең көзді) болып екіге бөлінеді. Олай болса тор көз және жел көз керегелі киіз үй сүйегінің кереге басы, оған қарай уық саны да әр түрлі болады. Мәселен, Қызылорда, Алматы облыстарынан өзіміз ел арасынан жинаған деректерге қарағанда, тор көзді 12 қанат үйде – 180 бас, 8 қанат үйде – 130 бас, 6 қанат үйде – 90 бас, 5 қанат үйде – 80 бас, 4 қанат үйде – 60–65 бас болса, жел көз керегелі 6 қанат үйде 72 бас, 5 қанат үйде – 60 бас болады. Тор көзді керегенің біреуінде (яғни, қанатта) 15–16 бас, 6 қанат үй керегелерінің үшеуі 15, қалған үшеуі 16 басты болып келеді, яғни үйдің қанат саны қанша ескенімен, оның жартысы 15, жартысы 16 бастан тұратындығы заңдылық. Ал, жел көзді керегенің біреуінде 12–13 бастан болады, ал оның жартысы 12, қалған жартысы 13 бастан тұрады. Бұлай болу себебі, қанаттарды бір-бірімен қосқан, киіз үйді тіккен уақытта екі керегенің бір-бір басы бірігіп, бір бас болып шығады да, тігілген үйдегі керегелердің әрқайсысының басы тор көзді керегеде 15-тен, жел көздіде 12-ден шығады. Бұл арада айта кететін тағы бір заңдылық – киіз үй сүйегінің қанат саны 6-дан артқан соң оның керегелері әрдайым тор көзденіп жасалады, ал жел көз керегелі үйлер, әдетте, 4, 5 және 6 қанаттан аспайды.

Кереге сағаналарының көгі мен уық алақандары тесіліп болған соң, оның әрқайсысы майда түрпі, темір қырнауыш немесе шыны сынықтарымен мұқият өңделіп, көбінесе, жосамен боялады. Ал, шамасы келгендер кереге мен уықтарды түгелдей қызыл, жасыл, көк түсті май бояулармен боятады, содан олар сырлы үй атанады. Тек қайыңнан жасалған киіз үй сүйегін мұқият өңдегеннен соң өсімдік майын неше қайтара сіңіре жағады. Содан барып өте ұнамды қайың ағашының өзіндік табиғи түсін сақтайды.

Кереге мен шаңырақ арасын біріктіріп, киіз үйдің төбесін шығарып тұратын иінді ұзын ағаштарды уық деп атайды. Бір үй сүйегіне арналған уық саны кереге бастарының жалпы санына тең болады. Олай болса, уықтың саны да, әрқайсысының ұзындығы да, әлділігі де киіз үйдің көлеміне, яки қанат санына, керегенің тор көз не жел көзділігіне тікелей байланысты болады.

Әдетте, киіз үйдің маңдайшасына алты уық байланады. Сонда кереге бастарының санына 6 маңдайша ұяларын қосып, жалпы уық санын есептеп шығару қиынға түспейді. Орта есеппен 6 қанат үйдің уығының ұзындығы 12–13 қарыстай болады. Әрине, әр жағдайда, әсіресе, шаңырақ көлеміне қарай уықтың ұзындығы жоғарыда көрсетілген мөлшерден не аздап ұзарып, не қысқаруы да ықтимал.

Қанат саны өскен сайын уықтың ұзындығы да арта түседі. Біздің көп жылдар бойы ел арасынан жинаған деректерімізге қарағанда, Жетісу өңірінің киіз үй уықтары иінсіздеу, шаңырағы шағындау келеді де, үй төбесі қалмақ үйі тәрізді шошақтау болады екен, ал Қазақстанның қалған өңірінде уық иіндірек, шаңырақ көлемділеу болады да, үй төбесі күмбез тәрізді жалпақтау келеді [8]. Академик Ә.Х. Марғұлан дәл осындай талдау жасай келіп, төбесі конус тәрізденген киіз үй конструкциясын киіз үй сүйегінің көне түрі болуы ықтимал деген болжам жасайды. Шынында да, жалпы киіз үйдің пайда болуы, даму процестеріне ой жүгіртсек, бұл болжамның дұрыстығына шүбәлануға болмайды.

Уықтың ұзына бойын қазақ халқы төртке бөледі: алақаны – кереге басына байланып бекітілетін жалпақтау түбі; иіні – алақанға жалғаса иілетін тұсы; қары – иіннен ұшына дейінгі оқтыңы; қаламы – шаңырақ тесігіне еніп тұратын уықтың төрт қырлы ұшы. Уықтың алақанының бетін түзу жонғышпен тегістеп алып, тісті жонғышпен ыру жүргізеді. Уық түбін шапашотпен доғалдап шауып, үскімен уық бау өткізетін тесік жасайды. Уықтың қарын ойыс жонғышпен жұмырлап жонады. Уық иінінен бастап қаламының дәл ұшына дейін біртіндеп жіңішкере береді. Уықтың мұндай конструкциясы, үйшілердің айтуынша, тегін қалыптаспаған. Біріншіден, уықтың жеңілдеу болуына әсерін тигізсе; екіншіден, шаңырақ шеңбері де онша жуан болмайтындықтан, оған жасалатын көптеген тесіктер саусақ сиятындай ғана болып жасалатындықтан, уық ұшына қарай жіңішкере беруі керек; үшіншіден, дөңгелеңе құрылған кереге бастарынан киіз үй аумағының 1/3-дей көлемде болатын, дөңгелек шаңыраққа қарай жарыса ұмтылатын уықтардың кереге басына бекітілетін алақан аралықтары алшақтау болады да, уық қаламдары сұғынатын шаңырақ ұяларының арасы 2,5–3 сантиметрден аспайды. Олай болса, уықтар аралығындағы кеңістік те, уықтардың өздері де төменнен жоғары қарай біртіндеп жіңішкере беріп, шаңырақ шеңберінде тыныштық тапқандай келісті көріністі аңғартады.

Мұның өзі халық шеберлерінің ғасырлар бойы эстетикалық талғамы дамуының нәтижесі; төртіншіден, қаламының жуандығы оның алақанымен тең болса, олар шаңырақ шеңберіне сыймайды, ал уық иіні жіңішке, әлсіз болса, жоғарыдан түсетін салмаққа шыдамайды. Сондықтан, уықтардың төменгі жағының жуан, әлді болуымен қатар жоғары қарай жеңілдеп, жіңішкеруі заңды қажеттіліктен туған өнер үлгісі. Уықтың ең жоғарғы жіңішке ұшынан оның 7–8 сантиметрдей төрт қырлы қаламын шығарады. Уық қаламының төрт

Тұрар Рысқұлов және Мәскеу Шығыстану институты

Ордасы ҚОҢЫРАТБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Магистратура және PhD докторантура
институтының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметінің әлі де тереңдете зерттеуді қажет ететін тұстары баршылық, олардың бірі – қайраткердің Мәскеу Шығыстану институтының қалыптасуына сіңірген еңбегі болып табылады.

Т. Рысқұловтың ресми түрде 1921–1922 жылдары РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатында қызмет атқарғаны белгілі, десек те ол денсаулығына байланысты аталған комиссариатта тек 1922 жылдың шілде-қыркүйек айларында ғана тұрақты жұмыс істеген. 1921 жылы көктемде Баку қаласында өкпесіне суық тигізген Т. Рысқұлов бір жарым жылдай емделгеннен кейін, 1922 жылдың шілде айында комиссариатқа оралып, алдымен коллегия мүшесі, артынан комиссардың екінші орынбасары болып сайланады. Қазан айының басында Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып қайтадан Ташкентке ауысқанға дейінгі екі жарым айға созылған белсенді қызметінің арқасында Т. Рысқұлов РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының тарихында үлкен із қалдырып үлгереді. Қайраткердің комиссариат қабырғасындағы сан-салалы қызметінің бірі, жоғарыда атап өткеніміздей, Мәскеу Шығыстану институтының қалыптасуына сіңірген еңбегі болды.

Азамат соғысы жылдарында басқа да білім мен ғылым ошақтары сияқты Мәскеу Шығыстану институты да аса ауыр әлеуметтік жағдайды басынан кешіреді. Тұрақты және жеткілікті түрде қаржыландырылмаған институттың қызметінде береке болмады. Институт тек 1922 жылы ғана қалыпты еңбек жағдайына көшкен бола-

қырлы болуы мен түбінен ұшына қарай жіңішкере беруі уықтың аунамауына және шаңырақ ұясына оның нық сұғынып, орнықты болуына ең қолайлы жағдай туғызады. Төрт қырлы уық қаламын шапашот және түзу жонғы арқылы теп-тегіс етіп шығарады, оның біркелкілігіне мұқият көңіл бөледі.

Қорыта айтқанда, киіз үй қазақ халқының өзімен бірге ғасырдан ғасырға жасасып, сан тарам тарих белестерінен бірге табы-материалдық және тұрмыстық мәдениетінің көрінісі болып табы-лады. Ол сонымен қатар қазақ халқының материалдық мұрасының бірегей үлгісі ретінде де бағаланады. Заман ағымымен бірге келе жатқан қазақтың киіз үйі бүгінгі күні де өз маңызын жоғалта қойған жоқ. Мыңжылдықтар қойнауынан жеткен киіз үй әлі күнге шейін ауылдық жерлерде пайдаланылып, тұрмыста (шаруашылық нысан-дарда, туристік базаларда, т.б.) кеңінен қолданылып келеді. Оның қолайлы екендігін пайдаланылып отырған ұрпақ та біліп-көріп жүр. Сайып келгенде, киіз үй өзіндік баға жетпес мәдениет пен өнер ту-ындысы екенін дәлелдеді, оның ұлтымыздың көшпелі өмір салты мен жосын-жоралғыларымен, әдет-ғұрпымен, дүниетанымымен астасып жатқандығын ешкім жоққа шығара алмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии // Советская этнография. – 1976. – №4. – С. 46–56.
2. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 28–30 бб.
3. Харузин Н.Н. История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народов России // Этнографическое обозрение. – 1896. – №1; Прошлое Казахстана в источниках и материале. Сб.1. – Алма-Ата, 1935. – С. 29.
4. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987. – 13–18 бб.
5. Бикұмар К. Қазақ халқының байырғы баспаналары, ұлттық киім-кешектері, ыдыс-аяқтарына байланысты әдет-ғұрыптар. – Алматы, 2006. – 22–23 бб.
6. Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. – М., 1964. – С. 3.
7. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.А. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерк теории и истории. – Алматы, 1998. – С. 111.
8. Тәжімұратов Ә.С. Шебердің қолы ортақ. – Алматы, 1977. – 23 б.

тың. Мәскеу Шығыстану институты құрылымдық жағынан РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы ғылыми мекеме және бір мезгілде жоғарғы оқу орны міндетін атқарды, сондықтан да аталған комиссариат институттың барлық қызметіне тікелей жауап берді. Комиссариат коллегиясының мүшесі және халық комиссарының орынбасары ретінде Т. Рысқұлов ұйымдық, әкімшілік және қаржылай қиын жағдайды басынан кешіріп отырған институттың ахуалын жақсарту үшін бар мүмкіндікті пайдаланып қолғабыс жасайды.

1922 жылы 17 шілдеде өткен коллегия мәжілісінде Мәскеу Шығыстану институтының қызметін жан-жақты тексеру үшін арнайы комиссия тағайындау туралы қаулы қабылдаған болатын. Тағайындау комиссиясының Т. Рысқұлов басқарған комиссия құрылады. Мыз айының басында Т. Рысқұлов комиссияның алғашқы он күнінде Т. Рысқұлов комиссиясы тамыз айының алғашқы он күнінде институттың қызметін толық тексеруден өткізеді. Тексеру институттың қызметі бойынша Т. Рысқұлов коллегия мәжілісі үшін көлемді қорытындысы баяндайды. Т. Рысқұловтың баяндамасының түпнұсқасы баяндама даярлайды. Т. Рысқұловтың баяндамасында сақталған [1].

Мәскеу Шығыстану институтының қызметі туралы тексеру қорытындысын Т. Рысқұлов екі бөлімге жіктеп берген. Баяндаманың алғашқы бөлігінде Шығыстану институтының жалпы жағдайы мен оқу бөлімінің қызметі талданса, екінші бөлімді қаржы-шаруашылық ахуалы мен институт ұжымында қалыптасқан топшылдық құбылыстарды ашуға арнаған. Шығыстану институтының қызметі, дейді Т. Рысқұлов, екі кезеңге жіктеледі, яғни институтта жаңа басқарма құрылғанға дейінгі кезең және ол құрылғаннан кейінгі кезең. Институттың оқу ісі РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының басқаруына өткенге дейінгі жүйесіз жазылған ереже мен педагогикалық кеңеске бағынып келген. Институттың басшылардың өз қалауы бойынша алынатын болған. Институттың жұмысына педагогикалық кеңестің құрамынан тағайындалған педагогикалық комитет, институт директор және институт комиссиясы бірлесе басшылық жасап келген. Аталған қызметкерлердің жиі жиі ауысуы салдарынан институттағы ғылыми жұмыстар мен оқу ісінің берекесі кеткен. Шығыстану институты Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатына тікелей бағындырылып, жаңа ереженің қабылдауына байланысты институт басқармасы білікті мамандар мен толықтырылып, директордың құзыры кеңейтілген.

Т. Рысқұлов одан әрі институттың оқу бағдарламасында теориялық және практикалық маңызы жоқ, қажетсіз пәндердің көп болғандығы туралы жазады. Комиссия институттың оқу ісі мен қаржы операция-

ларынан көптеген шикілік табады. Т. Рысқұлов Мәскеу Шығыстану институтының жағдайын жақсарту үшін сапасыз оқытушылардың бір бөлігін қысқартып, келесі бөлігін Петроград Шығыстану институтына ауыстыру туралы ұсыныс жасайды. Жұмысшылар мен шаруалардың балаларын ғылымға тарту үшін институт жанынан Жұмысшы факультетін ұйымдастыру қажеттігін атап көрсетеді. Сондай-ақ, институттағы оқу процесін жандандыру үшін Бүкілресейлік Шығыстану Ассоциациясын Мәскеу Шығыстану институтымен тығыз қарым-қатынас жасауға шақырады, ал Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегия мүшесі, белгілі шығыстанушы-ғалым М.П. Павловичке институтта аптасына бір рет қоғамдық пәннен дәріс оқуды ұсынады. Шығыстану институтында қаржы мәселесі де аса былғып кеткендігі анықталады. Институт ғимараты ешқандай сын кетпейтін жағдайда болған. Сонымен, Т. Рысқұлов комиссиясы Мәскеу Шығыстану институтын толық тексеруден өткізіп, көптеген оқылдықтар мен заңсыздықтардың бетін ашады.

Т. Рысқұлов Мәскеу Шығыстану институтын тексеру қорытындысын алғашында коллегияның 1922 жылғы 9 тамыздағы мәжілісінің талқылауына ұсынған еді, бірақ кейбір мәселерді қосымша тексеру үшін талқылау бір-екі күнге кейінге қалдырылады [2]. Қосымша тексеру аяқталғаннан кейін, Т. Рысқұлов коллегиясының 1922 жылғы 11 тамыздағы мәжілісінде Мәскеу Шығыстану институтының қызметі туралы арнайы баяндама жасайды. Мәжіліске коллегия мүшелері – О.Я. Карлин, М.Д. Гусейнов, комиссариаттың Ұлттық кеңесінің мүшелері – У. Танышев (қазақ өкілдігі), М.В. Шевле (чуваш өкілдігі), Насунов (қалмақ өкілдігі), В.А. Гартвиг (неміс өкілдігі), сондай-ақ, А.Т. Гисматуллин, Е. Мазуров (Мәскеу Шығыстану институты), Я.Е. Брезановский (коллегиясының іс басқармасы), Г.К. Клингер, Б.Л. Абуков (Бүкілресейлік Шығыстану Ассоциациясы) қатынасады.

Баяндама мәжілісте қызу талқыланған соң, коллегия Т. Рысқұлов комиссиясының қорытындыларына жоғары баға беріп, Шығыстану институты бойынша арнайы қаулы қабылдайды:

- институт басқармасының бір ай ішінде РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегиясына жаңа оқу жоспарын тапсыруы;
- ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасын реттеу;
- әкімшілік-шаруашылық істер бойынша кемшіліктерді жою;
- жағымсыз істерімен әйгілі болған профессор Поповты институттан кетіру және т.б. [3].*

Ұлттар кеңесінің 1922 жылы 11 қыркүйектегі мәжілісі коллегияның 1922 жылы 6 қыркүйектегі қаулысын бекітеді [8].

Т. Рысқұлов 1922 жылы қыркүйек айының екінші жартысында федерацияның жоғарғы оқу орындарында жаңа оқу жылының басталатындығына орай студенттер мәселесімен тығыз айналысады. 1922 жылы 11 қыркүйекте комиссариат коллегиясы Мәскеу мен Петроград Шығыстану институттарының стипендиясын бөлу мәселесін талқылайды [9]. Т. Рысқұлов өзінің Мәскеу Шығыстану институтының Қабылдау комиссиясының төрағасы екенін пайдалана отырып, оқуға түркі-мұсылман жастарының қабылдануына күш салады. Оқу-білімнен артта қалған аймақтардың бірі ретінде – Түркістан жастарын жеңілдетілген шарттармен алғашқы кезекте қабылдаудың және оларға мүмкіндігінше көбірек орын бөлудің маңыздылығын дәлелдеп сөйлейді. Т. Рысқұлов коллегия мүшелерінің өз пікіріне көндіріп, 1922–1923 оқу жылында Мәскеу мен Петроград Шығыстану институттарынан Түркістан жастары үшін 16 орын алуға қол жеткізеді. Мәжілістен кейін Т. Рысқұлов Ташкент қаласына шұғыл жеделхат жолдап, республика басшыларынан тез арада талантты түркі жастарын Мәскеу мен Петроградқа аттандыруды талап еткен: «Сіздерге Мәскеу Шығыстану институтына он екі орын (12), ал Петроград институтына төрт (4) орын берілді. Азды-көпті даярлығы бар жергілікті жастарды тез арада аттандырыңыздар. РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары Т. Рысқұлов. 11.IX.1922 г.» [10]. Осылайша, Т. Рысқұловтың күш салуымен 1922–1923 оқу жылында Мәскеу Шығыстану институтына қабылданған 250 студенттің 12-і түркістандықтар болды.

1922 жылы Т. Рысқұлов небәрі 28 жаста еді, ал Тұрардың көмегімен оқуға түскен түркістандықтардың да жастары осы шамалас болатын. 1916 жылы Ташкент педагогикалық институтына түсіп, жоқшылық пен аласапыран заманның кесірінен оқуын аяқтай алмай, институттың екі курсын тәмамдады деген анықтама қағазға әрең қол жеткізген Тұрардың қызметте жүрген кейінгі жылдары кез келген университетке түсіп, диплом алуына мүмкіндігі мол болатын. Бірақ Тұрар дипломсыз-ақ туған халқына қызмет жасаудың тамаша үлгісін көрсетті. Тұрардың көмегімен оқып келген жүздеген жастар қазақ жұртының сауатын ашып, елді өнер мен білімге сүйреді.

1922 жылы 13 қыркүйекте өткен коллегия мәжілісінде Т. Рысқұлов Мәскеу Шығыстану институтының 250 студентіне арнап жеке жатақхана ашу мәселелері бойынша баяндама жасайды [11]. Коллегия Мәскеу қаласында осындай жатақхана ашу туралы

Институтының басы артық штатын қысқартып, ғылым мен оқу процесінде қабілетсіздік танытқан оқытушыларды тазалау үшін жаңа комиссия тағайындалады, оның құрамына коллегиядан – Т. Рысқұлов, Шығыстану институтының басқармасынан – Грутовский, студенттер қауымдастығынан – Ширман кіргізілді [4].

Мәжілісте институт ректоры Е. Мазуров Шығыстану институтына биылғы Қабылдау комиссиясын тағайындау мәселесі бойынша сөз сөйлейді. Коллегия бес адамнан тұратын Қабылдау комиссиясын құрады, оның құрамына: РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегиясынан, студенттер қауымынан, институт басқармасынан бір-бірден және оқытушылар құрамынан екі адам кіргізілді. Комиссариат коллегиясының шешімімен Мәскеу Шығыстану институтына 1922–1923 оқу жылында студенттер қабылдайтын мемлекеттік Қабылдау комиссиясының төрағасы болып Т. Рысқұлов тағайындалады. Мәжіліс төтенше жағдайлар үшін Т. Рысқұловқа кандидат етіп М.Ю. Брундуковты бекітеді [5].

РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының коллегиясы 1922 жылы 6 қыркүйекте өз мүшелерінің атқарар міндеттерін талқылайды [6]. Мәжіліс халық комиссарының екінші орынбасары Т. Рысқұловқа комиссариат жанындағы Түркістан, Қазақ, Башқұрт республикаларының өкілдерінің қызметін үйлестіріп, Хорезм мен Бұқара республикаларымен жұмыс жасау, Шығыс халықтарының Орталық баспасының төрағасы және Халық ағарту ісі бойынша Федеральдық комитет төрағасы міндеттерін атқару, Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінде дәріс оқу, комиссариат атынан Мәскеу мен Петроград қалаларында орналасқан барлық институттарға басшылық жасау, РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Кіші Кеңесінде Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты атынан баяндамалар жасау міндеті тапсырылды [7]. Комиссариаттың

* Из протокола заседания Коллегии Народного комиссариата по делам национальностей РСФСР от 11 августа 1922 года.
«СЛУШАЛИ: Пункт 1: Доклад Комиссии о ревизии Института Востоковедения. (Докладчик тов. Рысқұлов).

ПОСТАНОВИЛИ: Пункт 1: а). Одобрить заключение Комиссии; б). Поручить Правлению Института Востоковедения представить Коллегии НКН план учебной программы Института руководства восточной директивой, предложенной Коллегией. Срок исполнения не более месяца; в). Рекомендовать Правлению Института по отношению к преподавательскому персоналу руководства восточной директивую, существующую для всех ученых Высших учебных заведений и вести в этих рамках товарищескую, дружественную работу; г). Констатировать, что замечается улучшение в ведении администрации на хозяйственной части, но, тем не менее, считать необходимым, обратиться в вышестоящие органы с просьбой устранить тех дефектов, которые указаны в докладе Комиссии; д). Назначить Комиссию по сокращению штатов Института Востоковедения (согласно постановлению СНК), в составе 3-х лиц – представителя от Коллегии НКН, от Правления Института и от студенчества. Назначить представителя от Коллегии Комиссии – 2 недели; е). Уполномочить из Института Востоковедения профессора Ширмана. Срок работы Комиссии – 2 недели; в). Уполномочить из Института Востоковедения профессора Погова, считая, что он не может работать по директиве Наркомаца. Предложить Правлению Института Востоковедения приискать вместо тов. Погова другого преподавателя».

шешім шығарады [12]. Коллегияның 1922 жылғы 26 қыркүйектегі мәжілісінде Мәскеу Шығыстану институтында қалыптасқан жағдай тағы да талқыланып, Т. Рысқұлов пен М.Н. Павловичке институтты қайта тексеру, ректор Е. Мазуровты орнынан алып, РКП (б) Орталық Комитетінің қарамағына жіберу туралы қаулы шығарады. Сол күні Т. Рысқұлов пен М.Н. Павлович Мәскеу Шығыстану институтын қосымша тексеруден өткізіп, ректор Е. Мазуровты орнынан алады.

Коллегияның 1922 жылғы 26 қыркүйектегі мәжілісі РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатында Т. Рысқұлов қатынасқан соңғы мәжіліс болды. Т. Рысқұлов 1922 жылғы 17 шілде – 26 қыркүйек аралығында ғана РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының орталық аппаратында тұрақты жұмыс істеп, Ұлттар кеңесі мен коллегияның барлық мәжілісіне қатынасады және түрліше комиссиялардың төрағасы ретінде қысқа мерзімде-ақ қыруар іс бітіреді: ол РКФСР-дің Ұлт аймақтарының өндіргіш күштерін дамыту сиезін даярлау комиссиясының мүшесі; Қуашылыққа ұшыраған аймақ тұрғындарына жұмыс малын тарату комиссиясының төрағасы; Жер мәселелері бойынша Федералды комитет туралы ереже жобасын даярлау комиссиясының төрағасы; РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы Халық ағарту ісі бойынша Федералды комитет туралы БОАК қаулысының жобасын даярлау комиссиясының төрағасы; Халық ағарту ісі бойынша Федералды комитет туралы Түркістан, Қазақ, Башқұрт автономиялы республикаларының өкілетті өкілдіктерінің қызметін үйлестіру және Хорезм мен Бұқара республикаларымен жұмыс жасау комиссиясының төрағасы; Башқұрт АКСР-інің шекарасын анықтау комиссиясының төрағасы; Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университеті жанынан Жұмысшы факультетін ұйымдастыру, оның ережесін, штаты мен сметасын белгілеп, БОАК-қа ұсынылатын қаулы жобасын даярлау комиссиясының төрағасы; Шығыс халықтарының Орталық баспасын ұйымдастыру комиссиясының төрағасы және баспа басқармасының төрағасы; Мәскеуде Шығыс еңбекшілерінің үйін ұйымдастыру комиссиясының төрағасы болды. Сонымен қатар, Т. Рысқұлов Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінде дәрістер оқып, РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Кіші Кеңесінде Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты атынан баяндамалар жасады. Мәскеу мен Петроград қалаларында орналасқан барлық институттарға саяси басшылық жасайды.

Т. Рысқұловтың сан-салалы қызметінің бір бағыты Мәскеу және Петроград Шығыстану институттары мен Петроградтағы Шығыстың тірі тілдерінің Орталық институтын қайта құруға бағытталды.

Т. Рысқұлов осы айларда Мәскеу Шығыстану институтының қызметін тексеру комиссиясының төрағасы; Мәскеу Шығыстану институтының 1922–1923 оқу жылындағы Мемлекеттік Қабылдау комиссиясының төрағасы; Мәскеу Шығыстану институтының студентіне арнап жеке жатақхана ашу комиссиясының төрағасы; Мәскеу Шығыстану институты мен Петроградтағы Шығыстың тірі тілдерінің Орталық институтындағы студенттер вакансияларын бөлу комиссиясының төрағасы; Петроградтағы Шығыстың тірі тілдерінің Орталық институты туралы ереже жобасын даярлау комиссиясының төрағасы міндеттерін атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. РФММ (Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағаты). 1318-қ, 1-т., 17-іс, 41-49-арт.п. / Постановление Комиссии Народного комиссариата по делам национальностей РСФСР по обследованию деятельности Института Востоковедения.
2. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 20-п. / Из протокола заседания Коллегии Народного комиссариата по делам национальностей РСФСР от 9 августа 1922 года: «СЛУШАЛИ: Пункт 1: Доклад Комиссии о ревизии Института Востоковедения. (Докладчик тов. Рыскулов). ПОСТАНОВИЛИ: Пункт 1: По предложению тов. Рыскулова впрос отложить до следующего заседания».
3. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 34-п. / Из протокола заседания Коллегии Народного комиссариата по делам национальностей РСФСР от 11 августа 1922 года: «СЛУШАЛИ: Пункт 1: Доклад Комиссии о ревизии Института Востоковедения. (Докладчик тов. Рыскулов). Востокведениа. (Докладчик тов. Рыскулов). ПОСТАНОВИЛИ: Пункт 1: По предложению тов. Рыскулова впрос отложить до следующего заседания».
4. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 34-п.
5. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 34-п.
6. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 99-121-арт. п.
7. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 99-арт. п.
8. РФММ. 1318-қ, 1-т., 9-іс, 80-84-пп.
9. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 133-п.
10. ФРОММ (Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты). Р-34-қ, 1-т., 1376-іс, 173-п. / Копия телеграммы из Москвы: «Ташкент. Совнарком. Вам предложено в Московском институте Востоковедения двенадцать мест, в Петроградском четыре. Срочно командуйте более менее подготовленных местных. Замнаркомнац РСФСР Т.Рыскулов. 11.IX.1922 г.».
11. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 134-155-пп.
12. РФММ. 1318-қ, 1-т., 17-іс, 138-арт. п.

Ресейдегі құжаттамамен қамтамасыз ету ұйымдарының қызметі

Бибігүл ШЫНТАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Тарих, археология және этнология
факультетінің магистранты

Құжаттамамен қамтамасыз ету ұйымдары ұжымдар мен мекемелердің құжаттамамен қамтамасыз ету қызметтерінің ұйымдастырушылық, ғылыми-зерттеулік және әдістемелік жұмысын реттеу үшін құрылады. Олар құжаттаманы басқару бойынша мемлекеттік механизм құрылымындағы кеңесші органы болып табылады.

Басқарманы құжаттамамен қамтамасыз ету Ресейде әрқашан жоғары ұйымдастырушылық және ғылыми деңгейде тұрды. Мемлекеттік құжаттамамен қамтамасыз ету жүйесін елдегі барлық ұйымдардың қызметінде құру және енгізу деңгейінің жоғары әрі сапалы болғаны соншалықты, КСРО ыдыраған соң да он бес жылдан аса мерзім көлемінде (осы күнге дейін) ұйымдардың басым көпшілігі өз жұмысында басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету үлгісін қолданып келеді. Сонымен қатар, жетілдіру жұмыстары бір орында тұрмайды, электрондық құжат айналымымен үздіксіз байланыста басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласының барлық деңгейінде қарқынды түрде ақпараттық технологиялар қолданылуда. Соңғы кездері құжат айналымының озық технологияларын енгізу арқасында «басқарманы ақпараттық қамтамасыз ету» атты жаңа бағыт құрылып, ол өз дамуын тапты.

Ұйымдардың қызметін құжаттамамен қамтамасыз ету және мұрағаттану бойынша ресейлік тәжірибе Қазақстанда да сондай ұйымдардың құрылуына және олардың қызметін жетілдіруге септігін тигізеді.

Кеңес дәуірінен кейінгі кезеңде Бүкілресейлік құжаттама мен мұрағат ісінің ғылыми-зерттеу институты, Ресей тарихшылар-

мұрағаттанушылар қоғамы және Ресей Федерациясының стандарттау бойынша мемлекеттік комитеті мемлекеттік құрылымдағы құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша басты ұйымдар болып саналды.

Бүкілресейлік құжаттама мен мұрағат ісінің ғылыми-зерттеу институтының ұжымы құжаттама және мұрағаттану, басқарманы құжаттамамен қамтамасыз ету мен мұрағат ісі саласында өте көп жұмыс жасап, оның дамуына үлкен үлес қосты.

Институт 1966 жылы Кеңес Одағында құжаттаманың бірыңғай мемлекеттік жүйесін жасау мәселесін шешу үшін құрылды. Бұл институттың басты мақсаты болатын және ол көздеген мақсатына жетті. Қысқа мерзім ішінде институт құжаттаманың бірыңғай мемлекеттік жүйесін жасап шықты. Ол тек РСФСР-да ғана емес, басқа республикаларда да табысты қолданылды. Қырық жыл ішінде институт мемлекеттік басқару қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған жоғары сапа стандарттарына сәйкес біршама жұмыс жасады. Тек Кеңес Одағының компьютерлендіру саласында техникалық артта қалуы бұл салада басқару саласы органдары жұмысын ұйымдастырудың әлемдік үлгілерге сай болуына кедергі болды. Бірақ кеңестік кезеңде құжаттаманы автоматтандыру жоғаларын толық көлемде жүзеге асыру мүмкіндігі болмағандығына қарамастан маңызды ғылыми нәтижелер жасалды [1, 15].

Үлкен құжаттық жүйелер саласындағы зерттеулері, құжаттама мен құжат теориясын ақпараттық тұрғыдан қолданылуы, құжаттама жүйесі мен мемлекет тарихының дамуын зерттеуі, құжаттаманың бірыңғай жүйесін әзірлеуі, құжаттама мен мұрағат ісінің терминологиясын жасауы институттың ғылыми қызметінің маңызды нәтижелері саналады.

Институттың ғылыми зерттеулері басты үш бағыт бойынша жүзеге асты. Біріншісі, құжат жұмысын заңдық қамтамасыз ету мен қоса, басқарманы құжаттамамен қамтамасыз етудің теориялық мәселелері. Екіншісі, барлық аспектідегі электрондық құжаттардың мәселесі. Үшінші бағыты, басқарманы құжаттамамен қамтамасыз етуді әдістемелік қамтамасыз ету.

Бүгінде іс жүзінде туындайтын сұрақтарға жауап табу үшін құжаттама теориясы және әдістемесімен түпкілікті, жете түрде айналысу қажет. Бұл жайында сөз етудің қаншалықты негізі бар және оған қандай факторлар ықпал етуі мүмкін?

Ең алдымен, көптеген ғылыми және кәсіби бағыт өкілдерінің басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету мен мұрағат саласындағы

ықпалдастық. Осының салдарынан келіспеушіліктер туындайды. Пайда болған қиындықтан шығу және терминологияға ортақ тұрғыдан келу үшін сәйкесінше жұмыстар жүргізілуі қажет.

Екінші фактор – басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша мамандарды әзірлеу саласын кеңейту. Ресейде жүзден аса жоғарғы оқу орындары басқарманы құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша мамандар даярлауға кірісті. Бұл жерде Қазақстанда жаңа талаптар шарттарына сәйкес мамандандырылған құжаттанушылар және мұрағаттанушылар кадрларын әзірлеу тек эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында ғана жүргізілетінін атап өткен жөн.

Үшінші фактор – бұл электрондық құжат және ақпараттық технологиялар мен электрондық құжат айналымын енгізу мәселесі. Егер бұл мәселеге мұқият қарасақ, құжаттама теориясының жеке тұстарына біршама түзетулер жасамайынша, біз электрондық құжат пен қағазсыз технологиялар қолдану жайында айта алмаймыз.

Төртіншіден, басқару апаратын реформалау және әкімшілік реформа шеңберінде басқару жүйесінің жаңа көрінісі ақпараттандырудың үкіметтік тұжырымдамасына сәйкес нәтижеге бағытталуы керек. Осыған байланысты мемлекеттік қызметті жүзеге асыруда әкімшілік, электрондық регламенттер пайда болды. Басқару жұмысы сипатының өзгерісі құжаттау формалары мен әдістерінің өзгеруіне әкеледі.

Бесінші фактор – бұл бүгінде барлық мекемелерді түгелімен ораған қағаз ағынын жеңілдету қажеттілігі.

Сонғысы. Бұл факторлардың барлығы міндетті түрде ұйымның құжат айналымына әсерін тигізіп, басқару жұмысында бірқатар өзгерістердің пайда болуына әкеп соқтырады. Жаңа басқару және өндірістік технологиялардың пайда болуы жаңа құжаттық технологиялардың дамуына әкеледі.

Ресейдің Федералдық мұрағат агенттігінде бұл мәселелерге үлкен назар аударылады. Олар электрондық құжат айналымы мәселесін шешуде жаңа деңгейге көтерілді. Бүгінгі таңда агенттікте үкіметтің федералды атқарушы органдарында электрондық құжаттармен жұмыс істеу жөніндегі ережені даярлау бойынша жұмыс тобы құрылды [2, 117].

Институттың жұмыс үдерісіндегі ең маңызды бағыт әр түрлі ұйымдарға көмек ретінде басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша әдістемелік құралдар кешенін жасау болып табылады. Басты әдістемелік құжат үкіметтің федералды атқарушы органдарындағы

Іс жүргізу бойынша типтік нұсқаулық болып есептеледі. Бұл құжат басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету жұмыстарының қазіргі бағыттарын ашып көрсетеді. Ол кең таралымға ие болды және Ресей Федерациясында іс жүргізу саласындағы бірегей құжат болып табылады.

Қазіргі кезде институт ғылым мен техниканың жаңа даму кезеңіне сай әдістемеге негізделген құжаттаманы басқарудың жаңа бағыттарын дамытуға талпынады [3, 20–21].

Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету мұрағат ісімен тығыз байланысты, сондықтан Ресей тарихшылар-мұрағатшылар қоғамының да бұл салада атқаратын ролі айрықша.

Ресей тарихшылар-мұрағатшылар қоғамы (*бұдан әрі* – қоғам) 1990 жылы 13 қараша күні Мәскеуде өткен бүкілресейлік құрылтай съезінде құрылған. Оның қызметінің заңнамалық негізін Ресей Федерациясының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Федералды заңы мен съезде бекітілген және Ресей Федерациясының Әділет министрлігімен тіркелген қоғамның жарғысы құрайды. Қоғам заңды тұлға болып табылады және Ресей Федерациясының барлық аумағында жұмыс істейді [4, 27].

Қоғам жұмысы еріктілік, теңқұсылық, өзін-өзі басқару ұстанымдына негізделеді. Қоғам өз ішкі құрылымын, мақсатын, қызметінің формалары мен әдістерін анықтауда ерікті болып табылады.

Қоғам Ресей Федерациясы заңнамасы анықтайтын шарттарға сәйкес мемлекеттік, қоғамдық, діни және басқа құрылымдар мен ұйымдармен жұмыс жүргізеді. Ол мұрағаттық және ғылыми мекемелермен, академиялық институттармен, жоғарғы оқу орындарымен, ұлттық білім органдарымен, кітапханалармен, Халықаралық мұрағаттар кеңесімен және өзге де шетелдік мұрағатшыларымен байланыс орнатып дамытуда.

Қоғам басқармасы Ресей Федералдық мұрағат қызметімен және қызығушылық танытқан басқа ұйымдармен бірлесе отырып, мұрағат ісі мен тарих ғылымының маңызды мәселелері бойынша бүкілресейлік және халықаралық ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстел отырыстарын өткізеді.

Қоғамның «Мұрағатшы хабаршысы» атты өз баспалық органы бар. Ол өткен конференция және семинар материалдарының жинағын шығарады. Соңғы жылдары қоғам мынадай материалдар жинағын басып шығарды: «Мұрағаттар мен мұрағат қорларының қауіпсіздігі»; «Муниципалдық мұрағаттар: қызметінің құқықтық,

Ұйымдастырушылық және ғылыми-әдістемелік мәселелері»; «Ақпараттық қоғамдағы құжаттама: электрондық іс жүргізу және электрондық мұрағат»; «Ресей тарихшылар-мұрағатшылар қоғамы: 1990–2000 жж.» және т.б.

XXI ғасыр – ақпарат пен жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры. Біз іс жүргізу дамуының барлық кезеңіндегі төңкерістік өзгерістер табалдырығында тұрмыз. Электрондық құжаттың пайда болуы, басқарудағы оның қолдану аясының кеңеюі өз шешімін талап ететін теориялық және тәжірибелік мәселелерді алға қояды. Бүкілресейлік құжаттама мен мұрағат ісінің ғылыми-зерттеу институты және Ресей тарихшылар-мұрағатшылар қоғамы қазіргі құжаттама саласындағы зерттеулердің алдыңғы қатарында тұр және басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласындағы көкейкесті мәселелерді шешу үшін қажетті ғылыми әлеуеті бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ларин М.В. Теория и практика информационного менеджмента в управленческих структурах рыночной экономики. Научный доклад. – М.: ВНИИДАД, 1995. – 160 с.
2. Ларин М. Нормативно-методические основы работы с электронными документами в архивах России // Қазақстан мұрағаттары. – 2007. – №2(4). – С. 116–119.
3. Ларин М.В. Научная деятельность института // Отечественные архивы. – 1996. – №1. – С. 16–27.
4. Сокова А.Н. Перспективы развития документооборота и документационного обеспечения управления: теория и практика // Вестник архивиста. – 1997. – №3(39). – С. 69–73.

Таң дәуіріндегі поэзияның даму тарихы

Әлия АНИПИНА,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Қытайтану кафедрасының магистранты

Таң дәуірі – Қытай мемлекетіндегі феодалды қоғамның гүлденген кезеңі болып саналады. Таң өлеңдері классикалық өлеңдердің ең жоғарғы жетістігі, келесі ұрпаққа мол қазына қалдырған шығармалар жиынтығы.

Таң өлеңдері көлемі жағынан мол, ақындары да көп, «Барлық Таң өлеңдеріне» 50 000-нан аса өлеңдер топтамасы, 3600-ден аса ақындар енген. «Әулие ақын» – Ли Бай (李白), «Ұлы ақын» – Ду Фу (杜甫), танымал ақын – Бай Цзюй и (白居易), басқа да атақты ақындар: Мэн Хаужан (孟浩然), Ван Вей (王维), Гау Шы (高适), Ван Чанлин (王昌龄), Хан Юй (韩愈), Ли Цзя (李贺), Ли Шанвэн (李商隐), Ду Му (杜牧), Лю Уйси (刘禹锡) сияқты ақындар керемет туындылары арқасында кейінгі ұрпақтың құрметіне ие болды. [1, 1 б.].

Таң дәуіріндегі шығармалар тақырыбы алуан түрлі болды, мысалы, сол кездегі пайда болған мемлекеттік мәселелерді көтерді, қоғамдық жағдай, ұлттар арасындағы қалыптасқан дәстүр, әрбір тап, әрбір топ және ұлттың өмірі мен орын алған көтерілістері, әдебиет тақырыптары: шекаралық бекініс, тау мен су, ауыл, тарих туралы өлеңдер, жануарлар жайлы, романтика жайлы жазылды.

Таң өлеңдерінің көрінісі – бояуы терең, стилі жан-жақты. Кейде баяндауы керемет, кейде лирикасы жеңіл, кейде таза суда лотос пайда болады, бір-бірінен бөлінбейді, кейде керемет – Қытайдың көне өлеңдеріндегі әдіс пен өлең стилінің бай жинағы болып саналады.

Таң өлеңдерінің поэтикасы бай. Классикалық өлеңдердің арасындағы барлық жанрды Таң өлеңдерінен табуға болады. Тек қана алдағы дәуірдің төрт сөзді өлеңін, бес сөзді классикалық өлең стилін сақтап қана қоймай, сонымен қатар бес, жеті сөзді шалыс ұйқасты өлең, ұзын бес және жеті иероглифтен тұратын шалыс

ұйқасты өлең, төрт жолды өлең құрды, сонымен қатар жеті өлең шумағының стилі ұзарды. Кейбір ақындар ірі көлемді немесе ұзын өлеңдер жазды. Таң өлеңдерінің жарқыраған жетістігі – бұрын бұндай дәрежеде болып көрмеген еді. Бұл келесі ұрпаққа өте қатты әсерін тигізді.

Таң өлеңдерінің дамуы мен толығуы өте ұзақ уақытты қажет етті. Таң өлеңін зерттеушілер Таң өлеңдерінің даму уақытын ертүрлі кезеңге бөледі, солардың арасында «Төрт Таңға» бөлінгендігін көпшілігі қолдады. «Төрт Таң» дегеніміз: алғашқы Таң, гүлденген Таң, орта Таң, кейінгі Таң деп төрт кезеңге бөлінуі. Бұны Жуо Яню (宋严羽) «Цан Лан (沧浪) өлеңдері» жинағында айтып кеткен. Оның айтуынша: уақыт жағынан алсақ, тек алғашқы Таң стилі, гүлденген Таң стилі, Да Лити, Юан Хэти, кейінгі Таң стилі бар. Мин Гаобин (明高棅) «Таң өлеңдерінің топтамасында» негізінен Да Ли мен Юан Хэ екі кезеңді біріктіріп Орталық Таң деп айтады, қысқарта айтсақ, тек алғашқы Таң, гүлденген Таң, орталық Таң, кейінгі Таң деп бөлу керек. [2, 16-20 с.]

Осыдан кейін, «Төрт Таң» кезеңі әдебиет тарихында қолданысқа ие болып кетті. Осы «Төрт Таң» кезеңіне қысқаша шолу жасайық:

1) Алғашқы Таң кезеңі (618–712 жж.).
Бұл Қытай халқындағы классикалық өлеңнің даму кезеңі, Таң өлеңдерінің дамуға аяқ басқан кезеңі. Алғашқы Таң өлеңдері – Чи Лиан (齐梁) өлеңдерінің бәдік әуендерінің гүлденген Таң өлеңдеріндегі тура темпераментке өту жолы. Ол бір жағынан тиянақты түрде Чи Лиан (齐梁) өлеңінің жаман едетінен айықты, бір жағынан Чи Лиан (齐梁) өлеңімен өте тығыз байланыста болды. Ішіндегі керемет шығармалар Чи Лиан (齐梁) өлеңдерінің жеңіл мазмұнын қабылдамады, қиын формасы секілді зиянды әдеттің әсерін де қабылдамады, керісінше Чи Лианнің теориясы мен практикасын дамытты, жана сыртқы бейне жасады.

Алғашқы Таңның алғашқы кезеңіндегі өлеңдер толығымен Оңтүстік династияның өлең жолымен жүрді. «Чжэн Гуан (贞观) саясатының» 20 жылында поэзияда ең танымал болған ақындар: шенеулік – 魏征, монарх – Ли Шимин (李世民) және патшаның қамқорлығы арқасында кездейсоқ өкімет басына келген адам – Шан Гуани (上官仪), 魏征-дің өлеңдерінің көбісі сенім жайлы жазды, бірақ таланттары жетіспеді. Ли Шиминнің (李世民) өлеңдері көбінесе жеке тұлғаның мемлекетті құрып жатқандығы, жасаған үлкен үлесі жайлы жазды, бірақ образы түсініксіз. Шан Гуанидің (上官仪) өлеңдері сарайға қатысты, Чи Лиан өлеңдерінің әдетін

сақтады, формаға басты назар аударды, өлең сөздерінің бірігуінде «6 жұл», «8 жұл» көзқарасын көрсетті, өз уақытында мықты дамыды, «Шан Гуани (上官仪) стилі» деген стиль пайда болды. Сонымен қатар шыққан ақын Ван Вей (王绩) керісінше негізгі тақырып етіп ауыл жағдайын алды, өлеңінің стилі қарапайым әрі ерекше болды, буддалық сопы Ван Фанчжи (王梵志) будда жайлы көптеген өлеңдер жазды, қоғамды мазақ етті, сонымен бірге ұлттар өмірі жайлы да жазды, тілі өте қарапайым болды.

Алғашқы Таң дәуірінің кейінгі кезеңіндегі өлеңдер едәуір өзгеріске ұшырады. Шан Гуанимен (上官仪) қатар біраз кейініректе «Төрт алып» пайда болды: Ван Бо (王勃), Ян Чион (杨炯), Лу Чжаолин (卢照邻), Луо Бин ван (骆宾王). Бұлардың өлеңдері «Шан Гуан (上官)» стилімен байланысты емес еді, тақырыбы кеңейді, мазмұны тереңдеді. Сарай көшелерінде таралды, императордың жақсы істері өлеңге қосылды, өмірдегі ұсақ-түйек істер үлкейтіліп берілді, зиялы өкілдердің талпынысы жырланды, қарапайым халықтың көрген қиындығы мен қоғамның зиянды іс-әрекеттері суреттелді. Форма жағынан Ван (王), Ян (杨) бес сөзді сегіз жолды шалыс ұйқасты өлеңіне де-меу берді, Лу (卢) және Луоның (骆) жеті сөзді өлеңдерінің шумақтары керемет ұйқасты, бұрын болмаған характер иеленді. Бірақ «Төрт алып» Чи Лиан стилінің әсерін де иеленді, олардың деңгейі мен шығармашылығы өлең әлеміндегі стильдің үндеуіне өзгерту енгізулері қиынға соқты. Кейінірек Чэн Цзыан (陈子昂) соғыстан кейінгі уақытта өз талантын көрсетті, Чи Лиан стилін сынады, өлең дегеніміз – тұрақтылық, қызығушылық, фонологияның бірігуінен туады деді, адамды өзгеше ортаға енгізетін өлеңдер жазды, сол замандағы өлең әлемінің жаңалық ашушысы болды, келесі ұрпаққа үлкен әсер қалдырып кетті. Чэн Цзианмен (陈子昂) бірге сол замандағы сарай тақырыбынан басқа 沈佺期, 宋之问 өлеңдерінде өздерінің оңтүстік тәжірибесін төмендететін өлеңдер жазған, Таң дәуірінің ерте кезіндегі өлеңдер оңтүстік мемлекеттегі табиғат көрінісін, әдеби жайлы жазды. «沈宋»-дардың негізгі елеулі еңбектері – өз шығармаларының тәжірибесінде шалыс ұйқасты өлеңнің қалыптасуын енгізді. Солармен қатар уақытта өмір сүрген өлең әлемінде тағы да «Мақалалас төрт дос» (杜申言 (杜申言), Цуй Жоң (崔融), Ли Чяо (李峤), Су Вэйдао (苏味道) және Лю Си (刘希夷), Чжан Жуосю (张若虚)). «Төрт Достың» шығармалары сарай тақырыбы айналасында өрбіді, ішінде Ду Шэняннің (杜申言) шығармалары жақсырақ болды, бес сөзді сегіз

жолды өлеңдер көлемі бойынша көп болды. 刘, 张 ұзын өлеңдер жазумен атақтары шықты. [3, 10–14 б.]

Алғашқы кезеңнен білетіміз: алғашқы Таң ақындары негізінен екі салада: біріншісі, сарай шенеуліктерінен құралған ақындар, оларға Вэй Чжэн (魏征), Ли Шимин (李世民), Шан Гуани (上官仪), «мақалалас төрт дос» Нон Чуанчи (沈佺期), Жон Чжівэн (宋之问); келесі бір саласы: төменгі сатыдағылар орталығы – оларға негізінен «Төрт алып» Чэн Цзыан (陈子昂), Лю Сиай (刘希夷), Чжан Жуосю (张若虚) кіреді. Бұлардан басқа бірнеше тақуа мен буддистік монахтар да бар, негізінен бұл топқа Ван Вей (王维), Ван Фан Чжи (王梵志) кіреді. Осы үш топ ақындарының ішінде табысқа жеткен, келесі ұрпаққа мол мұра қалдырған – Чэн Чжыан (陈子昂) болды.

Гүлденген Таң дәуірі (713–770 жж.).
Бұл – Таң дәуірі өлеңдерінің дамудың ең биік шыңында тұрған кезеңі, әртүрлі тақырыпта өлеңдер жазылды, жүздеген гүлдер бүршік жарған дәуір болды. Гүлденген Таң дәуіріндегі өлеңдер Таң дәуірінің гүлденген кезеңін толықтай бейнелеп көрсетті, адамдардың қоғамның тыныштығына деген, мемлекеттің байлығы мен ұлылығына деген мақтанышы жырланды, әр адамның мемлекеттің көркеюіне деген ризашылығы, отанының керемет, көз жауын алар табиғатына деген мақтанышы, сонымен қатар көптеген әділетсіз қоғамдық жағдайларды да жырланды (мысалы, кедей мен бай айырмашылығы, соғыстың әкелген зардаптары, жағымпаздану мен жақсаттану арқылы билік басына келу және т.б.), сол кездегі болып жатқан келіспеушіліктерді жыр ғып көрсетті, сонымен ұлттар арасындағы келіспеушіліктер мен билік жүргізуші таптар ішіндегі келіспеушіліктерді де жариялап отырды; барлық жақтан сол кезеңнің жағдайын көрсетіп отырды, әр қоғамдағы кейіпкердің қабілетін баяндады, «Гүлденген Таң дәуірінің» үнін құрды, сол кезеңнің белсенді рухын көрсетті, бұлардың бәрі гүлденген Таң дәуіріне деген берілген баға. Өлең рухы қарапайым, мағынасы бай, стилі толық, характері әр алуан – бұл гүлденген Таң дәуіріне деген бағаның келесі бір маңызды жағы.

Шығармашылық құрамы жағынан алып қарасақ, Гүлденген Таң дәуірінде алып тұлғалар көп болды. «Таң өлеңдер жинағына» Ли Бай, Ду Фу, Мэн Хаужан, Ван Вей, Гау Шы, Чан Цзиян сияқты ұлы тұлғалар, атақты ақындар «Гүлденген Таңды одан әрі гүлдендірді». Негізінде, бұл ақындардың барлығы өзінше ерекше тұлғалар болып саналады. Осындай тамаша өлең әлеміндегі жұлдыздар – гүлденген кезеңде және әлсіреген кезеңде пайда болады, бұл бұрын-сонды болмаған жайт еді.

Гүлденген Таң ақындарының алып тұлғасы – Ли Бай мен Ду Фу еді. Олардың шығармалары бейбітшілік пен гүлдену кезеңіндегі өлеңдер болды, және де қоғамға деген зиянкершіліктің өршіп тұрған кезінде, мемлекетті, халықты ойлаған толғаныстарын өлең арқылы берді. Ли Бай көбінесе әр адамның ішкі өмірін, отанының керемет табиғатына деген сүйіспеншілігін жырлады, сиқырлы қадамдар жасады, сөйтіп «эулие, пір» деген атаққа ие болды, Ду Фу қоғамның тыныштығы мен аласапыран кезінен кейінгі жағдайларды баяндады, сол кездегі қоғам тарихында – айна іспеттес болды, «Ұлы ақын» деген атаққа ие болды, өлеңдері үлкен серпіліспен таралды, Ду Фу шығармалары тез таралмады, әрқайсысының өзіндік табыстары да болды, әрқайсысы өзіндік ерекшелік иеленді. Бұл екеуі Таң өлеңдерінің тарихында «Қос жұлдыз» деген атаққа ие болды.

Бұл дәуірде атақты жерлер, көлдер өлеңге қосылды, шекаралық бекініс те өлеңге қосылды. Алғашқылар: Ван Вей, Мэн Хаожан, Чу Гуандай ақындар және Сие Луин, Тао Юанмин атақты жерлер жайлы жазған дәстүрді жалғастырып дамытты, өлеңдерінде табиғаттың әдемі жерлері тек қана сәйкес келу жағынан емес, сонымен қатар «керемет ұқсастық» жасады. Ішінде Ван Вейдің жетістігі ерекше, шығармалары сурет секілді делінген. Кейінгі ақындар оның жолын жалғастырып дамытты, олардың шекаралық бекініс, соғыс кезі жайлы жазған дәстүрін жалғастырды. Барлық жағынан «шекаралық бекініс» тақырыбы өлеңде соғысып жатқан жауынгер арқылы бейнеленіп, сол кезеңнің ерекше рухын көрсетті. Сонымен қатар, соғысып жатқан ер, сағынып отырған әйелдің тыныш өмір жайлы үміттері жырланды, сонымен бірге шекаралық бекіністің табиғаты ерекше суреттелді, оқырманның қоршаған орта туралы түсінігі молайды.

Қорыта айтсақ, бұл кезеңде басқа да көптеген ақын деген атқа лайықты адамдар бар. Мысалы, (екі 张) – 张说, 张九龄), Таң дәуірінің алғашқы гүлденген кезеңінде канцлер болған ақындар, олардың кейбір шығармаларының мазмұны бай, рухы таза, ұйқасы кызықты, адамдарға қамқорлық жасайды, кейінгі ұрпақтың жауапкершілігін көрсетті, алғашқы гүлденген Таң кезеңінің арьергарды болды, гүлденген Таң кезеңінің жол бастаушысы болды. Тағы да «үш 王», яғни (王翰, 王湾, 王之涣), «екі 崔» (崔颢, 崔国辅), «бір 贺» (贺知章) және т.б. барлығы да атақты тұлғалар, ал Юань Цзие (元结), Гу Куанцзы (顾况则) Орта Таң дәуірінде пайда болды.

Соньмен, көптеген жетістіктерге жеткен ақындар осы кезеңде пайда болып қалыптасты, олардың өлеңдері әртүрлі, барлығы бірігіп өлең тарихына сирек кездесетін жетістік екеді.

Гүлденген Таң өлеңдерінің стилі де әртүрлі болды. Гу Ти өлеңдері (юэфу, гэсин) жақсы дамыды, шалыс ұйқасты өлеңдер өз шыңына жетті, ұзын бес сөзді жеті сөзден тұратын өлеңдер манызды форма иеленді.

Орта Таң дәуірі (771–835 жж.).

Бұл – Таң дәуірі өлеңдерінің орташа гүлдену кезеңі, қайтадан көркейген кезеңі. Бұл кезеңнің алғашқы жартысында, мемлекеттегі көтерілістерден кейін адамдардың өмірге деген құштарлығы сөнген еді. Тәуелді бола тұра билік басына келген билік жүргізу, әтектер хұқығының болуы, сыбайластардың бір-бірімен соғысуы – бұл үш үлкен қоғамның ескі ауруы еді, бұған тағы басынан аяқ саяси құлдырау да қосылды. Көп көлемде көпті көрген адамдар (немесе алыстан байқайтын адамдар) тынышсызданды, көптеген зиялы өкілдер мемлекеттің алдына қарай дамығанын көре алмады, көп ақындар қапаланғаннан не істерлерін білмеді, көңіл-күйлері түсіп кетті. Өлең әлемінде де депрессия орын алды, Ли Бай, Ду Фу өлеңдерінен кейін олардың орнын басатын адам болмады. Тек аз ғана гүлденген Таң дәуірінің ерекшелігін жырлаған шығармалардан басқа, көптеген шығармалар қайғыны суреттеді, бірақ ішкі мазмұны ұшқары, шалаңғырт, метеорологиялық құбылыстары әлсіз, ақынның барлық ойын формаға яғни сыртқы келбетке аударды, негізінде өте әлсіз болды. 刘张гүлденген Таң дәуіріндегі «王孟»-ның әсерін иеленді, өздігінен табиғат пейзажы жайлы жазды, жанры аралас болды, «бес сөзді қытай корғанын» мақтады, бірақ тілдік мағынасы мен құрылысы формасы бірдей, Вей Ину (韦应物) көбінесе саяси мысал жазды және табиғат жайлы жазды, гүлденген Таң дәуірінде «王孟»-нан кейін, пайда болған ақын, бірақ «王孟» мен салыстыруға келмейді. Бұл кезеңде тарихта ақындардан «Он таланттылар» жарыққа шықты. Олардың шығармаларында қоғамдағы жайлар мен табиғат жырланды, арасында қоғамдық өмір көрінісі ұшқарылау болды, әрине гүлденген Таң дәуіріне жетпеді. Яо Чжэ (姚之), Чжан Чи (钱起), Лу Люн (卢纶), Ли И (李益) осы дәуірдегі өте танылмай ақындар.

Таң дәуірінің екінші жартысында, династия саясатының реформасы басталды, мемлекетте 中光 жағдайы қалыптасты, өлең әлемінде де жандану кезеңі болды. Гүлденген Таң дәуіріндегі 李, 杜-дан кейін жаңа жол салған жаңа өлең бағыты басталды, яғни Хан Юй

(韩愈), 孟郊 (Мэн Цзяо) бастаған Чи Сиян (奇险) өлең бағыты және Бай Цзюйи (白居易), Юань Чжэн (元稹) бастаған танымал әндер бағыты. Хан Юй (韩愈), Ли Бай (李白) мен Ду Фу (杜甫) әсері болды, өлең арқылы өзінің бүкіл өмір тарихын және шынайы өмірге деген сезімдерін жырлады, терең әрі жан-жақты өзінің зерек қабілеттіліктерін жазды, өлең стилі қарапайым Чи Сиян (奇险), ол Таң дәуіріндегі өлең стилін өзгерткен ақын, тағы да Чи Сиян (奇险) өлең бағытында жазған негізгі ақындары 孟郊 (Мэн Цзяо), 卢全 Лу Тон, Ли Цзя (李贺) және т.б. ішінде ден қойып қауіптен қашыру, жалаудан қашыру жағынан ерекше көзге түсті. Бай Цзюйи (白居易) конфуцистік мектеп Шы Цзяуды «诗教» басқарды, Ду Фудың реалистік дәстүрін жалғастырды, «жаңа юэфу» өлеңін жазуды қоллады, өлең арқылы қоғамның реалистік өміріне араласты, өлеңді түсінікті тілде жазды. Танымал өлең жазған ақындар қатарына тағы да Юань Чжэн (元稹), Ли Шэн (李绅), Чжан Цзи (张籍), Ван Цзян (王建) енді. Олар бірігіп орта Таң дәуірі өлеңдерінің жаңа құрылысын құрды, орта Таң дәуірі өлеңдері гүлденген Таң дәуірінен кем түспеді. Кейінгі Таң дәуірі (836–907 жж.).

Бұл – Таң өлеңдері даму процесінің құлдырау кезеңі. Кейінгі Таң қоғамының саясаты бұлыңғыр болды, тәуелді билік, әтектер билігі, партиялар күресінің өршуі, Орта Таңнан кейін император сарайы біртіндеп құлдырады. Осындай қоғамда, өлеңдердің жарыққа шығуы өткен істер болды, келмеске кетті. Көптеген ақындар дәстүрлі шырғамаға байланды, жаңа рух енгізуге күштері жетпеді. Бүкіл кезеңде орта Таң ағарту ақындарымен салыстыруға келетіндері тек Ду Му мен Ли Шанин болды. Бұларды қысқартып «кішкене Ли Ду» деп аталады, осы кезеңнің атақты ақындары. Олар Таң дәуіріне керемет сапа, стиль әкелді, елді, халықты ойлап көптеген қоғамдық шындықты жыр етті, мемлекеттегі құлдырауға деген алаңдаушылықтарын, адамға деген алаңдаушылықтарын, мансап қуу кезіндегі сәтсіздіктерін ренішпен жеткізді. Өлең формасы жағынан Ду Му Ли Байды жалғастырды, тағы да Ван Чанлин, Ли Иді жалғастырды, кейінгі Таң дәуірінде 7 сөзді 4 жолды өлең жазудан шебер атанды. Жан-жақты 4 жолды тарихты жырлады, лирикалық өлеңдер жазды, адамдардың қолдауына әрқашан ие болды. Ли Шаниннің, Ду Фуның өнер дәстүрін жалғастырды, 7 сөзді шалыс ұйқасты өлеңдер жаңа шыңнан көрінді. «Тақырыпсыз» жазылған өлеңдердің өзіндік өнерімен кейінгі ұрпақты еліктірді. Кейінгі Таң дәуіріндегі ақындар поэзия жазумен айналысты, поэзияның негізгі мазмұны 4 бағытта болды:

1. Халықтың қайғы-мұңын жырлады, шенеуліктік өмірдің қараңғы жақтарын, әтектөрдің қылмыстары, вассалдардың көтерілістері және шаруалар көтерілістері сияқты үлкен қоғамдық шындықтарды жазды. Осындай шығармалар саны аз болды, бірақ ерекше нұр беріп, ерекше жарық шашып тұрды.

2. Қиын тарих арқылы шынайы құлдыраған, келмеске кеткен қайғылы кезеңдерді жырлады.

3. Әйел сезімі, махаббат, жезөкшелік жайлы жазды.

4. Адам өміріндегі күнделікті күйбең тіршілікті жырлады.

Кейінгі 2 бағыт бойынша шығармалар көп жазылған, белгілі деңгейде акынның қашатын шынайы бос рухын да жырлады. Өлең өнері талпынысының 2 түрі бар: бірінші түрі: әдемілікке талпыну, екінші түрі: тазалыққа талпыну. Негізгі ақындар Сюй Цзюн (许浑), Вэй Чжуан (韦庄), Пи Жисю (皮日休) және т.б. [4, 5–18 б.]

Қорыта айтсақ, кейінгі Таң шығармалары барлық Таң өлеңдерінің құрастырушылары болып табылады, олардың әсері зор болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 唐诗宋词概说 / 陈新章编著. - 广州: 广东人民出版社, 1997.6 (2011.7 月重印).
2. Ахметбек, Г.. Қытайдың ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2006.
3. Ахметбекқызы, Г.. Қытай әдебиетінің хрестоматиясы. – Алматы, 2005.
4. 汉俄词典 / 上海外国语学院: 商务印书馆, 北京, 2006 年.

Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси қайраткерлігінің кезеңдері

Перизат ШАДЫБЕКОВА,
өл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың магистранты

Кез-келген тұлғаның қалыптасуы үшін өзін қоршаған орта мен заманындағы өмір ағысының әсерлерінен бөлек, игерген білім-ғылымы, оқыған кітаптары, қуат алған рухани даму көздерінің тікелей әсер ететіндігі белгілі. Осындай тұлғалардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының саналы ғұмыры XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына сәйкес келді. Бұл кез қазақ халқының тарихи тағдырындағы ең бір талмау тұстардың бірі еді. Дүние асты-үстіне төңкерілген нағыз аласапыран кезең болатын. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының ішкі заңдылықтарына қарай әлеуметтік, экономикалық қайшылық, қақтығыстар, күрес-тартыстар шиеленістер, қазақ даласында қалыптасқан қоғамдық ой-сана, тынымсыз ізденіске түскен дәуірде ғұмыр кешкен Шәкәрім әдеби өмірге құлшына араласып, Шоқан, Абай, Ыбырай салған ағартушылық арна-дәстүрін ары қарай жалғастырады.

Ақын өзінің өмір кезеңдері туралы «Мұтылғанның өмірі» атты көлемді жырында біршама мағлұматтарға жол ашады. Ол өз өмірін ірі-ірі үш дәуірге бөліп қарастырып, алғашқысы Құнанбай қажы мен анасының тәрбиесінде өткен жиырма жыл десе, екіншісі, болыстықпен зая кеткен жиырма жыл, ал соңғы отыз екі жыл Абай айналысында өткен іздену, өсіп жетілу мерзімі еді деп көрсетеді.

Белгілі ғалым Ғарифолла Есім ақын өмірін екіге бөліп қарастыруды ұсынады [1]. Бірінші кезеңі – Абайдың көзі тірі кезі және екіншісі – Абай қайтыс болғаннан кейінгі кезең. Екінші кезең 1904–1931 жылдар аралығын қамтиды.

Бірінші кезеңге ақынның оқу-іздену, тәжірибе жинау бағытындағы әрекеттері жатады. Тұлғаның қалыптасуына оқыған кітаптарының әсері мол екендігі сөзсіз. Ақынның осы бағыттағы ізденістерін саралау мақсатында белгілі шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаевтың «Шәкәрім және шығыс әдебиеті» атты мақаладағы кейбір пікірлеріне кезек берелік. Онда ғалым былай деп жазады: «Абай, інісі Шәкәрімге үлкен үміт артып, өзі бір кезде көксеткен арманын Шәкәрім арқылы жүзеге асырмаққа ниет қылады. «Адам қырық жасына дейін білім жинап, қырық жасында кәміл толады, ақыл-ойы, жігер-қайраты жетіледі. Енді үш жылда сен қырыққа толасың. Шығыс тіліне жетік болдың» депті Абай Шәкәрім шәкіртіне. Сонда Шәкәрім: «Барлық қаражат сізден болса, білім алуға барайын. Бірақ, қай жерге барамын» десе керек. Сонда ұстазы: «Афин–Грек білімі Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі Меккеде, бірақ Меккеден гөрі Мединадан көбірек табылуы керек және Мысырдағы Александр атындағы кітапханаға барасың. Осы төрт жерге барып, тарихи орындарды аралап, керек кітаптарыңды алып, білімінді толықтырып қайтасың. Сатып алатын кітаптарына, жол қаражатына жетерлік пұлды өзім берем. Осыған келіссен, қолыңды әкел», деп Абай шәкіртіне қол ұсынған ғой, Шәкәрім шағтанып кетіп келіссе керек.

Бірақ, 1901 жылы Абайдың жақсы көретін ағасы Шәке, 1892 жылы Оспан дүниеден озады, 1904 жылы Мағаш кетеді. Мағаштың қырықанда Абай қайтыс болады. Көп қайғыдан кейін, Шәкәрім барлық туғандарынан рұқсат алып, 1906 жылы жолға шығады. Енді бір сәт Шәкәрім ағамыздың өзіне сөз берейік. «Сол сапарда, неше ұлттың ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Әниядың атына жіберіп отырдым. Стамболда тарих қорларын сақтайтын орындарда болып, ары бара жатқанда 13 күн тарих ақтардым. Ертедегі Шығыс ақын-жазушы, ойшылдарын түгелдей алдым. Гомерден бастап Грек халқының ойшыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарының шығармаларын, ертедегі Түрік ғалымдарының жазған шығармаларын, әр елдің ұлағаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым. Демек, менің бұл сапарым көкірек көзімді ашып, аңсаған арманымға қолым жеткен сапарым болды! Бұл да Абайдың маған берген ақыл-кеңесінің жемісі. Стамболдан Меккеге бардым, оның тарихи орындарында болып, көп қажеттерімді таптым. Мединана бардым. Одан Араб, халқының ескі замандағы Мұхаммед пайғамбардан 200 жылдай бұрын болған

Абу Суфиян сияқты ғалымдардың шығармаларымен танысып, кітаптарын алдым» [2], – дейді.

Шәкәрімнің ұлы Ахат әкесінің бай кітапханасы жайлы өз естелігінде быркыдыру деректер келтірген. Бұл кісінің сөзіне қарағанда, Шәкәрім кітаптарына аса мұқият қараған болса керек. Жыл сайын кітаптарын тазалықтан өткізіп отырыпты. Олардың ішінде Құран, Інжіл, Тәурат, Забур, «Мың бір түннің» барлық томдары, Будда, зороастризм діндері жайлы кітаптар, тарихқа, философияға байланысты шығармалар, Аристотель, Плагон, Со-крат, Авиценна, Ұлықбек, Шопенгауэр, Кант, Луи Пастер, Гомер поэмалары, Бигер Стоу, Байрон, Шедрин, Крылов, Гоголь, Некрасов, Пушкин, Лермонтов, Толстой, Фердоуси, Науаи, Сағди, Низами, Физули секілді алыптардың еңбектері болған. Өкінішке қарай, солардың бәрі 1931 жылы нағандардың жауыз қолымен отқа оранып кете барған. Міне, Шәкәрімнің ақын, ойшыл ретінде қалыптасуына әсер еткен жайттар бірқатары осылар.

Ақынның нағыз жемісті еңбек еткен кезі – екінші кезең. Осы кезеңде Шәкәрім күрделі әрі қиын кезеңде ғұмыр кешті. Ескі күйреп, жаңа қалыптасты. Алашордашылардың тарихи миссиясын орындау тұсына сәйкес келді. Билік басына большевиктер келді. Жаңа дәуірдің жаңа зиялылары қалыптасты. Адамдар жаңа тәртіппен өмір сүруге көшті. Ал қазақтар ғасырлар бойы белгілі бір аумақта өмір сүрген. Өз құндылықтары, ділі, өмір салты болды. Алайда, жаңа өмір, өзгеше қозғалыс қазақтың дәстүрлі өмір сүру салтын түбегейлі өзгерте келді. Бұл өзгеріс қазақтардың бүкіл ой жүйесіне, танымына, тіршілік дағдысына айрықша әсер етті. Жол таба алмай дағдарып қалған кез болды. Қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын бұзуды Шәкәрім де қолдай қоймады. Не үшін бұзылады? Оның орнына не береді? Ал ұсынылған нәрселер қазақтардың ұлттық құндылықтарымен үш қайнаса сорпасы қосылмады. Сондықтан ол социалистік идеяны қабылдамады. Ол күшке негізделген мемлекетті де мойындағысы келмеді. Ақын жаңа дәуір талабына сай жаңа құрылымды жырлауы тиіс еді. Бірақ, ақын бұндай қадамға баруды қаламады. Шәкәрім басқаша арнамен кетті. Жалпы жан мен рух, адам өмірінің мәні неде, жаратылыстың сыры қандай деген философиялық мәселелер туралы ой жүгіртті. Шәкәрімнің өмірінің соңғы кездерінде жазған шығармалары тым терең. Жалпы адамзаттық мәселелерді қозғаған. Тәуелсіз сана деңгейіне қол жеткізе алған. Белгілі бір шектеулерге бой алдырмаған. Нағыз рухани еркіндікке шыққан. Бұл биігін ақын:

қатысты «тірі күнімде не қарсы айтылған дәлелді сындарын, не білімді ойшылдардың қабыл алғанын біліп өлсем, армансыз болар едім» деп көкірегі қарс айрылғандай болады. Абай басындағы деңгейлес адам таба алмай, құса болу дергі Шәкәрімді де айналып өтпеген. Бір тәубе етеріміз ақын мұрасының жұртшылық игілігіне айналуы, ұлтмыздың ақыл-ой ауқымын байытуы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір белестерінде талай қысылтаяндар басынан өткен болатын. Өйткені, Шәкәрім қазақтың басына ауыр кезең туып алмағайып заманда өмір кешті. Бір шетінен Ресей патшалығының езгісіне ұшыраған қазақты көрсе, екінші қырынан кенестік өкіметтің озбырлықтарын өз жанымен сезінді. Сол кезеңдегі Алаш өкіметінің де әрекетіне бейхабар қарамады. Кеңес өкіметінің озбырлығына да нали қарады. Оны Қазы Нұрмухамедұлының кабірінде сөйлеген мына сөзі растайтындай: «Қабірге қойып, құран оқылып болғаннан кейін Шәкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйледі: «Әлеумет! Мынау жатқан кім? Білесіндер ме? Бұл – ұлт үшін шыбын жанын құрбан қылған алаш азаматтарының тұңғышы, мұны өлді демедер! Бұл өлген жоқ! Бүгінгі һәм мұнан соңғы «ұлтым» деген азаматтар мыңа мен сияқты болып, «ұлтым» дендер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді. Қазы – би деген сөз, Қазы билігін айтып кетті. Қарағым Қазы, өліміңе өкінбе! Арманың жоқ: құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек.

Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмытпа көрмендер. Оның үй-шінің міндеті сендердің мойындарыңда... бір кішкентай көзінің қарашығы (бір жасар ұл баласы) қалыпты. Соны тәрбиелеп, адам қылу бәрінің – барлық алаштың мойнына қарыз, һәм өздерің де бұл оқиғаға қажымандар. Құдай тағала алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті: 60 жасқа келгенде мұндай ұлт үшін жанын қиып, құрбан болған азаматты көремін деген үмітім жоқ еді.

Көрдім. Енді бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарағым Қазыжан! Қадірлі біліп, құрметтей алмасак, кешіру қыл. Қош. Қабірің нұрлы болсын» – дейді. Жиялған әлеумет еңіреп жылап жіберді» [5]. Сол Кеңес өкіметінің шалақ саясатын өзі де сезінді. Ол туралы Шәкәрімнің баласы Ахат мынандай оқиғаны келтіреді: «1928 жылы «ірі байлар, халықты бұрын қанап, зорлық-зомбылық көрсетіп, байыған ақсүйек, шонжарлар кәмпескеленсін» деген қаулы шығарды. Сол қаулының бірнеше тармақтары болды, мысалы: кәмпескеге жататын адамдар малының саны, оның ақсүйек, шонжардың тұжымы болуы, болыс, би болып, елді зарлауы, көп жалшы ұстап,

Қырым Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(33) 2012

«Адам үшін еңбегім – Елу бес жыл тергенім. Қалағанын қарап ал, Мұрам сол, жастар, бергенім» – деп ағынан жарыла айтады. Бұдан кейінгі кезеңдегі шығармалары жалпы адамның жаны, өмірінің мәні, тіршілік сыры секілді тұңғық тылсым дүниелердің қатпарын ашуға бағытталады. Бұл кезде жазылған еңбектерін танып білу зерттеушіден терең білімді талап ететіні сөзсіз.

Шәкәрімнің елден жырақ, оңаша отырып ой қорыққанда жазған дүниелері аса терең де мәнді ойлардан тұрады. Оның себебі, мынада: «1904 жылғы Абай өлімі, өнерлі екі іні – Ақылбай мен Мағауиядан тағы айырылу, Россия империясы шегіндегі барлық езілген ұлт үлкен үміт артқан 1905 жылғы алғашқы референциясының жеңіліске ұшырауы Шәкәрім санасына, оның өмірге, қоғамдық қызметке көзқарасына ерекше әсер етеді. Шәкәрім тіршілік, тағдыр туралы сауалдарына жауап іздейді» [3]

Шәкәрімнің Абайдан бір ерекшелігі жалғыз қазақтың дүниетаным ауқымында шектеліп қалмай, рухани азаттыққа қол жеткізуі. Өз жүрегіне, ішкі әлеміне үңіліп, шын ақиқат сәулесін сезіне алуы. Жан сырын ашуға біршама табысқа жетуі дер едік.

«Тән көретін бастағы көз,

Байқамайды жан сырын.

Көз де ақылға сал деген сөз,

Көз керек қой ойлырақ.

Хақиқатты дәл көруге,

Жан көретін кез керек.

Бас көзімен сенделуге

Бізге рұқсат жоқ, шырақ».

Жалпы Шәкәрім өмірде өз бетінше ізденіп, оқып тоқу арқылы шындықтың сәулесін байқауға қол жеткізген жан. Аса биік деңгейге көтеріле алған. Мұны Шәкәрімнің «Ардақты Сәбит бауырым!» деп аталатын Сәбит Мұқановқа жазған хатынан байқаймыз. Онда ақын: «Мен «пәлен пайғамбар, түгілен философ, профессор айтты» дегендерге тоқтап қалмаймын. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл аларлық дәлел айтса, ол кім болса да бас ұрам. Мақтанып кеттім. Мақтан емес, іздегенім тамам адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан хақиқатты айтпай тура алмаймын. Еріксізбін» [4], – деп жазды. Мұнда ақынның бағындырған биігі, ұстанған қағидасы анық көрінеді. Осы хатта ақынның үлкен өкініші де қылаң береді. Осы кезге дейін жазған дүниелеріне

Қырым Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(33) 2012

олардың еңбегін қанау деген сияқты: ол тармақтардың бәрі айда жоқ. Осы кезде бұрынғы Шыңғыс болысы – Досов болысы болып атанған. Досов болысынан бірнеше адамдар кәмпескеге ілінетін болды. Солардың ішінде малы толмаса да, болыс болған, ақсүйек, аға сұлтан болған шонжар Құнанбайдың немересінен біреуі қажет болды. Бұған орай Шәкәрім кәмпескелініп, жер аударылатын болды. Бұл кезде кәмпескеге ілінетін адамды көпшіліктің жиналысына салатын еді. Ол күнде біздің ауыл – Қаражаргас ауыл советі болып аталатын. Осы ауыл совет жиналысына Шәкәрім салынды. Семейден келген үлкен уәкіл Қоянбаев және бірнеше адамдар шығып сөз сөйледі. Қысқаша, олардың айтқаны: «Шәкәрім кәмпескеге жата ма» деген ұсыныс. Сөйлеушілер: «Шәкәрімнің Құнанбайдың немересі екені рас, болыс болғаны да рас. Бірақ, Шәкәрім бір адамға зорлық қиянат істеді, біреудің еңбегін жеді дегенді естігеміз де, көргеміз де жоқ. Осы елде бір адал адам болса, сол Шәкәрім!», – деді. «Бізге салсандар біз Шәкәрімді кәмпескеуге ырза емеспіз», – деп отырып алды. Ақыры дауысқа салғанда, үш-төрт адамнан басқа қол көтерген адам болмады. Бұл жайды көп жазуды қажет етпедім. Осы жайында Құлжабек деген жігіт: «Мен Шәкәрімнің қолында болып жұмыс істедім. Малшы болсам да, өз үй-ішінің бір адамындай болдым. Ақымды кем беріп, ренжіткен жері жоқ», деп айтқанындай сөзді біреу емес, бірнеше адамдар ортаға салған. Солайша, бұл жиналыс Шәкәрімді толық ақтап, бермей қалады.

Сонан соң, «Шәкәрімді ауыл советінен басқа ауылдың совет жиналысына салу керек», – деп бізге жалғас, «Ақтөбе» ауыл советінің жиналысына салды. Бұл жиналыста да елдің көпшілігі Шәкәрімді кәмпескеуге ырза емеспіз деп, қол көтермеді. Үшінші рет ең шеткергі «Құндызды» ауыл советінің жиналысына салады. Бұл ауыл советтің көпшілігі Мырза деген ел болатын. Бұрын әкей сонда бір сайлауда болыс болған. Жиналыста олар да қол көтермей қойып, бір ауыздан бермей қалады. Демек, Досов болысынан Шәкәрімді қаралап, кәмпескеуге ұсыныс айтуға ешкім шықпаған. «Шын адал адамды көпшілік қолдайды», – деген әкейдің дана ойы тура келгеніне сонда көзім анық жетті. Бірақ іс мұнымен бітпеді. Шәкәрімді енді қырдың жиналысына салмай, Семейдегі Затон жұмысшыларының жиналысына салатын болды. Осы жиылысқа қатысқан Алтыбаев деген жоғарғы орында қызмет істеп жүрген азамат жиналыста болған жағдайды, онда Шәкәрімнің адалдығын айтып сөйлеген адамдардың сөздерін бір түрлі әсерлі етіп әңгімелеп берді. Алтыбаевтың айтқанының бәрі есімде қалмады. Егер сол азамат өзі болса, бәрін

айтып берген болар еді. «Кеше заводта жиналыс болды. Сенің әкенді кәмпескеуге жайы қозғалып, көпшілік талқысына салынды. Сонда бір жұмысшы: «Шәкәрімнің малы тола ма?», – деген сұрақ қойды. Оған: «Малы толмаса? Басқа тармақтарға жататын адам. Ол болыс болған. Қажыға барған. Жалшы ұстаған, оның еңбегін қанаған. Алашордаға шілен, аға сұлтан болған Құнанбайдың немересі, бұл жағынан кәмпескеге толық жатады», – деді. Сонда тұрып сөйлеген жұмысшылар: «Шәкәрімнің бір адамға қастық қылды, арамдық жасады дегенін естігеміз де, көргеміз де жоқ, біз Шәкәрімді кәмпескеге жататын адам деп айта алмаймыз», – деді. Қанша жұмысшы сөйлесе де Шәкәрімнің адалдығын, халыққа қиянатсыздығын айтты» [6]. Міне, өстіп халықты қолдаса да Кеңес өкіметі оған қиянат жасады. Шәкәрім Құдайбердіұлы Абай таныған Ресейдің жер айдалған оқымыстыларымен де таныс еді. Соның бірі Е.П. Михаэлис болып табылады. Е.П. Михаэлистің қазақтарға қатысты ілтипатын С. Созақбаев былай жеткізеді: «Е.П. Михаэлис отнесился с глубокой любовью к абorigенам края, досконально изучил их быт и нравы. Часто по служебным делам он бывал в Казахских аулах, посредничал между враждующими партиями, вел переписку с туземной администрацией, а также со своими друзьями – казахами, которых у него было немало» [7].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірінде кеш білім қуып қалғандығын бала-шағасына білім беруді басынан қолына алмағандығына өкініп, оны мынандай өлең сөздеріне қосады:

«Жас өтті тынымсыз, өнерсіз, ғылымсыз,
Надандық жолымен, кеттім-ау білімсіз.
Оқыптай баламды, о да өсті тиюсыз.
Ойламай шамады, алды артым жиюсыз.
Бак қайда қисынсыз, бос тілек сиымсыз.
Қазақ та қажытты, күнім жоқ жиынсыз.
Бір жол бар келгісіз, қайта өмір көргісіз.
Ізім жоқ, түзім жоқ, өтті-ау белгісіз.
Қазағым-жолдасым, қаламым-сырласым.
Өлген соң белгілі, қайта келіп тұрмасым.
Тіл сорлы жырласым, бекерге тұрмасым.
Алдымнан жарылғап, алла кәр қылмасым.
Ел анау, ағайын, татуым қимасым.
Надандық жаман ғой, оқыған адам ғой.
Ізденіп көріңіз, ғылымды заман ғой.
Насихан тегін ғой, салулы егін ғой.

Еңбек қыл ерінбе, араздық кетпін қой.
 Ғылым бір кенің ғой, ауырсаң емің ғой.
 Бөріне жетеді, таусылмас көңілің ғой.
 Мен қайғы жедім ғой қашы өгтім дедім ғой.
 Қазағым, қам ойлан, сенде адам едің ғой» [8].
 Осының өзінде де, ақын қырық жасынан кейін бүкіл өмірін жазу-сызуға қалдырып, талай өлең-дастандарын арнап кетті.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлімі қайғылы өлім болғандығын барлығымыз жақсы білеміз. Қазақ елін жайлаған асыра сілтеу оны да сырт қалдырмаған. Ақыры мемлекеттік саяси басқарманың өкілдері ақынды 1931 жылы 2 қазан күні өз жұмысымен оңаша үйінен ауданға бет алып келе жатқан жолда атып өлтірді. Қарулы тобымен бандыларды іздестіріп жүрген олар бұған солармен байланысты деген айып тағады. Шәкәрім Құдайбердіұлының денесі ақтап көмілмей көпке дейін жатқандығы белгілі. Оны тек қана 1960 жылдарда ғана тауып, көмген болатын. Баласының естелігінде бұл оқиға былай баяндалады: «... 1961 жылы, 22 июльде Бақанасқа бардым. 27 июльде әкем сүйегін тастаған құдықты жалғыз қазып, ол күні метрден аз-ақ артық қаза қалдым. Жаныма адам алмай, жалғыз қазған себебім: біреу болса, ол асығып сүйектің бір жерін сындырып алар деген ой келді.

28 июльде және қазып, барлық сүйегін түгел алдым. Тек, оқ бүлдірген екі сүйегі болды. Бірі – оң жақтағы тоқпақ жіліктің басын үзген. Екінші – атқан оқ төс сүйектің ортасынан өтіп, оң жақ омыртқаның қанатын сындырған.

Кейбір сүйектерін өлшем алдым.

Бас шеңбері – 53 сантиметр,

Мандай кара құсқа дейін – 31 сантиметр.

Құлақ-шеке арасы – 30 сантиметр

Ортан жілік – 43 сантиметр

Жіліншік – 46 сантиметр

Жамбас – 26 сантиметр

Бастың биіктігі – 19 сантиметр.

Әрине, осы өлшеулер дәл-дәл деп айту қиын. Мен алған өлшеумен өлшемем де, дұрыс болмауы мүмкін. Әкей өте ұзын адам болатын.

Сүйегін ауданға алып келдік. 7 августа қабірі қазылды. 8 августа Абай зиратының қасына жерленді. 100-ден артық адам қатысты. Жетісі де берілді. Ел жабдығына алты қой, 240 сом шығарды. «Абай» совхозы мен аудан басындағылар түгел жиналды, басқа совхоздардан да келгендер болды. Аудан басшылары машина және қажет

нәрселерді бергізді. Жаңа өліктен де артық болды деуге болағандай. Сүйек келгенде жыламаған жан болмады. Көздерінің жасымен бірге қуаныштары да байқалды. Жаназасына қарт аталар, аналар түгел кірді. Семейде дұға өткіз деп екі қой, 70 сом берді» [9].

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлімін Зият Шәкірімұлы былай өлеңге қосады:

«Қажы еді әкем кәрі шал,

Жетпіс үште жасы бар.

Анық жеміс алғанда,

Шөлдеген жанға бал еді.

Сүйегі қалды қиырда-ай,

Басыңа халқың жиналмай.

Туысқан, бауыр балаңнан

Топырақ қолдан бұйырмай,

Алланың пұлдан қағазын,

Өзгермей өткен сабазым,

Міндетін танып жөн көрген

Ораза, зекет, намазы,

Бейсембі күні өгтін бе?

Шейтгіткік жолға кеттін бе?

Айрылман деген әкекем

Шынымен тастап кеттін бе?» [10].

Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ даласында саяси тұрақсыздық белең алған кезеңде өмірге келген. Ел үшін еңбек еткен, халқының қамын жеген өз заманының ірі, саяси тұңғасы болып табылады. Шәкәрім Құдайбердіұлының саяси қайрақтерлік кезеңдерінің шырдалуы, мынандай белестерден өтеді. Балалық және бозбалалық шағы 20 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Ал, екінші кезең ел ісіне арласып би, болыс болған кезең, яғни 20–40 уақыт дейінгі жас аралығын қамтиды. Үшінші кезең, 40-тан өмірінің соңына дейінгі аралықты алып жатыр. Бұл уақытта Шәкәрім саяси-құқықтық ой-тұжырымдарын, толғамдарын тудырып, жемісті қызмет атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Есім Ф. Поэт мечтал об этом дне, верил, что час свободы наступит // www.inform.kz.

Әлихан Бөкейханов және «Қазақ» газеті

Жандос ҚҰМҒАНБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Тарих, археология және этнология
факультетінің PhD докторанты

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құрғанымызда ел қамын ойлап, сол жолда өздерінің саналы ғұмырын құрбан еткен азаматтардың шынайы ғұмырларын тереңдей зерттеу тек тарихшы ғалымдар ғана емес басқада ғылым саласындағы ғалымдарымыздың атқарған еңбектері жетерлік. Айтар болсақ филология, журналистика тағыда басқа салалардағы зерттеушілердің еңбектерінде көреміз. Сондай зерттеу үстінде жылдан жылға тың деректермен мәліметтер қатарынан шетелдік, отандық архив мұрағаттарынан табылып жатқан деректерде Алаш зиялылары қызметінің алатын орны ерекше.

Солардың ішінде әліде тың деректерді қажет ететін және қолда бар деректерді деректанулық талдаудан өткізетін Алаш өкіметінің басшысы Ә. Бөкейханов туралы ғылыми зерттеулер молынан керек етеді. Бұл мәселе ұлт көсемі Ә. Бөкейханов туралы ғылыми зерттеулер қаралмай жатыр деген ойымыз емес табылған деректерді дұрыс, өз орнына пайдаланып нақтырақ жетілдіру әлі де болса азырақ. Жалпы тақырыбымызда аталғандай XX ғасырдың алғашқы ширегінде басылып тұрған сол кезеңдегі мерзімді басылымдардың бірі «Қазақ» газеті бізге Ә. Бөкейхановтың қызметі туралы нақты мәліметтер беретіні анық. Олай дейтініміз «Қазақ» газеті Ә. Бөкейхановтың тікелей араласуымен өмірге келгені баршамызға белгілі. Негізінен келгенде Ә. Бөкейхановтың қызметі туралы зерттеулер жүргізгенде әртүрлі басылымдағы ұлт көсемінің мақалаларына көңіл бөлсек зерттеуіміздің оңтайлы шығатыны анық.

Зерттеушілердің пайымдауынша Ә. Бөкейхановтың мыңға жуық мақала мен очерктер және тағы да басқа туындылардан тұратын

2. Күмісбаев Ә. Шөкерім және шығыс әдебиеті // Шөкерімтану мәселелері. – Семей–Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – Т. 1. – 171 б.
3. Мағауин М. Ақын, тарихшы, философ // Шөкерімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Атамекен серия. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 1. – 5–49 бб.
4. Құдайбердіұлы Ш. Ардақты Сәбит бауырым // Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Роман, қара сөздер, мақалалар, аудармалар. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – Т. 2. – 313–314 бб.
5. Сары Арқа. – 18 наурыз, 1918.
6. Шөкерімұлы А. Менің әкем, халық ұлы – Шөкерім // Шөкерімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Атамекен серия. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 1. – 145–242 бб.
7. Созақбаев С. Общественно-политическая деятельность сыльных-воспитанников Петербургского университета в Казахстане // Известия АН КазССР, серия общественных наук. – №3, 1984. – С. 71–73.
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ нем хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан-Сана, 1991. – 80 б.
9. Шөкерімұлы А. Менің әкем, халық ұлы–Шөкерім // Шөкерімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Атамекен серия. – Алматы: Раритет, 2007. – Т. 1. – 145–242 бб.
10. Ізтілеуова С. Зият Шөкерімұлы. – Алматы: Инжу-Маржан, 2008. – 160 б.

ғылыми публицистикалар 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін және одан кейінгі 1927 жылға дейін 50-ден астам қазақ және орыс газет-журналдарында, төңкеріске дейін ғана 30-ға жуық қазақ-орыс басылымдарында жарық көрген. Ө. Бөкейхановтың қаламынан туып, түрлі мерзімді басылымдарда жарық көрген туындыларының географиясы да қазіргі кең байтақ Еуразия кеңістігін қамтиді. Оның ең алғашқы бір топ мақаласы 1889 жылғы Дала генерал-губернаторының ресми үнқағазы ретінде Омбыда шығып тұрған «Особые прибавления къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетінің қазақша қосымшасы «Дала уәлаятының газетінен» [1] көрінсе, көп ұзамай оның түрлі бүркеншік есімі көрсетілген туындыларын 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан бүлігіне дейінгі бір Омбының ғана «Степной край», «Степной пионер», «Омичъ» «Иртышъ», «Голосъ степей», «Семейдің «Семеипалатинские областные ведомости», «Семишпалатинский листокъ», [2] Ташкенттің «Туркестанские ведомости», [3] Орынбордың «Қазақ» газеті [4] мен қазақтың тұңғыш «Айқап» журналынан [5], Петербордың «Речь», «Сынъ отечества», [6] «Наша жизнь», «Слово», «Восточное обозрение», Ресей мұсылмандарының «Въ мире мусулманства», «Мусульманская газета» [7] басылымдарынан және тағыда басқа журналдар беттерінде жарық көрген.

Ө. Бөкейхановтың басылымдарда басылған мақалаларында өз аты тікелей бермей бүркеншік есімдермен берілгендігін атап өтілгенді. Ол зерттеуші ғалымдар зерттеулерінде мынадай есімдер Ө. Бөкейхановтың бүркеншік есімдермен мақала бергенін байқаймыз. «Қыр ұлы», «Қыр баласы», «Ғали хан», «Әлихан», «Ғ.Б», «Ө.Б», «Арыс ұлы», «Түрік баласы», «Қалмақбай» [8] бұл аталған есімдер қазақша басылған мақалаларда кездесе орыс басылымдарында бұдан асып түсетіндігін мерзімді басылымдардан байқауға болады. Аталған газеттердің ішінде Ө. Бөкейхановтың өмірдегі атқарған қызметінен мол деректер беретін «Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газеті, 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. 1913 жылы №1–44 (ақпан–желтоқсан), 1914 жылы №45–92 (қаңтар–желтоқсан), 1915 жылы №93–163 (қаңтар–желтоқсан), 1916 жылы №164–211 (қаңтар–желтоқсан), 1917 жылы №212–257 (қаңтар–желтоқсан), 1918 жылы № 258–265 (қаңтар–қыркүйек). Таралымы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен [9].

Тарихшы ғалым М. Қойгелдиевтің айтуынша «Қазақ» газетінің материалдары екі тұрғыдан құнды деп мәлімдеді. Біріншіден газет материалдары ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы

қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үрдістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті деп көрсетеді [10]. Тарихшы-ғалым М. Қойгелдиевтің түйіндеуінше отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы ұлт зиялылары жүргізген азаматты күрестің негізгі идеялық бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ» материалдарымен мейлінше тура түсіну, әрине, мүмкін емес деген қорытындымен айғақтаған еді «Алаш қозғалысы» [11] еңбегінде. Бұл жерде байқағанымыздай Алаш өкіметіне «Қазақ» газетінің тікелей қызмет еткенін еш даусыз байқаймыз, яғни Алаш өкіметінің басшысы Ө. Бөкейхановтың негізгі көзқарастары «Қазақ» газетінде еркін жазылғанына еш күмән келтіре алмаймыз. Аталған «Қазақ» газеті тәуелсіз газет екендігіне көз жеткізуге әбден болады.

Қазақ газетіне келер болсақ бірінші редакторы А. Байтұрсынов, екінші редакторы М. Дулатов, бастырушы «Азамат» серіктігі Хұсайнов–Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Ж. Жәнібеков «Қазақ» газетінің бес жыл бойы 265 нөмірі жарық көрген, қазіргі өлшеммен алсақ бұл тым аз. Бірақ, сол замандағы қалыптасқан ахуал тұрғысынан бағаласақ, отарлық езгідегі елде, отаршылдардың көз алдында, жария түрде тәуелсіздік идеясын насихаттайтын газетті бес жыл бойы шығарып тұру үлкен ерлік болатын. 1917 жылы желтоқсанда Орынборда өткен ІІ жалпықазақ съезі қарар қабылдап, Алашорда өкіметін құрғанда 15 мүшесіне Алашорда өкіметінің ыстық-суығына күйген А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың кірмеуінің негізгі себебі үкіметті сайлауда оның кәсіби деңгейі бірінші кезекте тұрса, тағы бір себебі олар о бастан ағарту ісімен қатар «Қазақ» газетінде редакторлық қызметте отырғандығыда болар. Әрине Алаш өкіметі құрылғанда олар 15 мүшелікке кірмей қалғанымен А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтар далада қалған жоқ, білім комиссиясы құрылып, оны А. Байтұрсынов басқарды. Кейіннен А. Байтұрсынов оқу-білім министрі болды.

Ғалым-тарихшы М. Қойгелдиевтің мұрағат деректерінен алған материалдары бойынша Орынбор губернаторының 1913 жылы 5 қаңтардағы жоғары баспасөз басқармасына берілген бұйрығында Торғай облысы, Қызылшөңгел болысы, 8-ауылдың қазағы М.А. Оразаявқа және Торғай уезі, Тосын болысы, 5-ауылдың қазағы А. Байтұрсыновқа Орынбор қаласында қазақ тілінде апта-

ғылыми публицистикалар 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін және одан кейінгі 1927 жылға дейін 50-ден астам қазақ және орыс газет-журналдарында, төңкеріске дейін ғана 30-ға жуық қазақ-орыс басылымдарында жарық көрген. Ө. Бөкейхановтың қаламынан туып, түрлі мерзімді басылымдарда жарық көрген туындыларының географиясы да қазіргі кең байтақ Еуразия кеңістігін қамтиді. Оның ең алғашқы бір топ мақаласы 1889 жылғы Дала генерал-губернаторының ресми үнқағазы ретінде Омбыда шығып тұрған «Особые прибавления къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетінің қазақша қосымшасы «Дала уәлаятының газетінен» [1] көрінсе, көп ұзамай оның түрлі бүркеншік есімі көрсетілген туындыларын 1917 жылғы Ақпан төңкерісі мен Қазан бүлігіне дейінгі бір Омбының ғана «Степной край», «Степной пионер», «Омичъ» «Иртышъ», «Голосъ степей», «Семейдің «Семеипалатинские областные ведомости», «Семишпалатинский листокъ», [2] Ташкенттің «Туркестанские ведомости», [3] Орынбордың «Қазақ» газеті [4] мен қазақтың тұңғыш «Айқап» журналынан [5], Петербордың «Речь», «Сынъ отечества», [6] «Наша жизнь», «Слово», «Восточное обозрение», Ресей мұсылмандарының «Въ мире мусулманства», «Мусульманская газета» [7] басылымдарынан және тағыда басқа журналдар беттерінде жарық көрген.

сына бір рет шығатын «Қазақ» газетін төмендегі бағдарламамен: Үкімет тарапынан бұйрық-жарлықтар, ішкі және сыртқы хабарлар, қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы, этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері, экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, халық ағарту, мектеп-медресе, тіл және әдебиет мәселелері, тазалық, денсаулық және малдәрігерлік жайы, фельетондар, корреспонденциялар мен жеделхағтар, жергілікті хроника, суреттер, почталар (хағтар) және құлақтандырулар шығарып тұруға рұқсат берілгендігі жазылған [12].

Газеттің екінші редакторы қызметіне М. Дулаговты тағайындау туралы 1914 жылы 19 мамырдағы жоғарғы баспасөз басқармасының Орынбор губернаторына берген бұйрығында былай дейді: «Орынборда А. Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы қызметін атқаруға Торғай облысы Сарықопа болысы №1 ауылдың қазағы Мир-Якуб Дулагович Дулаговқа рұқсат беріледі [13].

Жалпы аталған «Қазақ» газетінде отаршылдық езгіге қарсы күрес жүргізудің әр түрлі жолдарымен жүріп ұлт зиялыларының жан жақты білім иелері екенін байқаймыз. Мәселен Ә. Бөкейхановтың қазақ қоғамының нағыз реформаторы екенін «Қазақ» газетінің 1913 жылы басылған «Қазақтың тарихы» мақаласында орыстың атты ғаскері қазақ атанғандықтан біздің қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарық ғадетіне ыңғайлы қылып «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы. Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы мекемеден шеткері болған әрбір істі орнында «қырғыз» деген жаңылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдану тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы (против течения) деген сөз емес, біз суды теріс ағызған атаның баласымыз [14] деген жолдардан байқағанымыз қазақтың атын қырғыз деп шағастырмауын қазақты өз алдына жеке халық екенін мерзімді баспасөз арқылы ұсынып отырғанынан-ақ көрініп тұр. Қазақтың жер мәселесіне байланысты «Қазақ» деген мақаласынанда «1913 жылы орыс қол астындағы қазақ саны 5 миллион 64 мың болады. Қазақ хәм қырғыз Шыңғысхан заманынан бері жеті жүз жыл шамасында 9 облыс жерінде жүріп тұрды. (Бұл жерде аталған 9 облыс Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Закаспи, Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқан облыстары) Қазақ жерінің шекарасы туралы

мәлімет беріп «бұл жердің көбі 10–20 жыл мұнан бұрын қазақ пайдасында еді, соңғы 10–15 жыл Торғай хәм Ақмола облыстарынан қазақ пайдасындағы жерден көп жер мұжық пайдасына кетті, 1908 жылға шейін мұжыққа қазақтан 4 миллион десятина артық еді, 1913 жылдағы есепте, 1906–1912 жылдарда қазақтан мұжыққа алынған жер 6 миллион десятина артық [15] дейді. Ә. Бөкейхановтың аталған мақаладағы алынған адам есебі 1910 жылы жарық көрген «Формы национального движения в современных государствах» [16] СПб кітабындағы мәліметтер бойынша жарияланған болатын. Сонда да байқағанымыз біріншіден қазақтың өз ата-бабасынан қалған жерінде шұрайлы жерлердің өз пайдасына іске аспай отаршылдыққа кеткенін меңзесе, екіншіден қазақ хәм қырғыз деген атуларға жеке тоқталып өткен. Газетіміздің үздіксіз шығуына байланысты сонымен қоса «қазақ» газетін қаржыландыру мәселесі алдыңғы орында тұрғандықтан Ә. Бөкейханов бұл мәселеде тікелей өзі араласқанын аңғаруға болады. «Қазақ» газетіндегі 1913 жылғы № 41 санындағы «Ұры тию» мақаласында. «Ұш жылдан бері «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр. Бұлардың екеуінің басындағы кісілер газета мен журнал ісіне оңашалап шықпай, басы басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр. Газетаға оңашаланып шығайын десе, салмақ газетаға түседі, оны көтеретін газетада салып отырған бұлардың сомалары жок. Байлар жомарттық қылмады деп қарап отыруға бола ма? Екінші жолмен іс жүргізуге ойлап тұрмыз. Қазақтың кесек сома шығарарлық байлары аз болғанымен аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарты азаматтары аз емес. Сондықтан «Азамат» серіктігін ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз» [17]. «Қазақ» газетінің шығарушы алқасының атынан берілген 1913 жылғы 1 санындағы құлақтандыруда: «Газетіміздің көп мақсатымыздың бірі – басқадан да алып, өзімізде барын жиып, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ, сондықтан қазақтың мақалалары, тақпақ сөздері, билердің шешендердің айтқан сөздері, басылған өлеңдер, қиссалар бәрі де қабыл алынады, басылмай қалған сөздер қайтарылмайды» [18] делінген. Яғни «Қазақ» газетінен тікелей XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі жан-жақты кең көлемде мағлұматтарды аталған газеттен көруге болады.

Жалпы алғанда Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіндегі мақалалары екі жүзге жуық ең түйінді деген мәселелеріне тоқталған. XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең

2. <http://www.azattyq.org/> Сұлтан Хан Аққұлұлы. Ө. Бөкейхан шығарған «Омичь» газеті табылды.
3. http://ru.wikipedia.org/wiki/Туркестанские_ведомости.
4. «Қазақ» газеті. Құрастырушылар: Ү. Сухамбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы, 1998.
5. Үшкелтай Сухамбердина. «Қазақ халқының атамұралары». – Алматы, 1999. – 93–247 бб.
6. <http://forum-eurasica.ru/>
7. <http://www.azattyq.org/>
8. «Қазақ» газеті. 1913 жылы ақпан – 1918 қыркүйек. Барлығы 265 саны басылған. Сонымен қоса мақалада айтылған Ө. Бөкейханов жарияланған барлық басылымдарда бүркеншік есімдермен жазылған.
9. Үшкелтай Сухамбердина. «Қазақ халқының атамұралары». – Алматы, 1999. – 93–247 бб.
10. Мәмбет Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. – I т. – Алматы, 2008. – 181 б.
11. Сонда, 181 б.
12. Сонда, 187–188 бб. (Бұл жерде келтірілген мұрағат дерегі) ООММ. 21–қ., 9–т 4–іс. 68, 70–п.
13. Сонда, 187–188 бб. (Бұл жерде келтірілген мұрағат дерегі) ООММ. 21–қ., 9–т 4–іс. 68, 70–п
14. «Қазақ» газеті, 1913.
15. Сонда, Қыр баласы. «Қазақ» – №8, 1913.
16. Букейханов А. Киргизы – Формы национального движения в современных государствах. Под ред. А.И. Костелянского. – СПб., 1910.
17. «Қазақ» газеті, Қыр баласы. Ұры тию. – №41, 1913.
18. Сонда, Құрметті оқушылар. Ішкі хабарлар. – №1, 1913.
19. Сонда, «Алаш» партиясының программасының жобасы. – №251, 1917.
20. Сонда, Қыр баласы. Қалқаман – Мамыр (Шөкәрім). – №221, 1915.
21. Сонда, Қыр баласы. «Түрік, қырғыз, қазақ нем хандар шежіресі». Шөкәрім Құдайбердіұлы. – № 12, 1913.
22. Сонда, Қыр баласы. «Қара қыпшақ Қобыланды». – №126–129, 1915.

түйінділеріне, қазақ шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежірге арналған мақалалары жарияланған. 1917 жылғы 21 қарашадағы санында Ө. Бөкейхановтың басшылығымен құрылған «Алаш» партиясы программасының жобасы [19] «Қазақ» газеті арқылы бізге жеткен құнды дерек екендігін мойындаймыз.

Ө. Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде басылған сын мақалаларында мол тарихи-этнографиялық мәліметтер бар. Шөкәрім Құдайбердиевтің 1912 жылғы жарық көрген кітабы, «Қалқаман – Мамыр» туралы сын мақаласы газеттің 1915 жылғы 121-санында жарияланған [20]. Сондай-ақ Шөкәрім Құдайбердиевтің «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» атты кітабына газеттің 1913 жылғы 12- санында [21] мақала арнайды. Бұл мақалада қазақ елінің тарихы, шыққан тегі туралы құнды деректер молшылық. 1914 жылғы орынборда «Үміт» баспасынан жарық көрген «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» кітабына сын мақаласын газеттің 1915 жылғы 126–129 сандарында [22] жариялайды. Осы мақалада Ө. Бөкейханов Абай өлеңдеріне, Шөкәрім Құдайбердиевтің «Шежіресіне» Шоқан Уалихановтың ғылыми еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың көркемдігі туралы, тарихы туралы көптеген құнды мәліметтер келтіреді.

Қорыта келгенде «Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды және ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйтқы болған да осы газет. Бірақ іс жүзінде мүлде басқа принципті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды. Алайда қиын қыстау заманда «Қазақ» газеті өз міндетін атқарды. Және де орта және жоғарғы білімді қазақ зиялыларының басым көпшілігі «Қазаққа» ерді, Ө. Бөкейханов «Қазақтың» басты жетекшісі болып өз нәтижесінде жүргізе алды. Қазақ газетінде қалыптасқан ағартушылықпен бірге қазақ ұлтшылдығы да өмірге келді. Аталған қазақ ұлтшылдығының қалыптасуы да – XX ғасырдың басында қазақ ұлтының дұрыс даму жолында түскендігін көрсетісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Үшкелтай Сухамбердина. «Қазақ халқының атамұралары». – Алматы, 1999. – 28–46 бб.

Қоғам өмірінің өлшемін айқындаған

Жумабек КЕНЖАЛИН,
«Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры –
Редакторлар кеңесінің төрағасы,
саяси ғылымдарының кандидаты

Қазақстанның саяси ғылымының көкжиегін кеңіту бағытында тағы бір нақты қадам жасалды. Еліміздің көрнекті саясаттанушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаров «Саясаттану негіздері» деп аталатын қос томдық туындысын оқырман қауымға ұсынды. Есімі кең байтақ республикамыздан тысқары жерлерге де кеңінен мәлім ғалымның бұл еңбегі шын мәнінде отандық саясаттану ғылымы үшін елеулі табыс болды.

Жарты ғасырдан астам уақыттан бері ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысып келе жатқан ұстаздың «Қарасай» бапасынан шыққан жаңа кітабы, негізінен, сүбелі зерттеудің, жылдар бойғы қажырлы ізденіспен тынақты еңбектің жемісі деу орынды. Сондай-ақ оның

шәкірттер алдында оқыған дерістерінің, халықаралық және республикалық конференцияларда жасаған баяндамаларының, саяси пікірталас алаңдарында сөйлеген сөздерінің, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалаларының желісінде әзірленген материалдардың да кітап мазмұнын арттыра түскенін баса айту ләзім болмақ. Олардың бәрі қайта бір сүзгіден өткізіліп, ғылыми танымдық тұрғыдан қорытылып, бүгінгі оқырман қауымының талғам-таразысына сай даярланып жазылған.

Еліміздегі саясаттану ғылымының қаз тұрып, қадам басуына айрықша үлес қосып келе жатқан ғалымның қаламынан отыз төрт монография, оқу құралдары бес жүзден астам мақала туса, солардың бәрі дерлік қазіргі таңда ғылыми айналымда жүрген еңбектер деп атап айтуға болады. Сондықтан да болар әріптестері мен тұстастары,

шәкірттері Раушанбек Боранбайұлын тәуелсіз еліміздің саяси ғылымдарының негізін салушылардың бірі, сонымен қатар этносаясаттанудың, салыстырмалы саясаттанудың іргетасын қалаушы деп әділ бағалайды. Өйткені, оның қаламынан туған ғылыми еңбектердің бірсыпырасы шет ел ғалымдарына етене таныс. Республикадан тыс жерлерде жарияланып жатқан еңбектеріне, сүйекті мақалаларына ілтипат білдірген өзге ел оқымыстыларының лебіздері назар аудартарлық. Олардың ішінде Қазақстан саяси ғылымының игі тәжірибесі мысалында профессор Р. Әбсаттаров еңбектеріне сілтеме жасаған ғалымдар қатары көптеп саналады.

Ал оның тікелей басшылығымен, өзінің авторлығымен жасалған еліміздегі саясаттану пәні бойынша жасалған типтік бағдарламасының орны өз алдына бір бөлек. Бұл типтік бағдарлама еліміздегі арнаулы және жоғары оқу орындарында тиімді пайдаланылып жүргені баршаға аян.

Баршаға мәлім бір ақиқат бар: қоғамдық ой-санадағы жаңа көзқарастардың үстемдігінен болар бәлкім, екіншісі бірі қазір саясатпен, саясаттанумен айналысқысы келеді. Ниет, әрине, дұрыс. Ал бірақ ол үшін сол кісінің өзінің іштей дайындығы,

білімі мен білігі, бұл саладағы тәжірибесі керек қой. Саясаткерлік, саясаттанушылық адам бойында жылдар бойына қалыптасатын қасиет.

Қолымыздағы қос томдық туындыда автор мәселеге осы өлшем тұрғысынан келіп, көне замандардан бастау алған ғаламдық саяси ой тарихнамасын сүзгіден өткізеді. Әр кезеңнің өзіндік сипатына, ерекшеліктері мен мән-маңызын талдайды. Ғалым ғаламдық саяси ілім-білімнің кайнар көзінің басында болып, өркениеттің дамуына зор үлес қосқан білімпаздардың, әсіресе, Шығыс ғұламаларының еңбектеріне жан-жақты талдау жасайды. Олардан тағылым аларлық мәселелерге айрықша назар аударып, өзіндік ой қорытады, топшылайды. Сөйтіп, ол саясаттанушының да, саясаткердің де әп сәтте бірден пайда бола қалмайтындығын байыпты пікірімен қорытады, нақты тұжырым жасайды.

Ілкідегі осы мазмұндас оқулықтарда әлемдік, еуропаалық ғалымдардың еңбектеріне көбіне көнеп сілтеме жасалып, ежелгі қазақ топырағында туып өскен оқымыстылардың шығармашылығы ұмыт қалып жататыны шындық еді. Профессор Раушанбек Әбсаттаровтың бұл туындысында осы бір кемшіліктердің орнын толтыруға қыруар күш-жігер жұмсалған. Қазақ елінің

саяси ойын дамытуға үлес қосып, сол бағытта өмірін сарп еткен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов секілді қоғам қайраткерлерінің роліне лайықты баға беріледі. Сонымен қоса, жаңарған Қазақстанның саяси-әлеуметтік құрылысына үлес қосып жүрген азаматтардың еңбегі сарапталды.

Автор кітапқа жазылған алғысөзінде: «Саясаттану қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық білім беру жүйесінде көрнекті орын алады. Алайда, саясаттанудың көптеген проблемалары әлі де кең ауқымды зерттелмегенін атап өткен жөн» [1] дейді. Осы олқылықтың орнын толтыру бағытында профессор Раушанбек Әбсаттаровтың тікелей өз басы қарымды еңбек етіп, Қазақстан саяси ғылымының жаңа биіктерге көтерілуіне зор үлес қосып отырғанын атап айтуымыз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту керектігіне тоқтала келіп: «Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық» [2] деп атап көрсетті. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде «Саясаттану негіздері»

еңбегін жазу барысында автор, әсіресе, саясаттану курсын оқып үйренуші азаматқа қойылатын өлшемдер тұрғысынан пайымдайды. Оның ойынша, саясаттану оқу курсының міндеті студентке саяси ғылымының теориялық негіздерін беруден және дискуссиялық проблемаларын көрсетуден, негізгі категориялар мен ұғымдарды ғылыми жағынан ашудан және оны саяси тәжірибеден дұрыс хабардар етуге үйретуден, сол арқылы оны саяси өмірге белсенді араласуға даярлаудан тұрмақ.

Халық даналығы «Шайнап берген ас болмас» дейді. Сондықтан болуы керек, қазақ оқымыстысы Раушанбек Әбсаттаров та саясаттану ғылымының көптеген өзекжарды мәселелерін түбегейлі зерттей отырып, жас саясаттанушыларға немесе осы бағытқа бет алған азаматтарға саяси ғылымды меңгерудің негізгі жолы әрбір адамның өзіндік жұмыс жасауымен айқындалмақ дегенге ерекше екіпін бере айтады. Кітапты дендеп оқып қараған адамға мұнда саяси ғылымның сан тарау мәселелері біліктілікпен сарапталғаны айқын байқалады. Айталық, алғашқы томда ғалымның өзі түбегейлі зерттеген мәселелері он төрт тақырыпқа жүйеленіп бөлініп, оның әрқайсысы жеке-жеке тақырыпшалар арқылы және талданған.

Қиын Дәуір

Бір қарағанда, жалпыға таяныс тақырыптар болғанменен зерделеп келіп, оқыған жанға әр тақырыптың бүтінгі Қазақстан қоғамындағы мәселелермен тікелей үндесетіні анық. Айталық, «Саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар», «Саяси элита және саяси көсбасшылық», «Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі», «Саяси технологиялар» деген тақырыптар бойынша берілген материалдар кім-кімнің де болса қызығушылығын тудырады сөзсіз. Тақырыптарынан-ақ байқалып тұрғанындай, Қазақстан қоғамындағы өзекті мәселелермен ұштастырыла зерттелген проблемалар енді бірде әлемдік деңгейдегі мәселелер қойылысымен салыстырыла қарастырылатыны сәтті шыққан.

Бұл ретте автордың саяси терминология жасаудағы біліктілігі мәселенің мәнін терең зерттей білетін қабілет-қарымы айқын байқалады. Осы қасиет қаламгер зерттеуінің құндылығын арттырып отыр.

Қос томдық еңбектің екінші томының көтерер жүгі де осал еместігі байқалады. Осы томда бүгінде еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі ең өзекжарды болып отырған және оның күн құрғатпай талдап шешуін қажетсінетін тақырыптар топтас-тырылған. Айталық, «Әлеуметтік-этникалық қауымдастық-

тыр және ұлт саясаты», «Саяси оппозиция», «Саяси жанжалдар және оларды шешу жолдары», «Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік», «Саяси маркетинг», «Саяси басқару» деген тақырыптардағы ой-орамдары автордың мәселені егжей-тегжейлі қарастыра білетін қолтаңбасының айқын дәлелі болса керек.

Мәселен, «Саяси оппозиция» тақырыбы бойынша берілген зерттеуінде автор оппозицияның шығу тегі мен оның табиғатына терең үніледі. Сөйтіп, оның түр-түрін жіліктеп шағып, қоғам өмірінің прогрессивті дамуына қаншалықты ықпал ететіндігін, я болмаса оны тоқырауға әкелетіндігін салыстырмалы түрде талдайды. Бұл, міне, ғалымның өзіндік қолтаңбасын айқындайтын ерекшелігі. Осы стиль автордың «Саяси жанжалдар және оларды шешу жолдары» деп аталатын тақырыптағы зерттеуіне де тән. Немесе оның саяси мәдениет туралы толғамдарын тұщынып оқырыңыз хақ.

Біздің қоғамға не жетіспейді? Бір – үлкен сұрақ. Бір қарағанда төрт құбыламыз түгел сияқты. Іргеміз бүтін. Шауашылығымыз орайласа жүріп жатыр. Бай елміз, бағлан елміз деп бөркімізді аспанға атудан кенде емеспіз. Ал бірақ бүгінгімізден ертеңімізді нұрлы

етуге кедергі келтіріп тұрған жәйттер бар. Ол – елді індеттей жайлаған сыбайлас жемқорлық. Соның дені іс басында отырған портфель иелерінен болып отыр. Соңғы бірер жылдағы газет-журнал беттерін қарап отырсаңыз қазына қаржысына қол сұққан ығай мен сығайлар. Осы тұста өзіміз әңгімеге тиек етіп отырған саясат пен адамгершілік болмыстың мәселелері бой көрсетеді. Саяси мәдениеттің жекелеген тұлғалар жұмырында қалай-қалай жұтылатынын осы жерден аңғаруға болады. Профессор Р.Әбсаттаровтың бұл тақырыптың тініне бойлауы біздің осы ойымызбен үндес шыққаны қуантады.

Осы екінші томда автордың бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттары мен ой-

толғамдары орын алған. Сондай-ақ саясаттану пәні бойынша қосымша тесттердің сұрақтары мен жауаптары да топтастырылған.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Еуразия елдерінің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес әзірленген бұл еңбек қай жағынан алып қарағанда да еліміздің саясаттану ғылымының сүбелі бір табысы болып есептеледі. Өзінің бүкіл саналы өмірін білім, ғылым саласына арнап, жас ұрпақты жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеуге зор үлес қосып келе жатқан белгілі саясаттанушы ғалым Раушанбек Әбсаттаровтың бұл төл-тумасы қай өлшеммен алып қарасаңыз да өз биігінен көрінетін еңбек болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбсаттаров Р. Саясаттану негіздері. – А., Қарасай, 2011. – 4 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Кешбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы // Ана тілі. – №6, 2–8 ақпан, 2012 ж.

Түйіндеме

Завтрашний успех страны – в образовании и науке

Нурлан Сейдин – заведующий отделом социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук

Статья посвящена Посланию Президента РК Н.А. Назарбаева «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» народу Казахстана, озвученному 27.01.2012 г., и перспективам реализации этой стратегической программы.

Future Achievements of Nation: Education and Science

Nurlan Seydin, Department Head, Department of Social and Political Studies, KazISS under President of RK, Candidate of Science (History)

The paper is devoted to the Address of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the Nation on “Socio-economic modernization as the main vector of development” made on January 27, 2012. The paper focuses on the prospects for implementation of this strategic program.

После СССР: от СНГ к Евразийскому союзу

Геннадий Чуфрин – главный научный сотрудник ИМЭМО РАН, член-корреспондент РАН, доктор экономических наук, профессор

Статья посвящена интеграционным процессам на постсоветском пространстве. По мнению автора, на постсоветском пространстве спустя 20 лет после распада СССР сложились объективные предпосылки для формирования отношений тесного межгосударственного сотрудничества, стержнем которых являются именно экономические интеграционные процессы и связанные с ними проекты, одним из которых призван стать Евразийский союз.

After the USSR, from the CIS to the Eurasian Union

Gennady Chufirin, Chief Research Fellow, Institute of World Economy and International Relations, Russian Academy of Science, Corresponding Member of RAS, Doctor of Economics, Professor

The paper is focused on integration processes in the former Soviet Union. According to the author, 20 years after the collapse of the USSR there have been objective prerequisites

for closer relationship and cooperation among the independent states of the former Soviet Union. The integration is based on economic processes and related projects. The author examines the case of the Eurasian Union.

Французская государственная служба и французская модель подготовки государственных служащих

Абилазиз Исаяев – доцент Института государственного и местного управления, кандидат политических наук

Статья посвящена особенностям государственной службы и подготовки кадров во Французской Республике. Если рассмотреть основные источники французской модели государственной службы, то она определяется как сообщество граждан, служащих в учреждениях местного и центрального управления.

Public Service in France and French Model of Training of Public Service Officers

Abilaziz Isayev, Associate Professor, Institute of State and Local Government, Candidate of Political Science

The article considers the peculiarities of the public service and training in the Republic of France. The major focus is on the main source of French model of public service as it is defined as a community of citizens, civil servants employed in the institutions of local and central government.

Самоидентификация народа Казахстана в разрезе языковых ценностей

Жазира Куанышбаева – PhD докторант КазНПУ им. Абая

В данной статье рассматривается самоидентификация языковых ценностей народа Казахстана. В многонациональном обществе Казахстана языковая идентичность меняется с развитием общества.

Self-identification of People of Kazakhstan in Context of Linguistic Values

Zhazira Kuanyshbayeva, Doctoral Student, Abay Kazakh National Pedagogical University

The article discusses the identity process through development of the linguistic values of the people of Kazakhstan. Within a multicultural nation of Kazakhstan, linguistic identity is changing with development of society.

Методы оформления кредита для проектов

Нуржан Альжанова – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат физико-математических наук

Динамичное развитие частного бизнеса и в целом экономики Казахстана требует от предпринимателей современных и оперативных мероприятий по финансированию и пополнению оборотных капиталов. В статье рассматриваются методы оформления и пути получения банковских кредитов.

Obtaining of Credit for Project Development

Nurzhan Alzhanova, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Science (Physics and Mathematics)

Economy of Kazakhstan is dynamically developing and it requires more from the domestic private business in terms of acquiring funding and working capitals. The article describes the possible strategies to obtain bank loans.

Пути совершенствования политики кредитования коммерческих банков Республики Казахстан на современном этапе

Сакен Абдибеков – заведующий кафедрой «Финансы» ЖГУ им. И. Жансугурова, доцент, кандидат экономических наук Айгерим Турысбекова – магистрант кафедры «Финансы» ЖГУ им. И. Жансугурова

Кредитные операции банка являются одним из основных критериев, отличающих его от других не банковских организаций. В статье рассматриваются основные тенденции в сфере кредитования и пути совершенствования политики кредитования коммерческих банков Республики Казахстан на современном этапе.

Improved Policies of Commercial Banks Crediting in Contemporary Kazakhstan

Saken Abdibekov, Head of Department of Finance, Zhansugurov Zhetysu State University, Associate Professor, Candidate of Economics Aigerim Turysbekova, Graduate Student, Department of Finance, Zhansugurov Zhetysu State University

Lending operations performed by banks are one of the main criteria that distinguish them from other non-banking institutions. The article discusses the major trends in crediting policies and the ways of their improvement in the Republic of Kazakhstan at the present stage of its economic development.

Юрта – жилище казахского народа

Алия Исаяева – доцент Казахского государственного женского педагогического университета, кандидат исторических наук Гүлбану Мажитова – студентка 2-го курса Казахского государственного женского педагогического университета

Статья посвящена особенностям жилища казахов – юрты. В связи с погодно-климатическими условиями и народно-хозяйственной деятельностью казахская юрта имеет свои специфические особенности. Авторы приводят основные компоненты юрты и сравнивают с другими аналогами юрт азиатских народов.

Yurts: Houses of the Kazakhs

Alia Isayeva, Associate Professor, Kazakh State Women Pedagogical University, Candidate of Science (History) Gulbanu Mazhitova, Undergraduate Student, Kazakh State Women Pedagogical University

The article gives characteristics of the yurt as a principle type of Kazakh dwelling. Due to weather and climatic conditions and the nature of traditional economy, Kazakh

yurt has been developing throughout the history and acquired certain features. The authors provide the result of the comparative analysis of the traditional Kazakh yurt and that of other Asian nations.

Турар Рыскулов и Московский институт востоковедения
Ордалы Конратбаев – доцент Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, кандидат исторических наук

Статья посвящена видному обществу и государственному деятелю Т. Рыскулову, который, занимая должность заместителя народного комиссара по делам национальностей РСФСР, внес неоценимый вклад в формирование Московского института востоковедения. На основе ранее неизвестных архивных документов разносторонне исследована деятельность Т. Рыскулова, который, будучи председателем особой комиссии, способствовал скорому и эффективному разрешению сложных вопросов, связанных с уставом и правилами, управлением и педагогическим составом, учебным планом, составом преподавателей, библиотекой, финансовым положением, материальной базой и студенческим общежитием Московского института востоковедения. Также в статье освещается вклад Т. Рыскулова в организацию дела приема тюрко-мусульманской молодежи в Московский институт востоковедения. В 1922/1923 учебном году, занимая пост председателя Приемной комиссии, Т. Рыскулов добивался приема на учебу в указанный вуз уроженцев Казахской и Туркестанской республик.

Turar Ryskulov and Moscow Institute of Oriental Studies
Ordaly Konratbaev, Associate Professor, Institute of Masters and PhD Programs, Abay Kazakh National Pedagogical University, Candidate of History

The article provides the analysis of activity of an outstanding public figure T. Ryskulov who, being the assistant to the Commissioner on National Affairs of the RSFSR, contributed to formation of Moscow Institute of Oriental Studies. The article is based on new the archival documents that have not been used in historical studies earlier. T. Ryskulov, being the chairman of the special commission, promoted the work on the rules, management, curriculum; he played a significant role in development of the Academic Affairs Council, the structure of the Institute, its library, material resources. The role of T. Ryskulov is particularly worth special studies because he facilitated admission of Muslim students from Turk-speaking regions to the Moscow Institute of Oriental Studies. In 1922–1923, during his chairmanship in the Examination Committee, great numbers of students from the Kazakh and Turkestan republics had an opportunity to enter the Institute.

Деятельность профильных организаций по документационному обеспечению в РФ

Бибигуль Шинтаева – магистрант факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби

В статье всесторонне рассматриваются вопросы деятельности Российского общества историков-архивистов (РОИА) и Всероссийского научно-исследовательского института документоведения и архивного дела (ВНИИДАД) по документационному обеспечению в РФ.

Қағам Дәуір

ционному обеспечению управления Российской Федерацией и их роль в развитии данной сферы.

Contribution of Professional Organizations into Record Keeping and Document Management in the Russian Federation
Bibigul Shintaeva, Graduate Student, Department of History, Archeology and Ethnology, Al-Farabi Kazakh National University

The article gives the comprehensive analysis of the activities of the Russian Society of Historians and Archivists and the Russian Research Institute of Records Management and Archives in organization of document management and record keeping in the Russian Federation as these were the institutions contributed greatly in development of this sector.

История развития поэзии эпохи Тан
Алия Анипина – магистрант кафедры китаеведения КазНУ им. аль-Фараби

В этой статье рассматривается «золотой век» китайской поэзии, который наступил в период правления династии Тан. Величайшие поэты Китая творили именно в это время. Развитие Танской династии включает 4 эпохи. Они полностью исследованы в статье, а также творчество всех поэтов династии.

History of Tang Poetry
Alia Anipina, Graduate Student, Department of Chinese Studies, Al-Farabi Kazakh National University

The paper focuses upon the “golden age” of Chinese poetry (the reign of the Tang Dynasty) and considers the cultural contribution of the greatest poets of that time. The author studies the features of poetry of the four epochs of the Tang Dynasty having the works of all significant poets as the major source for the research.

Периоды активности политической деятельности Шакарима Кудайбердиулы

Перизат Шадыбекова – магистрант факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби

Шакарим Кудайбердиулы – известный политический деятель казахского народа, живший в 1858–1931 гг. Периоды его жизни как политического деятеля: время формирования его как политика – до 20 лет; деятельность как бия и волостного правителя – между 20–40 годами; становление его как политического мыслителя – между 40–73 годами.

Significant Periods in Shakarim Kudaiberdiuly's Biography as Political Thinker

Perizat Shadibekova, Postgraduate Student, Department of History, Archeology and Ethnology, Al-Farabi Kazakh National University

Shakarim Kudaiberdiuly (1858–1931) is well known for his significant contribution into political life of the Kazakhs. The paper provides the biographical facts of his life; the yearly years (from his childhood until early 20ies), his service as a magistrate (between

Қағам Дәуір

his mid 20ies until early 40ies) and establishment as a reputable and influential political scholar (since the mid 40ies until his death at the age of 73).

**Алихан Букейханов и газета «Казакх»
Жандос Кумганбаев – PhD докторант факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби**

В статье приводятся достоверные документальные источники газеты «Казакх», выходящей в г. Оренбурге с 1913 по 1918 г. В основе статей руководителя правительств «Алаш» А. Букейханова, размещенных в таких газетах, как «Дала уелаяті», «Степной край», «Степной пионер», «Омич», «Иртыш», «Голос степей» «Семипалатинские областные ведомости», «Семипалатинский листок», «Туркестанские ведомости», «Айкап», «Речь», «Сын отечества», «Наша жизнь», «Слово», «Восточное обозрение», «В мире мусульманства», издававшихся в конце 19-го и в начале 20-го века, лежат ценные сведения об истории Алаш-Ординской автономии.

**Alikhan Bukeykhanov and the «Kazakh» Newspaper
Zhandos Kumganbayev, PhD Doctoral Student, Department of History,
Al-Farabi Kazakh National University**

The paper deals with the articles of Alikhan Bokeykhanov, the leader of the Alash government in 1913–1918, published in the «Kazakh» newspaper issued in the city of Orenburg. These articles provide significant source of data for researchers studying the Alash movement and public activities of A. Bokeykhanov. Who was a reputable columnist and his material appeared in numerous newspapers in the end of the XIX and beginning of the XX centuries issued both in Kazakh and Russian languages, namely the «Dala Ualayati», «Stepnoy Kray», «Stepnoy Pioneer», «Omich», «Irtish», «Golos Stepey», «Semipalatinskie Oblastnye Vedomosti», «Semipalatinskiy Listok», «Turkestanskiye Vedomosti», «Aikap», «Rech», «Sin Otechestva», «Nasha Zhizn», «Slovo», «Vostochnoe Obozreniye», «V Mire Musulmanstva». The material presented by the author is very relevant for further study of the Alash-Orda Autonomy.

